

*Адамға екі нәрсе тірек тегі:  
Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі.*

**Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.**

# **ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ**

«Білім және  
Ғылым»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
республикалық  
ғылыми -  
педагогикалық  
журналы

*Казахский язык и литература  
в русской школе*

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
БАСЫЛЫМ

2001 жылдың  
қаңтар айынан  
бастап шығады

**11/2013 ҚАРАША**

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ

---

---

## **АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан  
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза  
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,  
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга  
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлпәш  
САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.*

## МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

### *Мұғалімдерге көмек*

Баянсұлу ӨТЕЖАНҚЫЗЫ.	Мемлекеттік тіл – қоғамдағы тұрақтылықты қалыптастыру құралы.....	3
Зәуреш МАХАДИЛ.	Қазақ тілі сабағында сөйлесім әрекетінің түрлерін тұтастық тұрғыда іске асыру – жеке тұлғаны дамыту тәсілі.....	9
Гүлсін ҚАРАБАЛИЕВА.	Оқушылардың шығарма жазу белсенділігі.....	18
Қама СМАДИЯРОВА.	Қазақ тілін модульдеп оқыту.....	24
Ақкенже ЕРМЕКБАЙ.	Музыка орталығының бала денсаулығының дамуына әсері.....	30

### *Тиімді әдіс – баршаға ортақ*

Гүлнәр ІЛДЕБАЕВА.	Қазақ тілін оқытуда көрнекілік әдісін қолданудың тиімділігі.....	35
-------------------	--	----

### *Мұғалім мінбесі*

Нағима МЕНДІБАЕВА.	Отбасы мен мектептің әріптестігі - тұлғаның табысты әлеуметтенуінің кепілі.....	38
--------------------	---	----

### *Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті*

Өрікбай АРЫНОВ.	Ата ақылы.....	43
Анарғұл МАРАТҚЫЗЫ.	Қазіргі шешендіктің түрлері.....	48

### *Қазақстан Тәуелсіздігі – қасиетті туымыз*

Айман СҰЛТАНОВА.	Ұлт бұғауды бұзған күн.....	52
Гүлнәр ҚАСЫМОВА.	Тәуелсіздік – аңсаған арман,	
Галина ҚОЖАНИЯЗОВА.	қол жеткен мұрат.....	62

### *Бір тақырыпқа екі мақала*

Динара ОРАЗБАЕВА.	Ахмет Байтұрсынұлы.....	68
Әлия ЖҰБАНЫШЕВА.	Ахмет Байтұрсынұлы.....	74

### *Бастауыш білім бағанасы*

Айгүл МАХМЕТОВА.	Дүкенде.....	83
Айгүл ТӨЛЕГЕНОВА.	Дыбыстар әлеміне саяхат.....	86
Бақыт СЕГІЗБАЕВА.	Тест сұрақтары.....	89

### *Әдістеме әлемінде: қазақ тілі*

Динара САДЫҚОВА.	Көмекші есімдердің Семей қаласы.....	93
Назгүл ЖАМПЕТОВА.	Мектеп асханасындағы сөйлесім.....	99
Гүлсім АХМЕТОВА.	Мақалға бай сыйлықтар.....	101

### *Интеграциялық сабақ*

Шәрбан САПАРҒАЛИҚЫЗЫ,	Мәтін арқылы грамматикалық сауаттылықты арттырған Астана.....	105
-----------------------	---	-----

### *Жадымызда – желтоқсан жаңғырығы*

Алмаш ОТАРБАЕВА,	«Қиылған қызғалдақ» тақырыбын ашқан тіл байлығы.....	110
Кейжегүл ҚАНШЫНБАЕВА.		

### *Классный час*

Шолпан ТАБЫНБАЕВА.	Құлтура и быт казахского народа.....	115
--------------------	--------------------------------------	-----

### *Сыныптан тыс тәрбие*

Айгүл ХАСЕНОВА.	«Әй, жарайсың!» сайысы.....	129
Жібек САНСЫЗБАЕВА.	XXI ғасыр көшбасшысы.....	133

### *Шәкірттер шабыт шағында*

Төрбек ЕРҒАБЫЛ.	Тұлпар мініп, ту ұстап.....	142
Нұрқанат ОЛЖАС.	Ақын рухын мойындау.....	143

## Мұғалімдерге көмек

Баянсұлу ӨТЕЖАНҚЫЗЫ,  
Атырау қаласындағы  
№15 Абай атындағы  
орта мектептің директоры.

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ҚОҒАМДАҒЫ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ

Адам белгілі бір қоғамда өмір сүреді, сол қоғамның материалдық және рухани байлығын жасаушысы болып табылады. Сол себепті олар үнемі қарым-қатынаста болады. Адамдардың өмір сүруінің тіршілігін жүзеге асыруының құралы – тіл. Адам – тілімен адам. Тіл – жеке адамның туындысы емес, қоғамның жемісі, қоғамның нәтижесі. Тіл – қоғамдағы адамдардың қарым-қатынас құралы. Сондықтан да тіл – қоғамдық құбылыс, қоғамдық қызметімен өмір сүретін құбылыс. Адамзат қоғамы даму, жетілу үстінде болады. Осы өзгерістердің бәрі тіл арқылы көрінеді, тіл арқылы басқаға жетеді.

Қазақстан – көп диаспоралы мемлекет. Көп диаспоралы мемлекет үшін мемлекеттік тіл қажет. Қазақстанның мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл – көп диаспоралы елдің барлық халқын саяси-мәдени бірлікке ұйымдастырудың басты ұйытқысы.

Мемлекеттік тіл – Қазақстан мемлекетінің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатындықтан, алға қойған міндеттердің ең шешуші жолдары көрсетілген салаларда жүйелі жұмыстың жүргізілуінде:



Тіл саясаты әлеуметтік фактор ретінде ұлттық мәселелерді шешуде белсенді рөл атқарады. Ал тілдің, тіл саясатының әлеуметтік факторы болуы қоғамның әр түрлі құрылымдарының жүйелі ұйымдастырылған әлеуметтік іс-қимылын білдіреді. Мысалы, бұл саладағы саясаттың


әлеуметтік мәніне және ерекшеліктеріне идеологияның ықпалы зор. Мемлекеттік тіл саясаты әр ұлттың ұлттық мүдделеріне, түрлі өмірлік мұқтаждықтарын орындау ісіне қызмет ете алады. Ол белгілі бір танымдық, идеологиялық, адамгершілік-эстетикалық мазмұндағы мақсатты іс-қимылды білдіреді. Сөйтіп, ол тұтас бір тұжырымдаманы айқындай отырып, тілге ықпал етеді, оның тағдырының бүгіні мен ертеңін анықтайды. Дұрыс жүргізілген ұлт саясаты, оның ішінде тіл саясаты әр түрлі тағдырмен өлшеуге айналған аз халықтардың жазу-сызуына ие болуына, әдеби тілдің қалыптасып, дамуына мүмкіндік жасайды. Міне, тіл саясатының әлеуметтік фактор болуы да – осында.

Ұлттық сана-сезімнің өсуі мен өшуі ана тілінің тағдырын анықтаса, екінші жағынан, ана тілінің даму дәрежесі ұлттық сана-сезім деңгейінің өлшеуі болып саналады. Ана тілі мен ұлттық сана-сезім өзара тығыз байланысты. Тіл мәселесін тек сөз бен сөйлемде дұрыс ұйымдастыра білуге ғана әкеліп тіреу жеткіліксіз. Тіл арқылы адам ойлауға дағдыланады. Диалектика ілімі ақиқатсыз, ақиқаттың адасушылықсыз болмайтындығын дәлелдеген. Осылардың бәрі тіл арқылы бейнеленеді. Тіл арқылы құбылыстарды білу – адамның ойлау қызметінің жемісі. Ой әлеміндегі ең ұлы жетістіктер тіл арқылы кездеседі. Ой мен тіл қоғамды өзгертуші күш бола алады.

Тіл өмір қажеттігінен туған, сондықтан ол өмір шындығын бейнелей алады. Дегенмен, ол консервативті әрі дамушы рөл атқарады. Олай болмаған жағдайда тілдің қоғамдық өмірдегі, қала берді ұлттық қатынастардағы рөлі нашар болар еді. Оны біз тарихи тәжірибеден көре аламыз.

Тіл арқылы көрініс беретін саяси идеялар мен мақсаттар өмірдің жай ғана бейнеленуі емес, ол сонымен қатар әр түрлі саяси факторлардың өмір шындығын өз ыңғайларына сай түсінуге және талдауға көмектесетін саяси құралдар мен әдістер қызметін де атқарады.

Халықты отансүйгіштік рухта тәрбиелеп, ұлттық топтасуға жетелейтін де – тіл. Тіл – нақтылы әлеуметтік өмір тәжірибесі бар адамдар қарым-қатынасының маңызды құралы, тарихи, мәдени, ғылыми, әдеби ақпараттарды жинақтау мен сақтаудың бай қоры және ұлттың басты белгісі ретінде қоғамдық ғылым саласының бір бөлігі бола отырып, ерекше жаңартушылық рөл атқарады. Аса көрнекті ғалым Ахмет Байтұрсынұлының сөзімен айтқанда, «тіл – құрал». Тілдің рухани мәдениетке де, заттық мәдениетке де қатысы бар.



Тіл – қандай да болмасын ұлттың, халықтың баға жетпес рухани қазынасы, ұлттық санамен байланысты мақтан тұтар ардақтысы. Сондықтан «тілден тілдің кем-

дігі жоқ» деген пікірдің ерекше мәні бар. Өйткені мұндай ой-пікірді зердесіне ұялата білген жан мәдениетсіздікке бармайды. Өз халқының қадір-қасиетін ұға білген жан ана тілін аяқ асты етпейді, өзге тілді де өзекке теппейді.

Біздің қоғамға ана тілін ардақтай білетін, оны қызғыштай қоритын жас жеткіншектер керек. Тіл мәдениеті үшін күрес – екінші бір тілді мұқату үшін күрес емес, ана тілінің қызмет өрісін кеңейту, оны білім мен тәрбие, таным-түсініктің мықты құралына айналдыру үшін күрес. Тілдің қоғамдық қызметі өрістегенде ғана ана тілінің көсегесі көгереді, дүние жүзіндегі дамыған тілдердің қатарынан орын алады. Ал тілдің сан алуан қоғамдық қызметіне тосқауыл қою, өрісін тарылту оның сөздік қоры, грамматикалық құрылымы, дыбыстық жүйесінің жұтаңдауына әкеп саяды. Бабы келмей, мұқалған, өткірлігінен, ажарынан айырылған мұндай құралдың әсте қарым-қатынас, таным-түсінік, білім-ғылымның құралы болу қызметі әлсірейді. Мұның салдары қоғамдық сананың төмендеуіне әкеліп саяды. Сондықтан да мәдениетті қоғам тіл үшін қам жеп, өзі пайдаланатын құралдың өткірленіп, ажарлана түсуіне жағдай жасап отырады.

Тіл мәдениеті үшін күрестің тағы бір өзекті, іргелі саласы – ғасырлар бойына қалыптасқан дәстүрлі норманы сақтай отырып, жаңа пайда болған ілгерішіл үрдісті тани білу, жаңа норманың орнығуына ықпал жасау.

Сөз мәдениеті – жеке адам мәдениетінің аса мәнді құрамдас бөлігінің бірі. Сөзді нормаға сай дұрыс, тиімді жұмсау, орынды қолдану «сөз сапасы» деген ұғыммен ұштасып жатады.

Әрбір тіл – өзінше әлем. Әрбір тіл – бізді қоршаған айналаның, ақиқат өмірдің өзінше қайталамасы. Әрбір

этнос өзінің тілі арқылы дүниені, ақиқатты өзінше таниды. Тілдік ұжым өзінің танып-білген нәрсесіне ғана ат қояды, оған деген сезім күйін білдіреді. Сондықтан ұлылы-кішілі тілдердің бәрінде өзді-өзіне тән логикалық, эстетикалық танымның, жаңалықтың белгілері мен іздері жатады. Бірақ тілдердің қоғамдағы орыны әр түрлі, әлеуметтік жағдайы әр басқа.

Әлемдегі әр түрлі тілдердің тілдік жағдаяты мен сол елдерде жүргізіліп отырған тіл саясатына назар аударар болсақ, қандай да бір тілдің өз Отанында, иә болмаса, басқа бір жерлерде өмір сүріп, дамуы, қолданылуы бірінші кезекте сол тілдің иелерінің өзінің туған тіліне көрсетіп отырған құрметіне тікелей байланысты екенін көреміз. Ол құрмет қалай, неден көрініс береді? Бұл мемлекеттің мемлекеттік яки ресми тілдің қоғамдық құқық қалпын қамтамасыз етіп, оның мәртебесін белгілеп, оған сол елдің әрбір азаматының адал болуынан басталса керек. Социолінгвист А.С.Пиголкин «Мемлекеттік тіл – мемлекеттік биліктің бұқарамен қарым-қатынас жасап, азаматтармен сөйлесетін тілі» дейді. Сондықтан, тіл – адамзат баласына тән аса бір ғажайып құбылыс. Белгілі бір тілдің пайда болып, құрылым-жүйесінің қалыптасып қызмет етуі үшін жүздеген, мыңдаған жыл қажет болса, ал оның із-түзсіз жоғалып кетуіне көп жылдың керегі жоқ.

Тілдің бәрі де – игілік, қоғами, адами құндылық. Тіл – адамзаттың адамдық белгісі. Кез келген тіл – қарым-қатынас жасауда жұмсалатын таңбалардың бірізді жүйесі. Осы тұрғыдан алғанда тілден тілдің еш кемдігі жоқ, терезесі тең.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Сөз мәдениеті». А., «Мектеп», 2006.
2. Тіл майданы. А., «Арыс», 2000.
3. «Қазақ тілі теориясының негіздері». А., «Ғылым», 2002.
4. Қазақ тілі (энциклопедия). А., «ГОК-ТИРО» редакциялық баспа орталығы. 1998.
5. «Қазақтар». IV том. А., 1998.
6. С.Қалиев, Б.Иманбекова. «Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұраларын оқу-тәрбие жүйесіне пайдалану». А., «Өлке», 2002.



Зәуреш МАХАДИЛ,  
«Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ  
Павлодар облысы бойынша педагог қызметкерлердің  
біліктілігін арттыру институтының инновациялық  
технологиялар және ғылыми-жаратылыстану  
(гуманитарлық) пәндерін оқыту  
әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы.

## ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА СӨЙЛЕСІМ ӘРЕКЕТІНІҢ ТҮРЛЕРІН ТҰТАСТЫҚ ТҮРҒЫДА ІСКЕ АСЫРУ – ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫ ДАМЫТУ ТӘСІЛІ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына»

тақырыбындағы дәрісінде: «Жеке тұлғаны функционалдық әзірлеу тұжырымдамасынан жеке тұлғаны дамыту тұжырымдамасына көшу жүріп жатыр. Жаңа тұжырымдама білім берудің даралық сипатын көздейді, ол әрбір нақты адамның мүмкіндіктерін және оның өзін-өзі іске асыруы мен өзін-өзі дамытуға қабілеттілігін ескеруге мүмкіндік береді» деді [1].

Жеке тұлғаны дамыту тұжырымдамасына көшу оқыту үдерісіне инновациялық технологияларды енгізуді талап етеді. Республиканың әдіскер-ғалымдарының қатысуымен тілді меңгерту бойынша өркениетті елдердің тәжірибесі мен отандық озық дәстүрлер үйлестіріле отырып, тілдерді оқытудың жаңа бағыттары белгіленді.

Әлемдік білім кеңістігінде орныққан «Шетел тілдерін деңгейлеп меңгертудің еуропалық жүйесінде» белгіленген тілді игерудің 6 деңгейі мен олардың сипаттамаларының негізінде, Қазақстан Республикасының өзге тілде жалпы білім беретін мектептердің 1-11-сыныптарында қазақ тілін үйретудің 5 деңгейлі құрылымы айқындалды. Оқушының білім, білік дағдылары орта мектеп жүйесінде тілді меңгертудің 5 деңгейінің ішкі құрылымдық ерекшеліктеріне сәйкестендіріліп, жіктелді.

Қазақ тілін үйренуге негіз болатын бөлімдер арқылы оқушылардың жобаланған оқу нәтижелеріне жетуі бағдарламада қарастырылған. Атап айтқанда: басты мәселе – пәндік сөйлесім әрекеттеріне тән тілдік және мәдени-танымдық құзыреттіліктер мен қатысымдық (коммуникативтік) мәселелердің шешімін табу, ақпараттық түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік тудыру, яғни, тілдік қабілеті дамыған дара тұлғаның жетілуіне мүмкіндік жасау.

Аталған міндеттерді шешу жолы – әр сабақта сөйлесім әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым, тілдесім) меңгерте білу. Өйткені кез келген тақырыптағы тілдесім үдерісі сөйлеу, жазу, оқу, тындау әрекеттері арқылы іске асатынын Ф.Ш.Оразбаева бағдарламада атап өтеді [2].

Әдістеме ғылымында сөйлесім әрекетінің мынадай негізгі түрлері белгіленген: продуктивті (айтылым мен жазылым) және рецептивті (тыңдалым мен оқылым).

Қатысымдық орта адамдардың өзара іс-әрекеті үстінде, ауызба-ауыз сөйлесуі, тілдесуі арқылы іске асатыны белгілі. Сондықтан да сөйлесім әрекеті - жағдай туғызуды қажет етеді, яғни, ойын түрлері, жағдаяттық-рөлдік тренингтер, сипаттамалық мәтін құрастыру тапсырмаларын орындатқызу арқылы. Мысалы, «тыңдалым» бойынша мәтінді екі рет тыңдайды да, тапсырма орындайды. Себебі «тыңдалым тек есту ғана емес, сонымен бірге мағыналы, маңызды хабарды ұғып алып, қажетке жарату» деп тұжырымдайды Ф. Оразбаева.

Қазақ тілді емес жалпы білім беретін мектептің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу бағдарламасының талаптарын қарасақ, 7-сынып, 18-бет. **Тыңдалым:** Мұғалімнің, сыныптастарының сөздеріндегі және үнтаспа мен бейнетаспадағы ас пен адам денсаулығының байланысына қатысты айтылған ақпараттарды тыңдап түсіну. Тыңдалым бойынша қойылған тест сұрақтарына жауап беру.

#### **Тыңдалым.**

Адам ағзасына қажетті тағамдық заттар: белоктар, майлар, минерал, тұз. Сондықтан азық-түліктің түр-түрін жеу – адамға пайдалы.

Тамақты өте ыстық немесе өте салқын күйінде жеу зиян.

Түскі асты көкөністен тұратын жеңіл тағамнан бастаған жөн.

Күнделікті қант мөлшерін 60, тұз мөлшерін 4-6 грамнан артық пайдаланбау керек. Шайды тамақтан кейін 1-2 сағаттан соң ішкен жөн.

Танертеңгі ас – толық және міндетті түрде ыстық болу керек. Түскі ас – орташа, кешкі ас – жеңіл болғаны абзал.

Көкөністер мен жемістерді жаңа үзілген күйінде қабылдау пайдалы. Майсыз сүт өнімдерін (айран, сыр, йогурттар, ірімшік) ішіп-жеу пайдалы.

Жауабы:

Сөйлемдер	Дұрыс	Бұрыс
1. Тамақты өте ыстық немесе өте салқын күйінде жеу зиян.	+	
2. Түскі асты майонез қосылған салаттан бастаған жөн.		+
3. Күнде шұжық, сары май, 2-3 жұмыртқа жеу пайдалы.		+
4. Танертеңгі ас толық және міндетті түрде ыстық болу керек.	+	
5. Кешкі ас толық болғаны абзал.		+
<b>Барлығы: 5 ұпай.</b>		

Осы мәтіннен оқушы өмірлік маңызды мәліметті өзінің дәптеріне жазып алады.

«Айтылым – тілдік қарым-қатынас барысында адамның өз ойын жарыққа шығару үдерісі, өз сөзін екінші біреуге ұғынықты етіп жеткізу» дейді әдіскер-ғалым Ф.Ш.Оразбаева [3]. Сөйлесім әрекеті түрлерінің ішінде «айтылым» мен «жазылым» күрделі, өйткені баяндау, сипаттау, суреттеу сынды тапсырмаларды орындау

барысында тұлға өзінің ішкі интеллектісін жұмылдырып қана қоймай, шығармашылық әлеуетін дамытады.

Суреттеу дағдысын сұрақ, тапсырма немесе көркем шығармадан шағын үзінділерді ұсыну арқылы қалыптастыруға болады. Мысалы,

1. Суретте не бейнеленген?

2. Түстерді атап беріңіз. Сөздік әзірлеңіз.

3. Сөздікті қолданып, сөйлем құрастырыңыз. Сөйлемдерді жүйелеп, мәтін шығарыңыз. Мәтінге ат қойыңыз.

Көркем шығармадан шағын үзінділерді ұсыну.

*Ұлапа бұлттар, күмістей таза, мөлдір, шүйгін шөптер, көк орман, күміс тамшылар. Күміс тамшылар көк жапырақтардың қияқтарына, қызыл, сары гүлдердің үлбіреген ернеулеріне тұрып қалды. Қызылды-жасылды қызғалдақтар. (Ө.Тұрманжанов.)*

*Айнала көк шөп. Ақ, сары, қызыл гүлдер. Тау бөктері түкті кілемдей. (Т. Әбдірайым.)*

*Қалың шалғын. Айнала долана, шетен, тобылғы. (О.Әбілдаев.)*

*Самат басына ақ қалпағын киіп алып, гүлдерге су құйып жүр. (Р.Бектібаев.)*

*Жап-жасыл шөп пен жайнаған гүлдердің ортасында ақ қайың өсіп тұр. Оның гүлдері сырға тәріздес. («Ол кім? Бұл не?»).*

**1-тапсырма.** Берілген сөйлемдердің ішінен табиғат көрінісіне дәлме-дәл сәйкес келетін сөйлемдерді тауып, астын сызыңыз.

**2-тапсырма.** Осы сөйлемдердің ішінен суретке біршама сәйкес келетін сөйлемдерді теріп, мағыналық үйлесім құрыңыз.

Жоғарыда айтып кеткендей, көрнекі құралды қолдана отырып, тұлғаны әсерлендіре аламыз, басты міндет шешіледі, яғни, суреттеу арқылы шығармашылыққа бейімделеді.

Пән мазмұнын меңгерудің талаптарына сәйкес б-сынып оқушысы хат жазып, онда өзін немесе отбасы мүшелерінің біреуін сипаттай алуы қажет (Әлеуметтік-тұрмыстық ая. 1. Менің отбасым. **Жазылым.** Отбасы мүшелерінің сыртқы келбетін сипаттап хат жазу –11-бет). Хат жазғызуды батырлар мен акын-жазушылар хаттарын үлгі ретінде таратып, ашық хат толтырудан немесе өзінің күнін қалай өткізгені туралы, қандай үйірмеге қатысатыны бойынша толық мәлімет беруден бастаймыз. Басында айтылып кеткендей, «айтылым» мен «жазылым» күрделі болғандықтан, өткен ғасыр материалдарын бүгінгі күнгімен салыстыру жұмысын орындатқызу да жақсы нәтиже береді.

Биыл мен VI сыныпты бітірдім. Ертең ауылға демалуға барамыз. Кешке автобустың кассасына барып билет алдым. Таңертең жолға шығамыз.

Ауылда біз кеткелі бірталай өзгерістер болыпты. Жаңа мектеп, аурухана, клуб салыпты. Совхоз соншама өзгерген. Көшелері түп-түзу, тас төселіп, гүл отырғызылған. Ауылда ыңғай бір қатарлы үйлер. Көшеде ағаштар тым жиі отырғызылыпты. Совхоздың жап-жақсы жатақханасы бар. Күндіз суға шомыламыз. Балалар көл жағасында, етпетінен, шалқасынан жатып, денелерін қыздырады. Ауылда өте жақсы дем алдым. («Қазақстан әйелдері» журналынан).

#### **Орындалған арман**

Талғат пен Қуанышбек жолдас болатын. Сабақтан соң екеуі әуежайға барды. Олар ұшақты жақыннан көрді.

Талғат ұшақты қалай көргенін балаларға айтты. Оны Қуанышбек толықтырды. Талғат күнде кешке аэроклубқа барып, үйірмеге қатысып жүрді. Өз ойын әкесіне айтты. Әкесі оның әңгімесін жалықпай тыңдады. Ол баласының ұшақты білуге құмарлығын аңғарды. Талғат үйірмеден қол үзбеді. Ұшқыш Махмұт Бұқарбаевтан планерлік өнерді үйренді. Енді ұшақты жүргізуді армандады. Ол он сегіз жасында ұшақтың кабинасында отырды.

Жас баланың арманы осылай орындалды. Кеңес Одағының Батыры атағын екі мәрте алған Талғат Бигелдиновті бүкіл ел біледі. Ол әрқашан аспанды, ұшақты аңсап тұрады. («Қазақстан пионері» газетінен)

#### **Юрий Гагарин.**

Бірінші сынып оқушысына хат.

Қадірлі достым менің! Құттықтаймын! Міне, сен оқушы болдың. Алдында елеулі мақсат тұр: ол – жазу, оқу, санап үйрену...

Қымбатты достым, егер сен әлдебір қиыншылыққа тап бола қалсаң, саған әрқашан да коллектив көмекке келеді. Ол үшін өзің де жақсы жолдас: ақпейіл, әділ бола біл. Мен саған бақыт, денсаулық, еңбекте табыс тілеймін.

1. Теміржол бекетінде.

Біз күткен пойыз мезгілінен ... кешігіп, түн ортасы ауа келді. Адам деген ... қиындыққа төзеді деп кім ойлаған?! Түн әлі де қараңғы. Күндіз жобалап қойған тас жолмен вокзалға жаяу тартып келемін. Вагон ішіндегі адамның көптігі ... бөшкеге толтырып салған балықтай екен. ... иін тірескен адамның ішінен тысқа шыға қою да оңай болған жоқ. Қызылжардікімен салыстырғанда Омбы вокзалы ... үлкен де, салтанатты да көрінеді. (С. Мұқанов.)

**Мөлшер үстеуі:** онша, сонша, соншалық, мұнша, мұншама, неғұрлым, соғұрлым, анағұрлым, әжептәуір,



қыруар, талай, т.б.

### **Тапсырма.**

1. Көп нүктенің орынына мөлшерлік үстеулерді тауып жазыңыз.

2. Берілген сұрақтарды қатыстырып, сөйлесіңдер.

- Билет қанша тұрады? Бірінші (екінші) класты вагонға билет қанша тұрады?

- Жүрдек пойыз ба?

- ... пойыз қашан жүреді екен?

- Қай пероннан?

- №.. перонға қалай өтуге болады?

- Пойыз қашан келеді екен? Алматыға дейін пойыз неше сағат жүреді?

- Жүк сақтау қоймасы қайда?

- Жүгімізді қайдан алуға болады?

- Қалаға шығар жол қайда?

### **«Қазақстан» қонақ үйі**

Алматы – қонақжай, меймандос қала. Алыстан келген жолаушыларға құшағын жая қарсы алатын қонақ үйлер көп. Солардың ішінде Достық даңғылының бойындағы «Қазақстан» қонақ үйі ерекше көзге түседі. Мейманхана 25 қабатты, биіктігі 107 метр. 942 орындық, 472 қонақ бөлмесі бар. Ішінде мейрамхана, пошта, телеграф, жинақ кассасы жұмыс істейді. Ең жоғарғы қабатта тау мен қала келбеті айқын көрінетін кафе орналасқан. Бұл – Алматыдағы ең биік ғимараттардың бірі. (6-сынып, 78-бет).

### **Тапсырмалар.**

1. Өзіңіз билетін қонақ үй туралы мәтін құрастырыңдар (үлгі бойынша орындау) немесе қонақ үйдегі қызмет түрлері бойынша сөздік құрастырыңдар.

2. «Қонақ үйде» тақырыбындағы диалогті толықтырып, сөйлесіңдер.

- Бір орындық бөлме қанша тұрады?

- Бір орындық бөлме тәулігіне 15000 тенге тұрады.

- Бұл люкс пе? Нешінші қабатта орналасқан? Күншығысқа қарай ма?

3. Өзіңізге ұнайтын қонақ үйді жарнамалау, оны қорғау.

Басты мақсат – әрбір адамның ішкі мүмкіндіктерін өз әрекетінде пайдалануы мен өзін-өзі дамытуға қабілеттілігін өркендетуге мүмкіндік жасау.

Қоғам мүддесіне сәйкес өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және құзыретті, шығармашыл тұлғаны қалыптастырып, оның болашақта меңгеруге тиісті кәсібіне келер қатысымдық ортада еркін сөйлеуіне қамды бүгіннен бастау – ұстаз міндеті. Білім алушының тіл белсенділігін өркендету үшін оқыту үдерісін тұлғаның қызығушылығы, қабілеті мен қажеттіліктеріне сәйкес құру қажет. Сондықтан тұлғаны ойландыратын, ой салатын тапсырмалар мен оны қызықтыруға бағытталған кешендер әзірлеу – ұстаздың басты парызы.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Н.Назарбаев. Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына. // «Егемен Қазақстан», 2006, 27 мамыр.

2. Ф.Ш.Оразбаева, т.б. Оқыту қазақ тілді емес жалпы білім беретін мектептің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу бағдарламасы. Негізгі және орта деңгей. – Астана, 2010, 37-б. Жеке тұлғаны дамыту тұжырымдамасына көшу.

3. Ф.Ш.Оразбаева. Тілдік қатынас негіздері. А., «Print-S», 2005, 147-б.

4. М.С.Атабаева. Диктанттар мен мазмұндамалар жинағы. А., «Білім», 2000, 152-бет; 155-бет.

5. С.Аманжолов, т.б. Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. А., «Мектеп», 2004.

6. З.Бейсенбаев, т.б. Диктанттар жинағы. А., «Рауан», 1998.

7. Б.Құлмағамбетова, Р.Құтқожина, К.Әбуова. Қазақ тілінен 6-сыныпқа арналған дидактикалық материал. А., «Мектеп», 1975, 27-бет.



**Күлсін ҚАРАБАЛИЕВА,**  
Орал қаласындағы  
№39 жалпы орта білім  
беретін мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМА ЖАЗУ БЕЛСЕНДІЛІГІ**

Мектепте оқушылардың өмірлік тәжірибесін жетілдіруде, әдебиетті кең түрде түсінуде, одан ерекше әсер алуда шығарма жұмыстарының орыны ерекше. Шығарма – оқушыларды өзінше ойлануға, ұзақ та үздіксіз ізденіске жетелейтін күрделі жұмыстардың бірі.

Бұл жұмыс түрі – оқушыларды көркем мәтінді нақтылы түсінуге, оқушылардың жалпы әдебиет жөніндегі өз білімін кеңейтуіне, олардың оқығанын терең талқылай білуге, өз сезімін, ойын жазбаша түрде бере білуге үйрететіні – ақиқат. Оқушының елестету және ойлау қабілеті күшті болса, онда оның көркем шығарма кейіпкерінің арман-ойын, психологиясын, іс-әрекетін нақты түсінетіні белгілі. Оқушы шығарманы толық түсінуі үшін оның тілін, көркемдік қуатын, поэтикалық ішкі иірімдерін түсінуі, білуі шарт. Сонда ғана оқушы өз бетімен шығарма жаза алады. Төменгі сыныптардан бастап оқушыларға осындай талап қоя отырып, шығарма жаздырудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін меңгерту керек. Оқушыны шығарма жазуға дағдыландыру, машықтандыру үшін мынадай талаптар қойылады:

1. Шығарманы шәкірттердің өмірден көргендері, түйгендері, алған әр алуан әсерлері бойынша жазу;

2. Оқушылардың көркем шығарма бойынша жазғандарын өз ой-пікірлерімен үндестіру шеберлігі;

3. Шәкірттердің алынған тақырыпты өзінше ашу тәсілі;

4. Балалардың шығарма жазуға психологиялық әзірлігі.

Шығарманың мынадай түрлері бар:

А) әдеби тақырыпқа байланысты шығарма;

Ә) шығармашылық әңгіме түріндегі шығарма;

Б) шығарма-инсценировка;

В) поэзиялық туындылар бойынша жазылатын шығарма, т.б.

Оқушылардың шығарма жазуға дайындық жұмыстарын мұғалім жоспар бойынша ұйымдастыруы керек.

Нысанаға алынған материалдар алдымен жан-жақты түсіндіріледі. Ол үшін алдымен шәкірттер жазатын жазба жұмысының тақырыптары іріктеледі. Содан кейін іріктелген тарау мен көріністердің мазмұны талданады. Көркем туындының оқиғалық желісіне, кейіпкер әңгімесінің мазмұнына орай оқушылар өз беттерінше жоспар құрады.

Шығарманы жазар алдындағы дайындық кезінде мұғалім кейіпкер атынан баяндалатын мәтінді іріктеп алады. Әрбір дайындық жұмыстың нысанаға алынған шығарма ауқымына мазмұндық-көркемдік, жанрлық ерекшеліктеріне орай өзіндік өзгешелігі болады. Бірақ дайындық сабақтарына арнайы сағат бөлінбейді. Мұғалімнің сыныптағы түрлі тапсырма арқылы берілген сілтемесі бойынша балалар оны үйде өз беттерінше әзірлейді. Мәселен, шығарма жазуға алдын ала әзірлеу үшін «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» бойынша мұғалім оқушыларына төмендегідей тапсырма береді: сыныптағы бірінші қатардағы оқушыларға Қозының жақсы қасиеттерін тауып, дәптерге жазуды (ақылдылығы, төзімділігі, айлакерлігі, еңбексүйгіштігі, т.б.), ал екінші қатарда отыратын оқушыларға Қозының сөзбен салынған портретін анықтауды, үшінші қатардағы шәкірттеріне Қозының тұтастай образын елестетіп, бейнелі сөздерді табу тапсырылады.

Мұндай тапсырмалар балалардың шығармашылық ойлау қабілетін жетілдіріп, оларды ізденуге жетелейді әрі шығармаға жүйелі жоспар жасауға, туынды табиғатын терең талдауға баулиды.

Шығарма оқушының ішкі жан дүниесін ашады, оқушыларды өзін-өзі тануға үйретеді, сонымен бірге мұндай шығармалар мұғалімнің оқушыны жақсырақ

тануына да көмектеседі, сол арқылы тәрбие жұмысына үлкен ықпал жасайды.

Шығарма жоспары үш бөлімнен тұрады: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды. Кіріспе бөлімі негізгі ойға бағдар береді де, негізгі әңгімеге апарар баспалдақ сынды болады. Негізгі бөлім шығарманың идеясы және соған байланысты мәселелерді ашып көрсетеді. Мұнда тақырыпқа сай айтылатын негізгі ой нақты дәлелдерімен алға тартылады. Қорытынды жүргізілген зерттеулердің нәтижесін шығарады, түпкі шешім, байқау осы бөлімде болады.

Ал, енді, оқушыларды шығарма жазуға үйретудің негізгі сатыларына тоқталып өтейік.

**I. Шығарма тақырыбын таңдап алу және оны талдау.**

Тақырып таңдау – күрделі де жауапты тапсырма. Бұл кезде мынадай мәселелер ойластырылуы керек:

- тақырыпты түсінуі (оқушының әрбір түсінігі саналы түрде дәлелденуі тиіс);

- таңдаған материалды білуі және түсінуі (шығарманың өзі, әдебиет тарихы мен теориясынан хабардарлығы, тақырыпқа байланысты тарихи және философиялық көзқарастары);

- тақырыпқа қызығушылығы;

- оқушының шығарма түрін анықтаудағы жұмыс тәжірибесі (мінездемелік, салыстырмалы мінездемелік, мәселелік шығарма, т.б.)

**II. Шығарманың идеясын анықтау.**

Шығарма жазуда және оның жоспарын жасауда ең негізгі рөл атқаратын нәрсе – оның идеясын анықтау. Себебі, шығарманың идеясын анықтай отырып, оқушы көркем шығарма және оның қаһармандарына өзінің

қарым-қатынасын, көзқарасын белгілейді.

Батырлар жырын шығара отырып, халық өзінің келешек ұрпағына не айтқысы келді, нені үлгі еткісі келді, міне, оқушылар назарын осы мәселерге аудару керек. Батырлар жырындағы барлық оқиғалар бір ғана нәрсеге бағындырылған – Отанға, елге, туған жерге деген сүйіспеншілік, елді сыртқы жаудан қорғау және батырлықты дәріптеу. Бұл ой – жырдағы ең негізгі түйінді және қорытынды ой болып табылады. Сонда бұл болашақ жазатын шығармамыздың идеясы болады. Осы тәртіппен оқушыларға батырлар жырының жеке-жеке идеясын тапқызамыз.

### III. Шығарманың жоспарын жасап үйрену.

Жоспар жасау – шығарма жұмысын орындаудағы ең күрделі дағдылардың бірі болып саналады. Кейбір оқушылар шығармаға жоспар жасауды қиынсынады. Мұғалім әуелі тақырыптың жай және күрделі жоспарын жасап көрсетуі керек. Шығарманың ойланып жасалынған жоспары оқушы ойының, танымының бағдары тәрізді бағыт сілтеп отырады. Оқушыларға жазылатын шығарманың тақырыбын хабарлағаннан кейін үйде шығарманың жоспарын жасап келу тапсырылады.

### IV. Шығарманы аяқтау және қорытындылау.

Оқушыларға шығарма жазуда қиындық келтіретін нәрсе – шығарманы бастау және аяқтау (қорытындылау). Көптеген оқушылар кіріспе бөлімінде не нәрселерді қамтуды білмейді. Мысалы, бір оқушы «Абайдың табиғат лирикасы» тақырыбына жазған шығармасын «Қазақтың ұлы ақын-жазушысы Абай Құнанбайұлы 1845 жылы туылып, 1904 жылы 59 жасында қайтыс болады. Абай Семей облысы Абай ауданы, Шыңғыстау деген жерде туып өскен»,- деп бастаған. Қандай тақырыптағы шығарманы

да жазушының не ақынның өмірбаянынан бастай жөнелу – көп оқушылардың шығармаларына тән ортақ кемшілік.

Шығарманың кіріспе бөлімінде оқушы тақырыпқа байланысты сол кездегі тарихи оқиғаларға шолу жасайды. Өйткені біз оқушыларға әдебиет тарихпен өте тығыз байланысты деп үйретіп келдік. Сондықтан біз кез келген шығарманың кіріспе бөлімін міндетті түрде сол кездегі тарихи оқиғаларға шолу жасаудан бастауымыз керек деп ойлаймын. Баланы да соған дағдыландыру қажет. Мұғалім шығарманың кіріспе бөлімінде шығарма тақырыбы мен идеясына сай сол кездегі тарихи оқиғалар, тарихи жағдайлар және заман туралы фактілер шолу түрінде жазылуы керек екендігін ескерту қажет.

Ал енді шығарманы аяқтау және қорытындылау кезеңінде де оқушылар көптеген қиындықтарға кездеседі. Бұл жерде де мұғалім оқушыға нақтылы бағыт-бағдар беруі өте қажет. Шығарманы қорытындылау оқушылардан сауаттылықты, білімділікті, мәселеге деген шығармашылық пен ой-пікір ізденістері және топшылауларының молдығын қажет етеді. Көптеген оқушылар шығарманы бір-екі сөйлеммен қорытындылай салады. Мысалы, «Біз де өскен соң Алпамыс сияқты батыр болып, елді жаудан қорғаймыз» немесе «Абай өз елін, халқын қалай сүйсе, мен де өз елімді, халқымды солай сүйіп өтемін» деген сияқты. Бұдан біз оқушының жанының терең тебіреністерін, жүрек сезімдерін нақтылы көре алмаймыз. Қандай тақырыптағы шығарма болмасын оқушы негізгі ой-пікірлерін қорытындылай келе, оны бүгінгі өмірмен, бүгінгі заманмен байланыстырғаны жөн. Өйткені шығарманың негізгі салмағы да, нәрі де осы қорытынды бөлімінде жатыр.

Қорыта келгенде, мұғалім, ең бастысы, шығарманың шығармашылық жұмыс екендігіне оқушылардың көзін жеткізуі керек. Егер оқушы оқулықтағы талданған, айтылған мәселелерді сол қалпында ешқандай ой елегінен өткізбей көшіріп беретін болса, онда ол шығармашылық жұмыс болмайды.

Шығарма жаздыру жұмысы тек дарынды оқушылардың қабілет көзін ашуға ғана көмектеспейді, басқа шәкірттерді де интеллектісі биік, сөз өнерін түсіне білер азамат, білікті оқырман етіп тәрбиелеуге үлкен ықпал етеді. Ал әдеби шығармашылықты бағалайтын, сөз өнерін түсіне білетін оқушы парасаты биік азамат болары қақ. Ал азамат тәрбиелеу – басты борышымыз.



**Қама СМАДИЯРОВА,**  
**№12 орта мектептің**  
**қазақ тілі мен әдебиеті**  
**пәнінің мұғалімі.**  
 Маңғыстау облысы,  
 Ақтау қаласы.

## **ҚАЗАҚ ТІЛІН МОДУЛЬДЕП ОҚЫТУ**

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Бұл үдеріс білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді. Білім берудегі ескі мазмұнның орынына жаңасы келуде. Жаңа білім парадигмасының ерекшелігі – бірінші орынға баланың

білім, білік дағдысын емес, білім беру арқылы жеке тұлғаны қалыптастыруды қойып отыр.

Мемлекеттік тілді оқытудың қазіргі талаптарына сай мектеп бағдарламасына жаңа технологияларды енгізу арқылы оқушының терең білім алуына, жан-жақты дамыған жеке тұлғаның қалыптасуына жағдай тудыру басты назарда болып отыр. Осындай мақсатта дүниеге келген оқытудың инновациялық технологияларының бірі – М.М.Жанпейісованың модульдік оқыту технологиясына сүйеніп жасалған 5-сыныптардың қазақ тілі пәніне арналған оқу модульдерінің үлгілерін ұсынып отырмын.

Аптасына 3 сағат, барлығы 102 сағат 9 модульге топтастырылды.

Модуль №	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
	Ана тілінің қызметі. Әдеби тіл туралы түсінік. Мәтін. Мәтіннің түрлері. Ауызекі сөйлеуге қатысты мәтіндер. Жазбаша мәтіндер.	1 2 2 2 2
1-модуль.	Лексика. Сөз және оның мағынасы. Сөздің тура және ауыспалы мағынасы. Көп мағыналы сөздер.	10
2-модуль.	Сөздердің мағыналық топтары. Омоним. Синоним. Антоним.	8
3-модуль.	Табу. Эвфемизм. Дисфемизм. Тұрақты тіркес. Мақал-мәтел.	10
4-модуль.	Сөздік қор және сөздік құрам. Қазақтың байырғы төл сөздері және басқа тілден енген сөздер. Көнерген сөздер мен жаңа сөздер.	10
5-модуль.	Сөздердің қолданылу өрісіне байланысты түрлері. Жалпылама лексика. Диалект сөздер. Кәсіби сөздер және терминдер.	10

6-модуль.	Фонетика. Тіл дыбыстары туралы жалпы ұғым. Қазақ әліпбиі. Дауысты дыбыстар. Олардың түрлері.	10
7-модуль.	Дауыссыз дыбыстар. Үндестік заңы. Буын және дыбыс үндестігінің мәні.	10
8-модуль.	Буын. Тасымал. Екпін. Орфография. Орфоэпия.	8
9-модуль.	Сөзжасам. Түбір сөз және туынды сөз. Туынды сөз: жұрнақтар арқылы, бірігу арқылы, қосарлану арқылы, тіркесу арқылы жасалған жаңа сөздер.	10
	Тіл мәдениеті. Ауызша сөйлеу мәдениеті. Жазбаша сөйлеу мәдениеті. Жылдық қайталау.	1 2 2 2

Әрбір оқу модулінде сағат саны әр түрлі. Бұл – оқу бағдарламасы бойынша тақырыпқа, тақырыптар тобына, тарауға бөлінген сағат санына байланысты. Мысалы, №6-модуль 10 сағаттан тұрады.

#### №6 модуль.

Бөлімі	Сабақ саны	Сабақтың мазмұны	Уақыты
Кіріспе.	1-сабақ.	1. Фонетика. Тіл дыбыстары туралы жалпы ұғым. Қазақ әліпбиі. Дауысты дыбыстар. Олардың түрлері.	25 мин.
		2. Оқулықпен, дәптермен жұмыс.	15 мин.
		3. Қорытынды. Үйге тапсырма.	5 мин.

Диалог.	2-сабақ.	Оқу материалын меңгерту: 1. «Өзара оқыту сабағы» ойыны; 2. Қорытынды. Үйге тапсырма.	40 мин. 5 мин.
	3-сабақ.	1. «Ат ерттеу» ойыны; 2. Қорытынды. Үйге тапсырма.	40 мин. 5 мин.
	4-сабақ.	Білімді дамыту: 1. «Хан талапай» ойыны; 2. Қорытынды. Үйге тапсырма.	40 мин. 5 мин.
	5-сабақ.	1. «Қарлы кесек» ойыны. 2. Қорытынды. Үйге тапсырма.	40 мин. 5 мин.
	6-сабақ.	Білімді пысықтау: 1. «Түйе қомдау» ойыны. 2. Қорытынды. Үйге тапсырма.	40 мин. 5 мин.
	7-сабақ.	1. «Жарыс» ойыны. 2. Қорытынды. Үйге тапсырма.	40 мин. 5 мин.
	8-сабақ.	Білім мен іскерлік дағдыларын бекіту: 1. «Бетпе-бет» ойыны. 2. Қорытынды. Үйге тапсырма.	40 мин. 5 мин.
Қорытынды.	9-сабақ.	Білім мен іскерлік дағдыларын тексеру: 1. Тест. 2. Диктант.	15 мин. 30 мин.
	10-сабақ.	1. Қатемен жұмыс. 2. Сынақ. 3. Қорытынды.	10 мин. 30 мин. 5 мин.

№6-модульдің 3-сабақ жоспарының үлгісі.

### «Ат ерттеу» ойыны

Мақсаты: а) тәрбиелік – өзара сыйластыққа, бірін-бірі тындап, бағалай білуге, ұлттық құндылықтарымызды қадірлей білуге тәрбиелеу; ә) дамытушылық – топпен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру, сөздік қорларын дамыту; б) білімділік – дауысты дыбыстар түрлерін меңгерту.

Ойынның шарты: оқушылар үш топқа бөлінеді. Тақтада жайылып жүрген үш аттың суреті ілінген. Әрбір «аттың» артында тапсырмасы бар. Сол тапсырманы топ жетекшілері орындап, «атты ерттеуге» алып келеді. Қалған топ мүшелері ерттеуге кіріседі. Үстел үстіне ат әбзелдерінің суреттері қойылған. Олардың да тапсырмалары бар. Атты ерттеу үшін, ең бірінші, қай әбзелді алу керектігін оқушылардың өздері білу керек. Қай топтың аты бірінші ерттеліп болса, сол топ жеңіске жетеді. Үстел үстіндегі әбзелдер: терлік, тоқым, ер, үзеңгі, таралғы, ноқта, жүген, айыл, өмілдірік, т.б.

Тапсырмалар: «Құлагер» тобына, I деңгей:

Атпен ойналатын ұлттық ойын туралы мәтін құра.

Дыбыс саны мен әріп санында айырмашылық бар бірнеше сөз жаз.

Тек ашық дауыстылардан тұратын он сөз жаз.

II деңгей:

Дауыстылардың тілдің қатынасына қарай түрлерін айт.

Дауысты дыбыс дегеніміз не? Оларды ата.

О, ө, ұ, ү, ә дауыстыларының жазылуы. Мысал келтір.

III деңгей:

Терлік – ат арқасына жұмсақ болу үшін тоқым астына салынатын жұқа киіз (Дауыстыларға сипаттама бер).

Үзеңгі – атқа міну үшін аяқ салып мінетін жезден, темірден жасалған тұрман (Еріндік дауыстылары бар сөздерді теріп жаз).

Айыл – ер-тоқымды ат арқасына бекітетін қайыс әбзел. (Жіңішке сөзді тап).

«Ақтабан» тобына, I деңгей:

1. Жылқы малының пайдасы туралы мәтін құра.

2. Еріндік дауысты дыбыстан басталатын он сөз ойла.

3. Айтылуы жағынан бір-біріне ұқсайтын бірнеше сөзді тауып жаз.

II деңгей:

1. Дауыстылардың жасалу жағына қарай түрлері.

2. Қазақ әліпбиіндегі әріптердің жазылуы.

3. Ә, е, ы, і дауыстыларының жазылуы. Мысал келтір.

III деңгей:

1. Тоқым – былғарымен қапталған киізден жасалған әбзел (Дауыстыларға сипаттама жаз).

2. Таралғы – үзеңгіні ерге қосатын жалпақ қайыс (Тек езулік дауыстылардан тұратын сөздерді тап).

3. Жүген – ат басына кигізілетін негізгі әбзелдердің бірі (Жуан сөздерді тап).

«Тайбурыл» тобына, I деңгей:

1. Әр сөзі дауысты дыбыстан басталатын үш сөйлемнен тұратын мәтін құра.

2. «У» дыбысы жуан болатын сөздер ойла.

3. Ат туралы мақал-мәтел жазып, дауысты дыбыстарына сипаттама бер.

II деңгей:

1. Фонетика дегеніміз не?

2. Ашық дауыстылардың анықтамасын айт, оларды ата.

3. «У» дыбысының ерекшелігі.

III деңгей:

1. Ер – екі қастан, екі қапталдан, белағаштан тұрады  
(Еріндік дауысты дыбысы бар сөзді тап).

2. Нокта – жүген астынан түсетін әбзел (Езулік дауыстыдан тұратын сөзді тап).

3. Өмілдірік – ер кейін кетпес үшін аттың омырауына шеттік арқылы тағылатын әсемделген өте сәнді әбзел  
(Қысаң дыбыстардан тұратын сөзді тап).

Әр оқушы орындаған деңгейлік тапсырмасына байланысты бағаланады.

Қорытынды. Үйге тапсырма.



Ақкенже ЕРМЕКБАЙ,  
«Бота» балабақшасының  
ән-күй жетекшісі.  
Алматы облысы,  
Қарасай ауданы,  
«Үшқоңыр» ауылы.

## МУЗЫКА ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫНЫҢ ДАМУЫНА ӘСЕРІ

Құлақтан кіріп бойды алар  
Әсем ән мен тәтті күй.  
Көңілге түрлі ой салар  
Әнді сүйсең, менше сүй!

Абай Құнанбайұлы.

Егеменді елдің ертеңі – оқу-біліммен, өнеге, тәрбиемен өлшенеді. Бала болашақта тұлға ретінде қалыптасуы – бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті.

Балабақшада тәрбие алып жатқан бүлдіршіндердің арасынан болашақ өнерпаздар, әншілер, жазушылар, ақындар, талай мамандық иелері шығуы мүмкін. «Бұлақ көрсең, көзін аш» демекші, солардың бойындағы қасиеттерді ерте бастан байқап, өнерге баулу, ең алдымен, ата-ана мен тәрбиеші-ұстаздардың сезімталдығына, ізденімпаздығына көп байланысты. Сол тәрбиенің бір саласы – шығармашылық сала. Шығармашылық саланың ішінде музыкалық-эстетикалық тәрбиенің бала дамуына әсері мол.

Музыка баланың ішкі жан дүниесіне, сезіміне тікелей әсерін тигізеді. Музыканың адамға деген ықпалы кейде үгіттеуден, нұсқаудан да анағұрлым күшті болады.

Музыка баланың сезімдеріне тікелей әсер ете отырып, оның патриоттық, адамгершілік сезімдерін қалыптастырады. Отан, Қазақстан, батырлық туралы айтқан балалардың әндерінен өз елдеріне деген сүйіспеншіліктерін көруге болады.

Музыка баланы толғандырады, қабылдаушылық қабілетін оятады, өмір құбылыстарымен таныстырады, оларды бір-бірімен салыстыратын ой туғызады.

Балабақшадағы ұйымдастырылған оқу іс-әрекет барысында музыканың емдеу қасиеттерін пайдалану керек, баланың тыңдай білу қабілетін арттыру – өлеңнің бастамасы, қайырмасы деген ұғымдармен



қоса, қарапайым аспаптардың дыбыстарын тыңдатып, тембрінен ажыратуды үйретуі керек. Сонымен қатар бала музыканы тыңдай отырып әнді, кейіпкерлерді көз алдына елестетеді. Тыңдалған шығармада немесе ән айту барысында үркек қоянға, маршпен жүрген сарбазға, маң-маң басқан аюға еліктеу және оны өзінше сипаттай білуі керек, образ жасай білуі керек.

Өзіміздің тәжірибемізде қолданып жүрген тәсіл – балабақшадағы бүлдіршіндеріміз таңғы жаттығуды музыка сүйемелдеуімен жасайды. Таңғы жаттығу сонымен қатар кей-кейде қазақтың ұлттық би элементтерін қоса отырып, «Қара жорға» әнімен де орындалады.

Жапсыру, сурет салу, т.б. ұжымдық жұмыстар жасап отырған кезде ұнтаспада әсем сазды әуен қосылып тұрса, балалардың көңіл күйлері жайдары болып, әр түрлі жағымды әсер алады. Осындай әсем әуенді тыңдай отырып жасаған жұмыстары да жақсы нәтиже береді.

Ұжым болып ән салу, билеу, ойнау көп ретте тәрбиелік міндеттерді шешеді. Ән айту бәрінің бірдей күш салуын қажет етеді, әнді дәл айтпайтын бала жақсы айтатын балаға қарап үйренеді.

Музыкалық орта – мектеп жасына дейінгі баланың жалпы мінез-құлқына, мәдениетіне себін тигізеді.

Өнердің басқа түрлері сияқты музыканың танымдық маңызы да бар. Музыка балаларды эстетикалық және ақыл-ой тұрғысынан жетілдіре отырып, оның қабылдау және көз алдында елестету қабілетін жандандырады. Музыкалық ырғақ сәтінде балалар рахаттана әндетіп, музыка ырғағына сай қимылдай жүріп, өздері ойлап

тапқан жаңа биге көшеді. Би, халықтың жеке билері, пантомимо, әсіресе, музыкалық ойын түріндегі драма балаларды өмір көріністерін бейнелеуге, бейнелі қимыл, мимика, сөз арқылы кейіпкерлерді сомдайды.

Балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты музыкалық даму ерекшеліктері де жылдан-жылға өсе береді, баланың қабілеті белсенді музыкалық қызмет үдерісінде дамиды.

Музыкалық дамудың неғұрлым елеулі ерекшеліктері: есту сезімі, музыкалық есту қабілеті, ән айту, музыкалық ырғақ орындаудағы қарапайым дағдылары, қимылдары.

Бір жасқа аяқ басқанда: нәресте туғаннан кейін 10-12 күнде дыбысқа елендейді, 4-5 айда қай дыбыстың қай жерден шыққанын аңғарады, әндеткен дауысқа құлақ түреді, ал 1 жасқа шыққанда бөбек ересек адамның салған әнін тыңдап, ілесе былдырлап, уілдейді.

Екі жасқа аяқ басқанда: музыканы қабылдағанда балалар жарқын контрасты эмоциялар көрсетеді. Бала жоғары және төмен дыбыстарды, қатты және бәсең үнді айыра біледі, сылдырмақпен ойнайды, әннің қайталанған сөздерін айтады. Әндеткен ересек адамға қосылады, ең қарапайым қимылдар жасауды меңгереді; музыка әуеніне ілесіп алақандарын соғады, аяқтарымен топылдатады.

Үш, төрт жасқа аяқ басқанда: балалардың сезімталдығы артады, заттар мен құбылыстарды, музыкалық қасиеттерді айыра алады, кейбір бала қарапайым әуенді дәл қайталап айта алады. Төрт жасқа толар шағында балалар ересектердің аз ғана көмегі арқылы шағын әнді орындай береді. Бидің түрлі қимылдарын жасайды.

**Гүлнәр ІЛДЕБАЕВА,**  
**Павлодар қаласындағы**  
**№1 жалпы орта білім беру**  
**мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі.**

## **ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА КӨРНЕКІЛІК ӘДІСІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

Баланың таным аясын кеңейту арқылы сөйлеу тілін қалыптастыруға болады. Дұрыс сөйлеуге үйретуді неден бастау керек?

Мағжан Жұмабаев «Бала тілінің дұрыс өркендеуінің бірінші шарты – балаға сөзді бұзып сөйлемей керек және балаға ұқпайтын жат сөз үйретпеу керек» деген сөзі орыс тілді мектептердің қазақ тілі мұғалімдеріне арналған десе артық емес. Сонымен тіл ұстарту – сөзді ұғындыра үйрету екен. Сөзді дұрыс меңгерту көрсету мен естірту арқылы іске асатыны мәлім. Мағжан Жұмабаевтың: «сыртқы алты сезім ішінде жан үшін ең қымбаты – осы көру сезімі. Жанымызда болатын барлық әсерленулердің, екінші түрлі айтқанда, біз барлық білімнің 3/4-ін осы көру сезімі арқылы аламыз. Басқа сезімдер арқылы алынған білімдерді, әсерленулерді көру арқылы анықтауға ұмтыламыз. Мысалы, бір дыбыс естісек, сол дыбыс шығарған затты көргіміз келеді» [1] дегеніндей көрсету, естірту арқылы сөзді меңгерудің пайдасы мол.

Бес жасқа аяқ басқанда – бұл балалардың көп нәрсені білуге құштарлығы артады, ол өте байқағыш келеді, музыканың көңілді, қуанышты, сабырлы екенін, дыбыстардың жоғары-төмен, тез-баяу орындалатынын, әуеннің қандай аспапта орындалып жатқанын ажыратады. Бала әнді қалай айту, қол ұстасып жүріп билеуде қалай қимылдауды біледі.

Алты және жеті жасқа аяқ басқанда: бұл кезең – мектепке даярлық кезеңі. Музыка туралы алған білімдерін тек сұрақ арқылы жауап бермей, музыкалық шығармаға өзінше сипаттама бере алады, музыканың бейнелеу құралдарын талдап, музыка әуеніндегі әр түрлі сарындарды сезінеді. Бала музыка ерекшеліктерін айыра біледі және оларды есіне ала отырып, музыканы тындағанда, ән мен би қимылдарын орындағанда белгілі бір образға сай қимыл жасайды. 6-7 жастағы балалардың дауысы бұрынғыдан да бекіп, диапазоны кеңейеді, әншіліктері айқындалады, музыкаға деген жеке ынтасы мен қабілеті айқын көріне бастайды.

Жалпы алғанда, кішкентай бүлдіршіндер күнделікті өмірінде – жапсыру, сурет салу, дене шынықтыру, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде, ертеңгіліктерде, сергіту сәттерінде ойын ойнаған кездерін музыкамен үйлестірсе, өте жақсы нәтиже берері сөзсіз. Музыка орталығының бала денсаулығының дамуына әсері өте көп.

Сөз соңын М.Әуезовтің «Әнге әуес, күйге құмар бала жаны сұлу, өмірге ғашық болып өседі» деген сөзімен қорытындылаймыз.

Жаңа сөздердің көбі оқушының есінде қалмайды, оның себебі – сөзді түсінбеуінде. Түсінбеген сөз қабылданбайды. Сондықтан көрнекілік әдісін пайдалану – жаңа сөзбен таныстыруда қолайлы.

Көрнекілік әдісінің тиімділігі:

- көрсету («әдемі түс, әдемі түр, жаратылыстың сұлу заттары, сұлу көріністері адамның әдемілік сезімін тереңдетпей қоймайды»); [1].

- естірту (сөзді қалай болса, солай айта салмай, сөйлем мазмұнына үйлесімді ырғақ, екпін, әуен тауып, дауысты түрлендіріп сөйлеудің үлкен мәні бар.); [2].

Жоғарыда айтып кеткендей, көрнекіліктің көмегімен тұлғаны қызықтыра аламыз, яғни, сұрақ-жауап арқылы оның ауызша сөйлеу тілі дамиды. Суретпен жұмысты сұрақ, тапсырма немесе ауыз әдебиетінен үзінділерді ұсыну арқылы жүргізуге болады. Мысалы, М.Әлімбаевтың тыйым сөздерін көрсету:

1. Суретте не бейнеленген?

2. Тыңдалым әрекетін іске асыру («тыңдалым – есту ғана емес, сонымен бірге мағыналы, маңызды хабарды ұғып алып, қажетке жарату» дейді Ф.Оразбаева).

3. Негізгі ойды табу.

«Жан тұрмысы өркендеу үшін, яғни, ойы, ақылы кеңейіп, құлқы түзеліп, тілі баю үшін жас балаға ертегі – тым қымбат нәрсе», - деп М.Жұмабаев айтқандай, ауыз әдебиеті үлгілері оқушының тілін дамытып, ой-өрісін кеңейтуде маңызды. Әрі тәрбиелік мәні зор, өйткені, көркем әдебиет – өмір шындығының сәулесі. Ол қоғамдық болмысты образдар арқылы бейнелейді. Өмір шындығы мен қоғамдық тартыс қандай

формада берілмесін олардың қайсысында да идея мен композиция болады және барлық формада бір ғана объектіні зерттейді, ол – адам.

Әдебиеттің қай жанры болмасын – адамды тәрбиелеудің пәрменді құралы. Мектеп қабырғасында оның біртіндеп қалыптасуы мұғалімнің қазақ тілі, әдебиет сабағын дұрыс ұйымдастыра алу шеберлігі мен әдістемесіне де қатысты, сондықтан материалды саралау, оқытуды нақты мақсаттарға негіздей ұйымдастыру – нәтижеліліктің кепілі. Сабақ үстінде оқушының әлеуметтік-мәдени тұлға ретінде дамуы оқу әрекетінде қолданылатын әдіс-тәсілдерге тәуелді болғандықтан, мұғалім қызықтыру, ойланту, іздендіру, салыстыру, құрастыру сипатындағы әрекеттерді дұрыс ұйымдастырғаны жөн. Оқулықтағы ұсынылған тапсырмалар жүйесін саралап алып, көрнекілік арқылы нақты мақсатқа сәйкес жұмыс түрін орындатудың мәні зор. Олар оқушылардың құзыреттілігін жетілдіріп, тұлғалық қабілет-қасиеттерін дамытуға әсер етерлік болғанын ескерген дұрыс.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. М.Жұмабаев. Шығармалар жинағы. 3-том. Психология. А., «Жазушы», 2005, 119, 129-б.

2. А.Б.Қабылова. Сөз мәдениеті. Мұғалімдерге арналған көмекші құрал. А., «Жазушы», 2005, 22-б.

3. М.Атымұмов. Көркем шығарма композициясы туралы. А., 1969, 26-27-б.

**Нағима МЕНДІБАЕВА,  
Успенка орта мектебінің  
директорының тәрбие ісі  
жөніндегі орынбасары.**

Солтүстік Қазақстан облысы,  
Мағжан Жұмабаев ауданы.

## **ОТБАСЫ МЕН МЕКТЕПТІҢ ӘРІПТЕСТІГІ – ТҰЛҒАНЫҢ ТАБЫСТЫ ӘЛЕУМЕТТЕНУІНІҢ КЕПІЛІ**

Адам тұлға болып тумайды. Тұлғаның дамуы оның әр түрлі әлеуметтік институттардан (отбасы, балабақша, мектеп және т.б.) өтуінің нәтижесінде жүзеге асады. Әрбір кезеңде адамның дамуы басқарылатын сыртқы және ішкі факторлар тарапынан ықпалға ұшырап отырады. Бұл үдеріс жүріс-тұрысы мен әрекетінің себебіне айналатын моральдық, интеллектуалдық және эстетикалық пайымдаулардың туындауына түрткі болады, демек, тұлға әлеуметтенеді. Бала тұлғаға айналады.

Отбасы – әр адамның өміріндегі бірінші тұрақты ұжым, бұл – әлеуметтену мен тұлға санасы дамуының бірінші сатысы. Отбасы тұлға мен қоғам арасындағы дәнекер, жалпыадамзаттық құндылықтарды жеткізуші болып табылады.

Өкінішке қарай, әлеуметтік және педагогикалық зерттеулер көрсеткендей, көптеген ата-анаға педагогикалық және психологиялық білім, тәрбиелік біліктер, кейде, тіпті, отбасылық тәрбиенің мүмкіндіктерін дұрыс

түсіне білу жетіспейді екен. Көбіне ата-ана тәрбиенің қандай факторлары балалар қабілетінің дамуына, олардың мектеп пен қоғамға бейімделуіне ықпал ететінін және қандай факторлар кедергі болатынын түсінбейтін көрінеді.

Отбасы тәрбиесінің тиімділігі ата-аналар өзінің тәрбиелік міндетін қалай түсінетіндігіне байланысты, олар психологиялық-педагогикалық білімді, тәрбиенің әдістері мен амалдарын қаншалық меңгергеніне байланысты. Бұл ретте отбасына мектеп пен кәсіби педагогтардың жәрдемі қажет. Отбасы мен мектептің әріптестігі мен өзара байланысты тұлғаның табысы әлеуметтенуінің кепілі екені даусыз. Отбасылық саясат әлеуметтік саясаттың басым бағыттарының бірі болып саналады.

Қазақстан Республикасының Конституциясында «Балаларды қамқорлыққа алу, оларды тәрбиелеу ата-аналардың табиғи құқығы және міндеті болып табылады» деп жазылған.

Егеменді еліміздің жас азаматының тұлғасын қалыптастыруда рухани-адамгершілік білім беру мен тәрбиенің міндеттері ерекше мән-маңызға ие болып отыр.

Отбасы – руханияттың бесігі. ҚР «Неке және отбасы туралы» заңының 62-бабында «Баланы тәрбиелеуші ата-ана оның дене, психикалық және рухани дамуына бірінше кезекте жауапты» деп жазылғаны тегін емес. Одан бөлек, ҚР «Балалар құқығы туралы» заңның 490-бабында «... ата-ана баланың дене және психикалық денсаулығына, оның адамгершілігінің дамуына кедергі келтірмеуі керек» деп жазылған.

Соңғы он жылда көптеген отбасы экономикалық, кейде, тіпті, жан бағу қамымен жүрген жағдайда көптеген ата-

ана баланы тәрбиелеу мен тұлғасын дамыту мәселелерін шешуден шеттетілген әлеуметтік тенденциясы етек алууда. Ата-ана баланың дамуының жас және тұлғалық ерекшелігін тиісінше білмегендіктен, кейде өз түйсігі, өз шешімі бойынша тәрбиелей береді. Мұндай отбасыларда, әдетте, ата-ана мен балалар арасындағы тұлғааралық қарым-қатынас болмайды, соның салдарынан, көбіне, жағымсыз болып келетін сыртқы ықпалға басымдық беріліп, баланың отбасы ықпалынан тыс қалуына әкеліп соқтырады.

Қазіргі уақытқа дейінгі тәжірибеде отбасының әлеуметтік институт ретіндегі рөлін төмендетіп, қоғамдық тәрбиеге басымдық беру тәртібі қалыптасқан.

Педагогтардың отбасы мәселелерін зерттеуге құлық танытпауының себебі – осы. Әрбір үшінші отбасы толыққанды емес деген дерек бар. Әрбір екінші отбасында балалар тәрбиесіне өзіндік ықпалы бар жасырын немесе ашық шиеленісті жағдайлар кездеседі.

Кәмелетке толмаған балалардың қылмыс жасауына кикілжіңдер орын алып тұратын шиеленісті отбасылық жағдай себеп болады. Мұндай отбасында қылмыс жасау қауіпі бар тұлға қалыптасады.

Ата-аналар мұғалімдерге хабарласып, байланысып тұратын отбасылармен жұмыс істеу қашанда жеңіл. Ал шиеленісті жағдайларға толы отбасылармен қалай жұмыс істеу керек?

Мұндай отбасылармен жұмыс істеу табандылықты, зор еңбекті талап етеді. Отбасының жалпы шиеленісімен күрес бар уақытта оңды нәтиже бере бермейді. Мұғалімдердің көпшілігі бұл істе айтарлық нәтижеге қол жеткізе алмай, өз шамасы келетін жағын – баланың мектептегі өмірін өзгертуді қолға алады. Оқушыға қамқорлық жасап, көбірек көңіл бөліп, балалармен

арқа-жарқа араласып, сергіп, өз жанына жайлы ермек тауып, ісінің нәтижесіне қуануына жағдай жасайды. Бір сөзбен айтқанда, оқушының сыныптастарымен тілдесіп, оқудан қуаныш табуына жағдай жасап, әлеуметтік рөлін арттырады.

Мұғалімдердің әлдеқайда тәжірибелі енді бір тобы шиеленісті отбасылардың ата-аналарымен қарым-қатынас жасаудан жалтаруға асықпайды. Керісінше, ондай ата-аналардың ойына қозғау салып, өз баласының тұлғасын өздері, өз өнегесімен қалыптастыратынын түсіндіреді. Уақыт, табандылық, төзім, ата-анаға деген мейірім өз балаларының тәрбиесіне, олардың болашағына жауапкершілікпен қарауына міндетті түрде түрткі болады.

Ата-ананың балаға өз әрекеттері арқылы көрсеткен өнегесі халықтық тәрбиенің ең ықпалды құралы болған. Қай ата-ана ержетіп келе жатқан баласының нағыз ер азамат болғанын қаламайды? Болмаса қыз баланы қалай нәзік жанды, сырбаз бойжеткен етіп тәрбиелеу керек? Бұл – асқан төзіммен келетін өте қиын жұмыс. Бір танымал саясаткер: «Бір ер жігітті тәрбиелеу – бір адамды тәрбиелеу, ал бір қыз баланы ақылды келіншек етіп тәрбиелеу – бүкіл бір отбасын тәрбиелеу» деген екен.

Көп диаспоралы мемлекетте тұратын адамдар еліміздің тәрбиелік ой-пікір мұраларымен, қазақ, орыс, неміс, татар және өзге халықтардың тәрбиелік дәстүрлер тәжірибесімен танысуы керек.

Мектеп пен отбасы ұлттық сананың қорғаны болуға, оқушылардың бойында туыстық сезім, ата-ана, жас балалар, қарттар алдындағы парыз сезімін қалыптастыруға, ерлер мен әйелдер арасындағы қатынастарға үйретуге тиіс.

Мектеп пен отбасы одақтас болуы тиіс. Осылай

істеген жағдайда ғана өз балаларымызды тәуелсіз Қазақстан Республикасының азаматы етіп тәрбиелеу мәселесін шешуге жағдай жасалады. Бұл үшін отбасымен байланысты дұрыс жолға қою ғана емес, отбасының педагогикалық мәдениетін көтеруге жағдай жасап, оның күшті тәрбиелік әлеуетін тиімді пайдалануға талпыну керек. Халықтық, отбасылық дәстүрді жаңғыртып, ата-ананы бірлескен әрекетке жұмылдыруға, оларды педагогтармен бірлесе еңбектенуге тарту қажет.

Тәжірибеден байқағанымыздай, отбасы мен мектептің әріптестігінің маңыздылығы барған сайын артуда. Бүгінде педагогтар ата-аналардың өз балаларына тиісінше көңіл бөлмеуін алға тартса, ата-аналар мектепте балаға өздері күткендей білім мен білік бермейді деп уайымдайды.

Сондықтан мектеп өзара ықпалдастықтың көзін, ата-анамен жұмыс түрлерін нақты айқындап, отбасылық тәрбиені жетілдіру негізі ретінде ата-ананың педагогикалық мәдениетін арттыру жағын ойластыруы қажет.

Қазақстан мектептерінде табысты әлеуметтендіруге жағдай жасау мақсатымен «Біз біргеміз» бағдарламасы жасалып, енгізілуде.

Жоғары сынып оқушыларына арналған курс оқушылардың тұлғааралық қатынастарда мәдениетаралық түсінігі мен толеранттылық ұстанымына, отбасылық өмірге дайындығына ықпал етеді.

Мектептің әкімшілігі оқушылар тұлғасының әлеуметтену сапасына мақсатты түрде мониторинг жүргізіп отырады.

Көне заманда данышпандар: «Бір жылын ойлаған күріш егеді, он жылын ойлаған ағаш егеді, тұтас дәуірдің қамын жегендер ұрпағын жақсылап тәрбиелейді» деген екен.

**Өрікбай АРЫНОВ,**  
**Қарағанды қаласындағы**  
**№32 жалпы орта білім**  
**беретін мектептің**  
**қазақ тілі мен әдебиеті**  
**пәнінің мұғалімі.**

## **АТА АҚЫЛЫ**

*(6-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** қазақ халқының асыл мұрасы – мақал-мәтелдер туралы білімдерін кеңейту. **Міндеттері:** **білімділік** – оқушылардың танымдық қабілеттерін жетілдіре отырып, сұхбат мазмұнын толық білуге, грамматикалық тапсырмаларды дұрыс орындауға, өз ойын тұжырымдап жеткізе білуге үйрету; **дамытушылық** – ауызекі сөйлеу дағдысын қалыптастыру, қызығушылығын ояту, ойын еркін жеткізуге баулу, тіл мен әдеби таным негіздерін білуіне ықпал етуге жағдай жасау; **тәрбиелік** – жаман қасиеттерден жирендіру, үлкендерді сыйлауға, олардың ақылдарына құлақ асуға тәрбиелеуге мүмкіндік туғызу.

**Түрі:** жаңа сабақ. **Әдіс-тәсілі:** топтастыру, сұрақ-жауап, мәнерлеп оқу, аудару, іздендіру. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, орыс тілі, әдебиет. **Көрнекілігі:** суреттер, кесте, тұсаукесер рәсімі.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі:** оқушыларды түгелдеу; көңіл-күйлерін сұрау; назарларын сабаққа аудару.

**II. Ұй тапсырмасын тексеру.** Мақал-мәтелдер туралы білімдерін тексеру.

Сұрақтар /Кластер түрінде/:

1. Мақал-мәтелдер әдебиеттің қай түріне жатады?  
/ Мақал-мәтелдер қазақ халық ауыз әдебиетіне жатады/.

2. Мақал-мәтелдер – бізге кімнен қалған мұра? /Мақал-мәтелдер – бізге ата-бабамыздан қалған мұра/.

3. Оның авторы кім? / Оның авторы – халық/.

4. Мақал-мәтелдер қандай мағына беретін сөздер?  
/ Мақал-мәтелдер – көлемі қысқа және терең ой, көп мағына беретін сөздер/.

5. Мақал-мәтелдердің тақырыптары қандай? /Мақал – мәтелдердің тақырыптары әр алуан/.

6. Басты тақырыптары? / Басты тақырыптары: Отан, туған жер, туған ел, батырлық, ерлік, еңбек, бірлік, достық, төрт түлік мал, өнер, білім, ғылым/.

7. Мақал – мәтелдердің кейбіреулері қай мағыналарда қолданылады? /Мақал-мәтелдердің кейбіреуі тура мағынада қолданылады, ал кейбіреуі ауыспалы мағынада қолданылады. Мысалы: тура мағынадағы мақал-мәтел; /Жері байдың елі – бай. Жүз теңге болғанша, жүз досың болсын/. Ауыспалы мағынадағы мақал-мәтел; /Асылдың бірі – адалдық. Еңбектің наны тәтті/.

8. Қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?

9. Мақал-мәтелдер бізді неге үйретеді? /Мақал-мәтелдер бізді жақсыдан үйренуге, жаманнан жиренуге үйретеді/.

III. Жаңа сабақ.

Сабақтың тақырыбымен, мақсатымен, барысымен таныстыру.

Тақырып бойынша берілген жаңа сөздермен таныстыру.  
/Кластер түрінде/:

*Ақыл – совет;*

*білмеген едім – не знал;*

*ақымақ – глупый;*

*үлгі-өнеге – пример;*

*демек – значит;*

*естен шығарма – не забывай;*

*берілген – дано;*

*қасиет – свойство, качество.*

Жаңа сөздермен сөз тіркестерін құрау. Мысалы: Анамның ақылы. Ақымақ адам. Шығарма берілген. Үлгі-өнеге алу. Сен естен шығарма.

**Сұхбатты оқы, аудар.**

- Ата, «Аз сөз – алтын, көп сөз – көмір» деген мақал бар ма?

- Иә, бар.

- Сонда бұл мақалдың мағынасы не?

- Аз сөйлеу – ақылды адамның ісі, көп сөйлеу – ақымақ адамның ісі.

- Ата, көп сөйлеген адам қалай ақымақ болады?

- Балам, көп сөйлеген адамның көп қатесі болады. Адамның он қатесінің тоғызы тілінен келеді.

- Демек, ақылды адам болу үшін аз сөйлеу керек пе?

- Әрине, балам. Адамға не үшін екі құлақ, бір ауыз берілгенін білесің бе?

- Жоқ, білмеймін.

- Екі құлақ бергені – көп тыңдасын дегені, бір ауыз бергені – аз сөйлесін дегені. Адамның сөйлегенінен тыңдағаны көп болу керек.

- Рақмет, ата. Бұл мақалдың мұндай мағыналарды білдіретінін білмеген едім.

- Балам, ойланған адамға мақалдардың беретін үлгі-өнегесі өте көп. Мұны естен шығарма.

**Сұхбат бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.**

Көп сөйлеу ақылды адамның ісі ме? / Жоқ, көп сөйлеу – ақылды адамның ісі емес/.

Ақымақ адамдар көп сөйлей ме? /Иә, ақымақ адамдар көп сөйлейді/.

Адамға аз тыңдау үшін екі құлақ берілген бе? /Жоқ, адамға екі құлақ көп тыңдау үшін берілген/.

Адамның көп қатесі тілінен келе ме? /Иә, адамның көп қатесі тілінен келеді/.

Бұл сұхбатта қандай мақал туралы айтылады? /Бұл сұхбатта «Аз сөз – алтын, көп сөз – көмір» деген мақал туралы айтылған/.

Көп тыңдау үшін екі құлақ берілген бе? /Иә, адамға екі құлақ көп тыңдау үшін берілген/.

Адам қай кезде көп қателеседі? /Адам көп сөйлеген кезде қателеседі/.

Мақалдан қандай үлгі-өнеге алуға болады? /Үлкендерді тыңдау керек, аз сөйлеп, көп тыңдау керек/.

Атасы баласына қандай үлгі-өсиет айтты? / «Ойланған адамға мақалдардың беретін үлгі-өнегесі өте көп. Мұны естен шығарма» деді атасы/.

Сұрақ: Қазақ тілінде сөз мағынасы қандай болады? Жауап: Тілдегі әрбір сөздің мағынасы бар. Сөз мағынасы тура және ауыспалы болады.

**\*Тапсырма** (дәптермен жұмыс).Тура және ауыспалы мағыналы сөздерге мысал келтіріңдер. Мысалы: тура мағына – ақ көйлек; қара қас; суық жел; ауыспалы мағына – ақ жүрек (таза, адал),қара шаңырақ (үлкен үй), суық хабар (жағымсыз хабар, жаңалық).

**\*Тапсырма** (дәптермен жұмыс). Мына берілген сөздердің антонимін табыңдар. Сұрақ: Антоним дегеніміз не? Жауап: / Антоним дегеніміз мағынасы бір-біріне қарама-қарсы сөздер/. Мысалы: ақымақ – ақылды, қате

– дұрыс, аз – көп, қысқа – ұзын, тура – ауыспалы, жаман – жақсы.

**\*Тапсырма** (дәптермен жұмыс). Мына сөздерді қолданып сөйлем құраңдар. Берілген сөздер: жақсы, ақылды, ұзын, көп.

Морфологиялық талдау. Ақылды – сын есім, сұрағы – қандай? құрамына қарай – дара, тұлғасына қарай – туынды, түбірі – ақыл, ды – зат есімнен сын есім жасайтын жұрнақ.

**\*Тапсырма** (ауызша). «Ақыл» сөзіне фонетикалық талдау жаса.

Мысалы: Ақыл – жуан сөз, төрт әріп, төрт дыбыс, екі дауысты, екі дауыссыз, екі буын (а – ашық буын; қыл – бітеу буын).

А – дауысты, жуан, ашық, езулік дыбыс;

қ – дауыссыз, қатаң дыбыс;

ы – дауысты, жуан, қысаң, езулік дыбыс;

л – дауыссыз, үнді дыбыс.

**\*Тапсырма** (дәптермен жұмыс). «Ақылым» сөзін септе.

IV. Сабақты қорыту,бекіту.

1. - Бүгінгі сабағымды мен қазақтың Ұлы әрі біртуар ақыны Абай атамыздың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңімен бекіткім келіп отыр.

2. Топпен жұмыс / Миға шабуыл/.

- Өлеңнен Абай атамыз айтқан бес жақсы нәрсе мен бес жаман нәрсені табыңдар. Оларды неге теңер едіңдер? /Плакаттардағы суретке қарап өз ойларыңды жеткізіңдер/.

**V. Бағалау:**Түрлі-түсті стикерлерге бүгінгі сабақ туралы пікірлеріңді жазыңдар.

**VI. Үйге тапсырма:** Тура және ауыспалы мағынадағы сөздерге 6 мысал келтіру, мақал-мәтелдер жаттау.



Анаргүл МАРАТҚЫЗЫ,  
№10 кәсіптік лицейдің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Батыс Қазақстан облысы,  
Ақжайық ауданы,  
«Тайпақ» ауылы.

## ҚАЗІРГІ ШЕШЕНДІКТІҢ ТҮРЛЕРІ

(II-сынып)

**Мақсаты:** оқушыларды қазіргі шешендіктің түрлерімен таныстыру арқылы олардың сөйлеу дағдысын қалыптастыру.

**Міндеттері: тәрбиелік** – сөз нормасын сақтауға, мәдениетті сөйлей білуге тәрбиелеу; **дамытушылық** – оқушылардың сөздік қорын дамыту.

**Түрі:** аралас сабақ («Алтын қақпа» ойынының бағытымен өткізіледі). **Әдісі:** сұрақ-жауап, баяндау, түсіндіру, топтау. **Көрнекілігі:** жаңа технологияның элементтері арқылы жасақталған танымдық қабілеттерін арттыру бағытындағы жаттығулар. Оқулықтар, жаңа сабаққа байланысты материалдар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі.

II. Үй тапсырмасы (Үй тапсырмасын бекіту).

III. Жаңа сабақ.

IV. Қорытынды.

V. Бекіту.

«Тас қақпаны» ашу үшін үй тапсырмасын орындаймыз.

Үй тапсырмасы:

1. Шешендік өнер туралы түсінік.
2. Ұлттық шешендік өнер.
3. Шешендік сөздерден мысалдар айту.

**Жаңа тақырып** (1-слайд):

Қазіргі шешендіктің түрлері

■ Білім-ғылым мазмұнды шешендік: дәріс, ғылыми баяндама, ғылыми мақала, т.б.

■ Әлеуметтік-саяси шешендік: саяси шолу, әскери-патриоттық сөздер, конференция баяндамалары, т.б.

■ Әлеуметтік тұрмыстық мазмұнды шешендік: бата, тілек, аза сөздер, мақала, баяндама, очерк, т.б.

■ Сот ісі шешендігі: айыптаушының сөзі, қорғаушының сөзі, қорғанушы мен айыпкердің сөзі.

■ Діни мазмұнды шешендік: діни уағыз, иман, құран сүрелері.

2-слайд (оқулықпен жұмыс).

**Ақпаратпен толықтыр.** «Күміс қақпаны» ашу үшін тапсырма орындаймыз.

1. \_\_\_\_\_ сипаттағы шешендік мынадай түрлерге бөлінеді: 1) Дәріс, 2) Ғылыми баяндама, 3) Ғылыми хабарлама, 4) Ғылыми шолу, 5) Ғылыми-көпшілік.

2. Әскери-патриоттық тақырыптағы шешендік \_\_\_\_\_ сарбаздардың рухын сергіту үшін қолданылған

3. Әлеуметтік-тұрмыстық мазмұнды шешендік сөздерге көрнекті қоғам қайраткерлерінің, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, ғалымдардың, басқа да айтулы тұлғалардың мерейтойларында айтылатын сөздер жатады.

4. \_\_\_\_\_ шешендікке діни уағыздар, діни мейрамдарда, \_\_\_\_\_ айтылатын тілек сөздер, құран сүрелері жатады.

5. Сотта қолданылатын шешендік сөздерге \_\_\_\_\_ мен \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ мен \_\_\_\_\_ сөздері жатады.

3-слайд (топпен жұмыс).

Оқушыларды бес топқа бөлеміз. Әрбір топ бірлесе отырып, экраннан ұяшық таңдау арқылы шешендіктің бес түріне мысалдар жазады.

27-жаттығу. «Жалаңтөс баһадүр – Тұран өркениетінің ұлы перзенті» мәтінін оқып, қай шешендіктің түріне жататынын ауызша айту.

4-слайд (алған білімдерін тексеру).

«**Алтын қақпаны**» ашу үшін тест тапсырмасын орындаймыз.

#### **Тест сұрақтары:**

1. Қазақ шешендік өнері неше кезеңнен тұрады?

А) 4;      Ә) 6;      Б) 5.

2. «Шешеннің ең ұлы қасиеті – қажет нәрсені ғана айту ғана емес, сонымен бірге қажеті жоқ нәрсені айтпау» деген кімнің сөзі?

А) Цицерон;      Ә) Бэкон;      Б) Платон.

3. Қазақ шешендік өнерінің бірінші кезеңі қай ғасыр аралығында болған?

А) XX;      Ә) XI-XII;      Б) XV-XI.

4. Хан жағынан елдік мәселелерді кеңесіп, ақылдасып отыратын билер кеңесі құрылған. Оны қалай деп атаған?

А) «Жеті санат»;

Ә) «Жеті жарғы»;

Б) «Ханабад».

5. 1783-1797 жылдардағы ұлт-азаттық көтерілістің ту ұстаушысы кім болды?

А) Досбол Қорлыбай;

Ә) Балаби Есенәлі;

Б) Сырым Датұлы.

6. Білімдік-ғылымдық сипаттағы шешендік неше топқа бөлінеді?

А) 5;      Ә) 4;      Б) 3.

7. Өнер адамдарының ... сөздері шешендіктің қай түріне жатады?

А) Діни мазмұнды;

Ә) Әлеуметтік-тұрмыстық мазмұнды;

Б) Сотта қолданылатын.

8. Дәріс, ғылыми баяндама, ғылыми шолу, мақала шешендіктің қай түріне жатады?

А) Білім-ғылым мазмұнды;

Ә) Әлеуметтік -саяси мазмұнды;

Б) Сот ісі шешендігі.

**Бекіту:** сабаққа белсене қатысқан оқушыларды бағалау.

**Айман СҰЛТАНОВА,  
№3 орта мектептің  
мұғалімі.**

Солтүстік Қазақстан облысы,  
Тайынша ауданы,  
Тайынша қаласы.

## ҰЛТ БҰҒАУДЫ БҮЗГАН КҮН

**Мақсаты:** оқушыларды елін, жерін құрметтеуге, Отанын сүйуге, қазақстандық патриотизмді бойларына дарытуға, сөздік қорын байытып, тіл байлығын арттыруға, ел тарихын дәріптеуге, танымдық қызығушылығын арттыруға тәрбиелеу.

**Көрнекілік:** тәуелсіздік туралы нақыл сөздер, слайдтар.

### **Сабак барысы.**

Зал безендірілген, күй ойнап тұр.

**1-жүргізуші:** - Армысыңдар, құрметті оқушылар, ұстаздар, қонақтар! Бүгінгі кешімізді еліміздің Тәуелсіздігіне 22 жыл толу мерейтойына арнаймыз. Халқымыз сан ғасырлар тәуелсіздікті аңсап, армандап өткен. Бүгінгі кеш Тәуелсіздік жолында құрбан болған ата-бабаларымыздың рухына арналады.

Мен – қазақпын, биікпін, байтақ елмін,

Қайта тудым, өмірге қайта келдім.

Мен мың да бір тірілдім, мәңгі өлмеске

Айта бергім келеді, айта бергім.

### **2-жүргізуші:**

- Отаным, аялаған алтын бесік,  
Тұрасың нұрлы өмірге ашып есік.  
Еңбектің өрісі кең, шалқып өсіп,  
Күміс күй күмбірлейді, әуен есіп.

Ойымда мұқтаждық жоқ менде ешбір  
Тәуелді сыртқы жұртқа пенде емеспін.  
Жерұйық – баға жетпес алтын ордам,  
Өзінді бар ғаламға теңгермеспін.

**1-жүргізуші:** - Биыл Тәуелсіздікке 22 жыл толып отыр. Бұл көп те, аз да мерзім емес. Бірақ бұл жылдардың әрбір сағаты, әрбір күні тарихтан өз орынын алды. Қазақ халқы бұрынғы саясаттан, құқықтық өмірден бас тартып, жаңа қоғамдық жүйеге енді. Тәуелсіздік – ата-бабамыздың аңсаған арманы еді. Сан ғасырлар бойы «Найзаның ұшымен, білектің күшімен» ұлан-байтақ жерін ата-бабаларымыз қорғап келді.

**2-жүргізуші:** - Тарихқа үңілсек, ұлан-ғайыр жерімізде кешегі Қазақ хандығынан бастап шерлі Желтоқсанға дейін қаншама қырғындар болды. Елін, жерін қорғаған қаншама хандар мен батырлар бейбіт өмірді, тәуелсіз ел болуды армандап өтті. Бостандық үшін күрескен белгілі адамдарды: Сырым, Махамбет, Исатай, Кенесары, Абылай хан, Әлихан, Мұстафаның ерліктерін кім ұмытар?! (слайдтар).

### **Бірінші оқушы:**

- Аңсағаны – азат таңның іреңі,  
Арнағаны – елге аппақ тілегі.  
«Алашым!» деп тулап соққан әрдайым  
Тәуелсіздік – бабалардың жүрегі.

Сырын алып бейбіт жұрттың әуелі  
Тап бергенде өлкемізге жау елі  
Ақтабан боп, шұбырған ел сыңсыған  
Тәуелсіздік – «Елім-айдың» әуені.

**Екінші оқушы:**

- Арайланып атса екен деп тандары,  
Алауланып жанса екен деп ел шамы,  
Басын қоспақ болған кеше Үш Жүздің  
Тәуелсіздік – Абылай хан арманы.

Сыр қозғайын және де бір тыңдағын,  
Атойынан дүр сілкінген құм Нарын.  
Әрбір сөзі жау түсірген жебе боп  
Тәуелсіздік – Махамбеттің жырлары.

**Бірінші оқушы:**

- Талай жауыз момын елді биледі,  
Табанға сап, тері қылып иледі.  
Дабыл қағып, азаттыққа шақырған  
Тәуелсіздік – Құрманғазы күйлері.

Бір-бір Құдай санап бейне өздерін,  
Түсінбеген елдің надан, ездері.  
Іші – алтын, сырты – күміс, өзі – дүр,  
Тәуелсіздік – ұлы Абайдың сөздері.

**Екінші оқушы:**

- Алашына әпермек боп есені,  
Ахметтей бастап елді көсемі,  
Бірі қалмай құрбан болған ел үшін  
Тәуелсіздік – «Алашорда» кешегі.

Естіген жан есі кетіп тыңдаған,  
Ардақтысы болған жанның мыңдаған.  
Тәуелсіздік – Мағжан ақын өлеңі  
Азаттықты арман етіп жырлаған.

«Қазақ ұлты басқа ұлттан кем бе еді,  
Ұлтты қорлау осылайша жөн бе еді?»  
Деп намыспен бой көтерген алаңда  
Тәуелсіздік – «Желтоқсанның» ерлері.

**1-жүргізуші:**

- Жалғанның жартысындай қазақ елі,  
Алғандай көздің жауын сұлу жері.  
Ақ пейіл, дархан көңіл халқымыз бар,  
Болғанда бірі – батыр, бірі – сері.

Әз бабам азаттықты аңсап өткен,  
Ел үшін саңлағы шаһид кеткен.  
Солардың құдіреті, ой-арманы  
Таңы боп тәуелсіздік бізге жеткен.

**2-жүргізуші:**

- Атыңнан айналайын Ордабасы,  
Жиналған қазақтың Үш ер данасы.  
Егер де олар солай жиналмаса,  
Елдің де қалар еді жерде басы.

Осы жер – намыс туын көтерген жер,  
Елім деп ер өзегі өргенген жер.  
Бас қосып үш арыстан осы жерде,  
Жоңғарға жолбарыстар жөңкілген жер.

**Көрініс: «Үш бидің кездесуі».**

**1-жүргізуші:** - Қаратаудың баурайында қалың қазақ бас қосты. Елдің елдігін, ердің ерлігін соңғы рет сынайтын күн туды. Жауға соққы беріп, жалпы жұртты аман алып қалу үшін данышпан билеріміз батырларымызды батылдыққа, елді бірлікке шақырды (Ортаға үш би, қазақ батырлары, хандары шығады).

**Төле би:**

- Уа, халайық! Аттың күші – атқарған тірлігінде  
Ағайынның күші – топтасқан бірлігінде  
Алтау ала болса, ауыздағы кетеді,

Төртеу түгел болса, төбедегі келеді,- дегендей, жоңғарларға қарсы бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, бірге аттанатын уақыт жетті. Ол үшін барлық қазақ жасағын басқаруға бас сардар етіп Кіші жүз ханы Әбілхайырды бекітейік. Бұған қалай қарайсындар?

**Қазыбек би:**

- Дұрыс айтасың, төбе биім,  
Өркенің өссін десең, кекшіл болма,  
Кесапаты тиер еліңе.  
Елім өссін десең, өршіл болма,  
Өскеніңді өшіресің.

**Әйтеке би:**

- Жөн сөз. Бірі – өрге, бірі – белге, бірі – ойпаң жерге тартса, күніміз – түн, түніміз – түнек болмай ма? Жоқ, ондай тірліктен, топтасып жүрген бірлік артық!

Әумин!

**2-жүргізуші:** - Осылайша, Үш Жүз Кіші жүз ханы Әбілхайырды бас сардар етіп бекітіп, жоңғарларға қарсы бірігіп күресуге бел бұды.

**1-жүргізуші:**

- Әуезді десең тілдері,  
Тыңдаған сөзін Үш Бидің  
Жаныңа дауа, кіл дәрі

Рухтанып содан күш жиды,— деп қазақ халқы жаңа күшпен, болашаққа сеніммен қарады. Содан кейін де қазақ халқының тарихында көптеген қақтығыстар болды. Әр кезде де халықтың ойынан тәуелсіздік ұраны, дербес мемлекет болу арманы шықпады. Сол арманға халқымыз 1991 жылы жетті.

**2-жүргізуші:** - 1986 жылы 16-17 желтоқсанда тәуелсіздік аңсаған қазақ жастары Алматы қаласындағы Брежнев алаңына шықты. Солақай саясатқа қарсы шыққан қазақ жастарын мұздай қаруланған солдаттар қарсы алды. Бұл күндері ұлттық көтеріліске 10 мыңдай адам қатысты. Оларды басу үшін Ресейден 70 мың солдат әкелінді. Желтоқсанның ақ қары қызыл қанға боялды. Сонда ерлік көрсеткен қазақ жастары: Қайрат Рысқұлбековты, Ербол Сыпатаевты, Ләззат Асанованы, Сәбира Мұхамеджанованы ешбір қазақ азаматы ұмытуы мүмкін емес (слайдтар).

**Көрініс.**

**Тергеуші:** - Рысқұлбеков, ақтық сөзіңді айт! Савицкий-ді сен өлтірдің бе?

**Қайрат:** - Жоқ, мен ешкімді де өлтірген жоқпын.

**Тергеуші:** - Үкім: Қайрат Рысқұлбеков «қылмысты» деп табылып, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Қылмыстық кодексінің 173-бабының 1-тармағы бойынша өлім жазасына – атуға кесілсін!

**Қайрат:**

- Қайрат деген атым бар,  
Қазақ деген затым бар,

Қасқалдақтай қаным бар,  
Бозторғайдай жаным бар,  
Еркек тоқты – құрбандық,  
Атам десең, атыңдар!

**Бірінші оқушы:**

- Тәуелсіздік оңайлықпен келмеді,  
Бізге мұны ешкім аяп бермеді.  
Тәуелсіздік – Қайрат, Ләззат, Ерболдың  
Тас көшеде тас-талқан болып өлгені.

Шала-жансар қар астына көмгені,  
Тәуелсіздік – ата-баба арманы.  
Қандай елмін бүгін, міне, көр мені,  
Алаулайды, мүмкін емес сөнбегі.

**1-жүргізуші:** - Сонымен, талай ғасырлар армандаған тәуелсіздікке қазақ халқы 1991 жылы 16 желтоқсанда қолы жетті. Содан бергі 22 жыл ішінде Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қазақ жерінде тұрып жатқан 130-дан астам ұлт өкілдерін татулық пен бірлік идеясында берік ұстап келеді.

**2-жүргізуші:**

- Қабыл болып аңсаған ел тілегі,  
Көңілдерден айықты шер түнегі.  
Азаттықтың шыңына нұрлы жолмен  
Бастап шықты халқының ер түлегі.

Кеңейіпті әлемдік өрісің де,  
Әділеттің ізі бар әр ісінде.  
Өз Отаны санайды барлық ұлтың,  
Орыс, неміс, полягың, кәрісің де.

**Екінші оқушы:**

- Вновь, словно феникс, воскресаешь  
От унижений, тяжких ран.  
С колен встаешь и процветаешь,  
Мой многоликий Казахстан.

Из разных собранных народов  
Теперь единый твой народ  
Прошел, как мог, по всем невгодам,  
Прожил, страдая каждый год.

Не счесть ушедших испытаний,  
Не прошлым – будущим живем.  
Да будем помнить о страданиях,  
Но песни новому поем.

Мы, твои дети, свято верим,  
Что гордый казахстанский стяг.  
Достоинно представляет миру  
И славит общий шанырак.

**1-жүргізуші:** - Тәуелсіздіктің жемісі: Алғашқы Президент Н.Ә.Назарбаев; Ұлттық бірлік; Мемлекеттік нышан – Елтаңба, Әнұран, Ту; Ұлттық валюта – теңге; Ата заң – Конституция; Қазақстанның Қарулы Күштері; Елорда – Астана (Слайдтар, оқушылар сөздер жазылған плакаттарды алып шығады).

**Бірінші оқушы:**

- Әр сызығы сырға толы өрнекті,  
Бейнеленген бейбіт өмір, еңбекті.  
Шаңырағынан алтын шапақ Күн өрген,  
Тәуелсіздік – Елтаңбамыз көрнекті.

Хас тұлпардай бәйгедегі дүбірлі  
Асқақтатар рухыңды да, үніңді.  
Елдігің мен ерлігіңді паш еткен  
Тәуелсіздік – Әнұраным бүгінгі!

**Екінші оқушы:**

- Ел тағдырын жаңа тапты таңдаған,  
Бейбіт күннен шуақ алды кең далам.  
Тәуелсіздік – аспан түстес Туымыз,  
Күн астында қайсар қыран самғаған.

Орнаған Сарыарқаның кіндігінде,  
Нұр ойнап жаңа Астана түндігінде,  
Желбіре тәуелсіздік көк байрағы,  
Күш-қуат – халқымыздың бірлігінде!

**Бірінші оқушы:**

- Қазақстан, ты – моя Родина,  
Ты надежда моя и отрада,  
Тебя я люблю всей душой,  
Ты все, что для счастья мне надо.

Я горда за бескрайность полей  
За хлеба, за колосья пшеницы.  
Я уверена, нет ничего красивей,  
Чем пейзажи нашей столицы.

**Екінші оқушы:**

- Я восхищаюсь твоей красотой,  
Когда весною цветы зацветают.  
Қазақстан, ни что не сравнимо с тобой,  
Все казахстанцы об этом знают.

Я люблю тебя, Казахстан,  
Потому что тебя нет краше.  
И из всех замечательных стран  
Для меня ты – лучший на свете.

**2-жүргізуші:**

- Нұрсұлтандай азаматым басқарған,  
Қазақстан, көріне бер асқардан.  
Әлем халқы ауызын ашып таңдансын  
Мемлекетке күннен күнге жақсарған.

Тұлғасына көрген адам тамсанған,  
Абылай атам осы күнді аңсаған.  
Ұлылардың тілектері қабыл боп,  
Тәуелсіз ел болдық деп жар салам.

**Бірінші оқушы:**

- Тәуелсіздік берді жалын, от маған,  
Енді тоқтау, шегінер жол жоқ маған.  
Келер күнге нық сеніммен қараймын  
Елбасыммен бірге болып, топтанам.

Ашық болсын деп жүрміз аспанымыз  
Біздің тату-тәтті ғой достарымыз.  
Кірпіш болып қоғамға қаланайық,  
Еліміздің болашағы, жастары – біз!

**1-жүргізуші:**

- Тәуелсіздік – қасиетті ұғым. Осы ұғымды қастерлей  
білейік! Қанша ғасыр армандаған Тәуелсіздік туын  
құлатпай, жоғары көтеріп ұстау – біз – жастардың  
міндеті. Осы міндетті абыроймен атқарайық, жас достар!  
Тәуелсіздігіміз баянды болсын! Еліміз күннен-күнге  
құлпырып, жайнай берсін! Келе жатқан мереке бәрімізге  
құтты болсын!

Гүлнар ҚАСЫМОВА,  
Галина ҚОЖАНИЯЗОВА,  
Қостанай қаласындағы  
№17 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімдері.

## ТӘУЕЛСІЗДІК – АҢСАҒАН АРМАН, ҚОЛ ЖЕТКЕН МҰРАТ

**Мақсаты:** тәуелсіздік ұғымын түсіндіру. Тәуелсіздік жолында құрбан болған қазақ халқының ерлігімен таныстыру. Еліміздің тәуелсіздік алған жылдар ішіндегі жеткен жетістіктерімен таныстыру. Оқушыларды туған жерін, елін сүйетін, ұлтжанды, намысшыл, адамгершілігі мол азамат етіп тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** оқушылардың шығармашылық жұмыстары, қанатты сөздер, компьютер, экран (слайд-шоу).

**1-жүргізуші:** - Қазақстан Республикасы 1991 жылы 16 желтоқсанда өзінің тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет болды. Ол бүгінде дүние жүзінің көптеген елдерімен байланыс орнатқан, бүкіл әлем таныған елге айналған. Біз өзіміздің Әнұранымызды, Туымызды, Елтаңбамыз, Төл теңгемізді басқа елдерге мақтаныш етеміз. Қазақстан Туымен – тұғырлы, Елтаңбасымен – еңселі, Әнұранымен – айбатты.

**2-жүргізуші:**

- Құтты болсын тәуелсіздік мейрамы,  
Ол әркімге бейбіт өмір сыйлады.

Аңсаған сан ғасырлық арман болып,  
Қол жеткізген шындық жырын жырлады.

Қуаныштан қалай кеуде кермесін,  
Бұл күнімді бір ғасырға бермесін.  
Ақ түйенің қарыны бүгін жарылды,  
Тәуелсізбін, егеменмін, дербеспін.

*Әнұран шырқалады.*

**Данил:**

- Өзіндікі елің де,  
Өзіндікі жерің де,  
Өзінді сезін бақытты  
Тәуелсіздік төрінде!

**Әзиза:**

- Өзіндікі Туың да,  
От пен ауа, суың да.  
Жаса, Қазақстаным,  
Белді бекем буын да.

**Татьяна:**

- Ел жоқ білем аңсамаған теңдікті,  
Еркін жүріп көксемеген кеңдікті.  
22 жыл тәуелсіздік алдық біз,  
Жалғастырып баба жолын – елдікті.

**Глеб:**

- Әнұран бар ұрпаққа өсиет шашқандай,  
Теңгеміз бар тайға таңба басқандай.  
Көк байрағым көкте биік желбіреп,  
Бірлікке шақырып бізді жатқандай.

**Алина:**

- Халқым айтқан: жер көтерер ер даңқын,  
Елім айтқан: ер көтерер жер даңқын.



Халқын ойлар аман болғай Елбасы,

Мәңгі жаса, мәңгі жаса, өр халқым!

*Ән: «Көк тудың желбірегені».* Сөзін жазған: Алмас Ахметбекұлы. Әнін жазған: Ермұрат Зейіпхан.

**Мұғалім:** - Тәуелсіз ел болу дегеніміз – кеуденді кере дем алып, еңсеңді көтере ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан салт-дәстүрінді, әдет-ғұрпынды айқындап көрсететін, өзінің өзгелермен тең екендігін сезіну және ана тілінде емін-еркін сөйлеуің деп білемін. XXI ғасыр – білім ғасыры. Біздің алға қойған мақсатымыз: өткенімізді білетін, бүгінді түсінетін, ертеңімізге сеніммен қарайтын азамат болу.

Тәуелсіздік – мағынасы зор, тамыры терең ұғым. Қазақстан тәуелсіздікке қалай қол жеткізгенін көру үшін тарихқа көз жүгіртейік.

**1-оқушы:** - 1991 жылы Қазақстан Жоғарғы Кеңесі 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасын Тәуелсіз Республика деп жариялады.

**2-оқушы:** - 1991 жылы 10 қазанда қазақ халқының тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров ғарышқа самғады.

**3-оқушы:** - 1992 жылы маусым айында Қазақстан Республикасының ел рәміздері: Туы, Әнұраны, Елтаңбасы қабылданды.

**4-оқушы:** - 1993 жылы тұңғыш Конституция қабылданды. Қарашаның 15-күні Қазақстан Республикасының Ұлттық ақшасы – теңге айналымға енді.

**5-оқушы:** - 1994 жылы Қазақстанның жаңа ордендері мен медальдары дүниеге келді. Екінші қазақ ғарышкері Талғат Мұсабаев Союз ТМ-6 ғарыш кемесімен көкке самғады.

**6-оқушы:** - 1995 жылы тамыздың 30-да Референдумда ұсынылған жаңа Ата Заңымыз бір ауыздан қабылданды.

**7-оқушы:** - 1996 жылы 30 қаңтарда Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші сессиясы болды. Алматыда Тәуелсіздік ескерткіші ашылды.

**8-оқушы:** - 1997 жыл қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы болып жарияланды.

**9-оқушы:** - 1997 жыл ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы болып жарияланды, осы жылы Білім Заңы қабылданды.

**10-оқушы:** - 1997 жыл Тіл туралы Заң қабылданды.

**11-оқушы:** - 1998 жыл Халық бірлігі мен Ұлттық тарих жылы деп жарияланды. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстанның 2030 даму стратегиясы жарияланды.

**12-оқушы:** - 1998 жылы 6 мамырда ел Астанасы Ақмола қаласына көшті.

**13-оқушы:** - 1999 жылы 10 қаңтарда Президент сайлауы нәтижесінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 7 жыл мерзімге Қазақстан Республикасы Президенті болып қайта сайланды.

**14-оқушы:** - 2000 жыл Мәдениетті қолдау жылы болды.

**15-оқушы:** - 2001 жылы Тәуелсіз Қазақстан халқы ғаламат ғасыр XXI ғасырды зор сеніммен қарсы алды.

**16-оқушы:** - 2002 жыл Денсаулық жылы болып есептелінді.

**17-оқушы:** - 2003-2005 жылдар Ауыл жылдары болып жарияланды.

**18-оқушы:** - 2006 жыл – Тәуелсіздікке 15 жыл, Желтоқсан оқиғасына – 20 жыл.

**19-оқушы:** - 2007 жылы Әнұранның мәтіні өзгерді.

**20-оқушы:** - 2008 жылы Халық санағы болды. Қазақстан халқының саны 16 000 000-ға жуық.

**21-оқушы:** - 2010 жылы желтоқсан айында Астана қаласына Еуропа қауіпсіздігі мен ынтымақтастық ұйымы шақырылды.

**22-оқушы:** - 2011 жылы 3 сәуірде кезектен тыс Президенттік сайлау өтті. Халық қалауы Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев болды.

*Адамбаев Әкежан. Ән: «Жаса, Қазақстан!».*

**1-жүргізуші:** - Еліміздің Президенті Нұрсұлтан атамиздың Тәуелсіздігіміздің келешегі жолында жүзеге асырып жатқан жұмыстарын толық қолдаймыз.

**2-жүргізуші:** - Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ Нұрсұлтан ата еліміздегі әрбір бала ХХІ ғасыр көшбасшысына лайық болу керек.

**1-жүргізуші:**

- Хандардың қайталамай қателерін,  
«Ұлт бол деген нығайтып қатарларын».  
Мағжан мен Мұхтар, Жүсіпбектің,  
Ұмытпа ешқашан да баталарын.

**2-жүргізуші:** - Абылай сынды ақылгөй ханы бар қазақта қара қылды қақ жарған үш кемеңгер билері – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің шешендік сөз үлгілеріне құлақ салайық.

**Көрініс: Төле.**

Халықтың қамын ойлайтын күн туды. Алаштың басын біріктіріп, ақылы мен айласын жүргізетін хан керек.

**Барлығы:** Хан керек, хан керек. Билікті кім айтады!

**Әйтеке:**

- Аға – қорған, іні – найза демей ме!  
Арқамды қорғанға тірмеймін бе,

Найзамды ерсілі-қарсылы сілтемеймін бе!  
Мен айтайын билікті.

**Қазыбек:**

- Ағасы асқақ інім,  
Ағасы бардың жағасы бар емес пе?  
Бұл дауды мен шешейін.  
Жолды маған беріндер.

**Барлығы:** Қазыбек айтсын! Айтсын!

**Қазыбек:** - Мен айтсам, халықтың қамын ойлайтын, хан болуға ханның баласы Әбілмансұр лайық!

**Төле:**

- Атасызға ата бол!  
Батасызға бата бол!  
Арып ашқан ғаріптің  
Жел жағына жота бол.  
Панасызға пана бол,  
Кек сақтамас дана бол.  
Дос сүйсініп, қас сыйлар,  
Асу бермес аға бол!

Әумин!

**Барлығы:** Уа, жарайсың! О, бәрекелді!

**Әбілмансұр (Толағай):** - Уа, жарандар, маған билік берсеңдер, мен Сабалақ та, Әбілмансұр да емес – Абылаймын. Мен арғы атамның атымен басқарамын. Елім үшін, жерім үшін, алға!

**Мұғалім:** - Еліміздің тұғыры биік, Тәуелсіздігіміз мәңгі болғай! Ең бастысы ХХІ ғасырдың көшбасшысына лайық болайық!

*Ән (хор): «Атамекен». Олеңін жазған: Қ.Мырзалиев.  
Музыкасын жазған: Е.Хасанғалиев.*

Динара ОРАЗБАЕВА,  
Астана қаласындағы  
Балалар үйіндегі  
орта мектептің  
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

(9-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығын байланыстыра түсіндіру. **Міндеттері:** **білімділік** – Ахметтің халқы үшін жасаған еңбектерінің жоғары екендігін ұғындыру; **дамытушылық** – оқушылардың қазақ тілін үйренуге, қазақша оқуға деген ынтасы мен ықыласын арттыру, сөздік қорын, дұрыс сөйлеу дағдыларын дамыту; оқушылардың шығармашылық қабілетін жетілдіру; **тәрбиелік** – балаларды білімділікке, мәдениеттілікке, адамгершілікке баулу, ұлттық сананы қалыптастыру. **Көрнекіліктер:** интерактивтік тақта, А.Байтұрсынұлының портреті, шығармалары. **Пәнаралық байланыс:** қазақ әдебиеті, тарих.

### Сабақтың барысы:

#### I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Сәлемдесу.
2. Қызығушылықты ояту сатысы.

#### II. Жаңа сабақ.

Сөздік жұмысы: өркениет, дамыту, ойшыл, данышпан, күш-қайрат, ұйымдастырушы, құрастырушы.

Тыңдалым.

### Қазақ халқының ғалымдары

Адамзатты өркениетке жеткізетін нәрсе – ғылым. Ғылымды дамытатындар – ғалымдар. Ғалымдар – өз елін, жерін, туған халқын сүйген ойшыл, данышпан адамдар. Олар жазған ғылыми еңбектер, жаңалықтар қашан да халқына, Отанына қызмет етеді. Қазақ халқында ерте заманнан осы уақытқа дейін қаншама ғұлама ғалымдар өзінің күш-қайратын, ақыл-ойын ғылымға арнаған. Қазақ халқының әйгілі ғұламалары: Әбу Насыр әл Фараби, Шоқан Уәлиханов, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Ахмет Байтұрсынұлы.

Сұрақ-жауап.

Оқулықпен жұмыс. Ахмет Байтұрсынұлы.

Мәтінмен жұмыс. Оқу, аудару. Мәтіннің мазмұны бойынша 5 сұрақ құрастыру.

Тапсырмаларды орындау.

**3-слайд.** Берілген сөздерге синоним сөздерді келтіріп жазу.

Ел - ..., адам - ..., әйгілі - ..., тұңғыш - ..., мұғалім - ..., еңбек - ..., талантты - ...

**4-слайд.** Көп нүктенің орынына тиісті сөздерді қойып жазындар.

1.... ты ... ке жеткізетін нәрсе – ғылым.	Өркениет, адамзат
2.... дар өз ...н, жерін, туған ...н сүйген ойшыл, данышпан адамдар.	Елі, халқы, ғалым
3....ды бітірген соң, Ақтөбе, Қостанай және Қарқаралыда ...ға сабақ береді.	Балалар, оқу

4. Ахмет Байтұрсынұлы – тіл ...нің ...сы, Қазақстан Ғылым ...н ...ларының ...і.	Бір, академиясы, ата, ұйымдастырушы, білімі
---	---

5-слайд. Бір-біріне қатысы бар сөздерді септік жалғаулары арқылы байланыстырыңдар.

Оқу құралдары Орынбор Балалар Әдебиет Орыс-қазақ мектебі Торғай облысы Оқу	Айналысады Туған Оқиды Автор Бітіреді Сабақ береді Келеді
--	---

6-9-слайдтар. Сандардың орынына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді дұрыс құраңдар.

1. Ахмет Байтұрсынұлы 1925-1929 жылдары Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институтында **1** болды.

1

а) оқытушыға;	ә) оқытушы;	б) оқытушыны.
---------------	-------------	---------------

2. Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылық **2** өлең жазудан бастаған.

2

а) жұмысын;	ә) жұмысының;	б) жұмысқа.
-------------	---------------	-------------

3. Ақынның алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» атты аударма **3** 1909 жылы Санкт-Петербуркте жарық көрді.

3

а) жинақты;	ә) жинағында;	б) жинағы.
-------------	---------------	------------

4. Ахмет Байтұрсынұлы **4** ұлы түрлендіруші-реформаторы, теоретигі әрі қазақ тілі білімі саласына орасан зор еңбек сіңірген көрнекті ғалым болды.

4

а) қазақ тілінің;	ә) қазақ тілін;	б) қазақ тілімен.
-------------------	-----------------	-------------------

10-13-слайдтар. Сөйлемдерді аударыңдар. Бір-біріңмен сөйлесіңдер.

Қазақшаға аудар.	Жауабын тексер.
Где родился Ахмет Байтұрсынов?	Ахмет Байтұрсынұлы Торғай облысындағы Сартүбек деген жерде туған.

Қазақшаға аудар.	Жауабын тексер.
Ахмет Байтұрсынұлы қай жерде дүниеге келген?	Ахмет Байтұрсынов родился в Тургайской области в селе Сартубек.

Қазақшаға аудар.	Жауабын тексер.
Ахмет Байтұрсынов жыл в 1873-1937 годы.	Ахмет Байтұрсынұлы қай жылдары өмір сүрген?

Қазақшаға аудар.	Жауабын тексер.
Ахмет Байтұрсынұлы 1873-1937 жылдары өмір сүрген.	В какие годы жил Ахмет Байтұрсынов?

Қазақшаға аудар.	Жауабын тексер.
В каком городе он учился?	Ол Орынбор қаласында оқыған.

Қазақшаға аудар.	Жауабын тексер.
Ол қай қалада оқыған?	Он учился в городе Оренбурге.

Қазақшаға аудар.	Жауабын тексер.
Он впервые написал азбуку на казахском языке.	Ол тұңғыш рет қай тілде әліппе жазды?

Қазақшаға аудар.	Жауабын тексер.
Ол тұңғыш рет қазақ тілінде әліппе жазды.	На каком языке он впервые написал азбуку?

**14-17-слайдтар.** Ахмет Байтұрсынұлы туралы айшықты ойлар.

1) Сәкен Сейфуллин «Еңбекші қазақ» газетіндегі өз мақаласында былай деген екен: «А.Байтұрсынұлы – қарапайым кісі емес, оқыған кісі. Оқығандардың арасынан шыққан, өз заманында патшаның арам қулықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, дауысын шығарған кісі. ...»

Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары губернатор, соттарға күшін сатып, тілмаш болып, арларын сатып, ұлықтық істеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай, қызметтерін қылды...»

2) Мұхтар Әуезов: «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны – “Қырық мысал”, “Маса”, “Қазақ” газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақта, тарих ұмытпайтын істер болатын. Оны жұрттың бәрі біледі. Бұның шындығына ешкім де дауласпайды.»

3) Міржақып Дулатов: «...А.Байтұрсынұлының өлеңдері өзінің сыртқы қарапайымдылығы, ішкі мазмұны, жеңілдігі және біркелкілігі жағынан қазақ әдебиетінде бірінші орын алады...»

4) Сәбит Мұқанов: «Қазақ тілі мен кітабын жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргетасын қалаған алғашқы адам – Ахмет...»

Берілген кестені толтырыңдар.

Аты-жөні, өмір сүрген жылдары	Өмірдерек	Шығармалары

Бейнематериал көрсету.

**18-слайд.** Ұлы ұстаздан жеткен марапат. А.Байтұрсынұлы атындағы орден мен медаль туралы әңгімелеу.

А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы туралы эссе жазу.

**III. Бекіту кезеңі.** 19-24-слайдтар (фотосуреттер).

**IV. Бағалау.**

**Үйге тапсырма.** А.Байтұрсынұлы туралы әңгімелеу, оның бір өлеңін жаттау.

**Әлия ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ,**  
**№32 жалпы орта білім**  
**беретін мектептің**  
**қазақ тілі мен әдебиеті**  
**пәнінің мұғалімі.**  
Батыс Қазақстан облысы,  
Орал қаласы.

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ**

**Мақсаты:** 1) жаңа сөздерді, көнерген сөздерді таныстыру, үйренген сөздерін ауызекі тілде қолдануға машықтандыру. Ғалымның тіл білімінің дамуына қосқан үлесін меңгерте отырып, А.Байтұрсынұлының азаматтық тұлғасымен таныстыру; 2) оқу, ауызекі сөйлеу дағдыларын, сөздік қорын, логикалық ойлау, дұрыс сөйлеу дағдыларын дамыту; 3) оқушыларды елінің тарихын біліп, болашағына еңбек етулеріне шақыру.

**Түрі:** білім дағдыларын қалыптастыру сабағы.  
**Әдістері:** түсініп оқыту, талдау, топтастыру, «Синкуин» әдісі, семантикалық картамен жеке жұмыс, топтық, жұптық жұмыс түрлері. **Көрнекілігі:** интербелсенді тақта, топшамалар.

### **Сабақтың барысы:**

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Амандасу.

2. Кезекшімен сұхбат

ә) «Тілек айту» тренингісі.

Қазақ тілі – өз тілім, ана тілім,

Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім.

Қастерлейді ұл-қызың мәңгі сені,

Болашағым, бақытым, дара тілім! – деп кеменгер

ақын жырлағандай, бүгінгі қазақ тілі сабағына қандай тілектерін бар (оқушылар өз тілектерін айтады).

II. Негізгі бөлім:

A) Сабақтың мақсатымен, барысымен танысу.

Ә) II. Үй тапсырмасын тексеру. Термин сөздер, кірме сөздер... Ғылым, білім туралы мақал –мәтелдер. 3 қатар мақал-мәтел айтып жарысады, мағынасын айтады.

### **Сұрақтар:**

1. Термин сөздер дегеніміз не? Мысал келтір.

2. Кірме сөздер дегеніміз не? Мысал келтір.

3. Араб, парсы тілдерінен енген қандай сөздерді білеміз? (адам, мектеп, әлем, әдебиет, мәдениет, пән, тәрбие, т.б.)

4. Орыс тілінен енген сөздер? (болыс, сот, жәшік, кереует, бөтелке, кәмпит, сөмке, тұрба).

Біз қандай модульді өтіп жатырмыз?

Қазақ тіл білімін зерттеген ғалымдар кімдер?

**Ойқозғау:** Қазақ тіл білімінің негізін салушы, қазақ тілі емлесінің реформаторы, жаңашыл ағартушы?

- А.Байтұрсынұлы.

**Қызығушылықты ояту:** Оқушылар А.Байтұрсынұлы туралы дайындап келген слайдтарын қорғайды, рефераттарын тапсырады.

**Мағынаны тану:** Ахмет Байтұрсынұлының атын қазақ баласының естімегені жоқ шығар. Оның әліпбиі мен оқу құралдарын оқып, сол ғылыми еңбектерінің арқасында қаншама адам сауатын ашты.

Ол Қазақстанның әр түрлі облыстарынан мектептер ашып, ұстаздық жұмыспен айналысты, туған халқын оқуға, өнер-білімге шақырды. Ахмет Байтұрсынұлы - қазақ әліпбиінің тұңғыш реформаторы, осы жетілген жазу үлгісімен еліне тұңғыш «Әліппесін», «Тіл құралын»,

«Әдебиет танытқышын» сыйлаған, қазақ филологиясы мен өнертануының негізін салушы, таза қазақ емлесімен шыққан тұңғыш «Қазақ» газетінің (1913-1918) тұрақты редакторы.

Ол – ең алдымен, қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашып, әрі қарай қазақ тілінде оқуын жалғастыруға көп күш жұмсаған ағартушы қайраткер. Осы мақсатты орындау үстінде ол қазақ тілін, оның дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын баяндап, талдап танытқан зерттеуші әрі сол зерттеулерінің негізінде «Әліппе» мен тұңғыш ана тілі оқулықтарын жазған автор.

**Сөздікпен жұмыс:**

*тіл білімі – языкознание;*

*тұңғыш – первый;*

*зиялылар- интеллигенция;*

*ұйымдастырушы – организатор;*

*негізделген – основан;*

*құрбан – жертва.*

(Жаңа сөздермен сөз тіркесін құрастыру)

**Мәтінмен жұмыс:**

Қазақ әдебиеті тарихында ұлы Абайдың орыны қандай болса, қазақ тіл білімі тарихында Ахмет Байтұрсынұлының да орыны сондай.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеті мен мәдениетін зерттеуші тұңғыш филолог-ғалым, қазақ тіл білімінің атасы, түрколог, дарынды ақын-аудармашы, белгілі қоғам қайраткері.

Ахмет Байтұрсынұлы араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы болды. Ол қазақтың тұңғыш әліппесін, оқулықтарын жазды. Ол жазған мектеп оқулықтары 1914 жылдан 1928 жылға дейін пайдаланылды.

«Ұлтшыл», «халық жауы» деген жала жабылып, сталиндік биліктің құрбаны болды. Ахмет Байтұрсынұлы қайта құрудың арқасында ақталды. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының Тіл білімі институтына Ахмет Байтұрсынұлы есімі берілді.

- мұғалім оқиды;

- оқушылар тізбектеп оқиды.

**- мәтін бойынша деңгейлік тапсырмалар:**

- 1-қатар – диалог құру;

- 2-қатар – мәтінге байланысты мақал-мәтелдер айту:

- 1) ғалымның хаты өлмейді, жақсының аты өлмейді;

- 2) жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл;

- 3) білімді өлсе, қағазда аты қалар;

- ұста өлсе, істеген заты қалар.

- 3-қатар. Тұжырым жасап, топтастыр.

**Мотивация ояту:** Интербелсенді тақтадан.

Жаңа	Көне

Мына екі сөз тақтада неге тұр? Таныс па? (оқушылар түсіндіреді, мағынасын ашады, мысалдар келтіреді).

**Жаңа сабақ түсіндіру:**

Бүгінгі грамматикалық тақырыбымыз: жаңа сөздер, көнерген сөздер.

**Көнерген сөздер** – қазіргі уақытта қолданыстан шығып қалған сөздер. Оның екі түрі бар: архаизм және историзм. Мысалы; нөкер, батырақ, би, болыс, жүзбасы, совхоз, комсомол.

**Жаңа сөздер** – ғылым мен техниканың дамуына байланысты қолданысқа енген жаңа сөздер. Мысалы: ғаламтор, ғарышкер, делдал, жарнама, айқұлақ, т.б.

Деңгейлік тапсырмалар:

**III деңгей: Берілген сөйлемдердің ішінен көнерген сөзді табу, түсіп қалған дыбысты жазу.**

1. Кісі елінде с...лт...н болғанша, өз елінде ұлтан бол.
2. А.Байтұрсынұлы Советтердің Б...кілодақтық 8 с... езіне дейінгі аралықта Кирвоенкомның мүшесі болды.
3. Қазақ ...лкесін басқару жөніндегі ...скери- револ...циялық комитеттің м...шесі ретінде ел жұмысына белсене араласады.
4. 1919 жылы наурызда б...рынғы ұлт интеллигенциясының көптеген ...кілдерін өзімен бірге алып, совет ...кіметі жағына өтеді.

**II деңгей: Сөйлемдердің ішінен неологизмдерді табу, синонимдерін айту.**

1. Елбасы өзінің Жолдауында білімнің дамуына баса назар аударған. (басшы, президент)
2. Қостанай қаласында Ахмет Байтұрсынұлына ескерткіш орнатылған (монумент).
3. Мен ғаламтор бетінен Ахмет Байтұрсынұлының аудармаларын оқыдым (әлеуметтік желі, интернет).
4. М.Жұмабаев, А.Байтұрсынұлы, Б.Майлин – өз заманының зиялылары (саналы, зияткер).

**I деңгей: Берілген сөйлемдерге толық синтаксистік талдау жасау:**

1. А.Байтұрсынұлының тәжірибесін түркі халықтары үлгі етті.
2. Ахмет Байтұрсынұлы еңбек жолын бала оқытудан бастаған.
3. Мен қазақ жерінде туып-өстім.

Жаңа сөздер мен көнерген сөздерді тіл білімінің қай саласы қарастырады деп ойлайсыңдар? (лексика).

Қолдану аясы шектеулі сөздерге қандай сөздер жатады?

Семантикалық карта:

I нұсқа.

№	Түрлері	Кәсіби сөз	Диалект сөз	Термин сөз	Кірме сөз	Көнерген сөз	Жаңа сөздер
1.	мекен-жай						
2.	совхоз						
3.	ау						
4.	мұғалім						
5.	энергия						
6.	малай						
7.	шемішке						
8.	ғаламтор						
9.	комсомол						
10.	көпшік						
11.	азанда						
12.	лексика						
13.	кітап						
14.	уәзір						
15.	субұрқак						

II нұсқа.

№	Түрлері	Кәсіби сөз	Диалект сөз	Термин сөз	Кірме сөз	Көнерген сөз	Жаңа сөздер
1.	такта						
2.	зейнетақы						
3.	фонетика						
4.	барымта						
5.	Ом заңы						
6.	сым						
7.	тұқым						
8.	цирк						
9.	нөкер						
10.	әуежай						



11.	ғарышкер						
12.	хан						
13.	ғылым						
14.	зиялы						
15.	қармақ						

### Тест сұрақтары:

#### I нұсқа.

##### 1. Архаизмді тап:

А) жеке кәсіпкер;      Ә) адрес;      Б) алтыбақан.

##### 2. Жаңа сөзді тап:

А) қымыз;      Ә) бағдаршам;      Б) әдебиет.

##### 3. Ғылым мен техниканың дамуына байланысты пайда болған сөздер:

А) диалект сөздер;  
ә) кәсіби сөздер;  
б) жаңа сөздер.

##### 4. «Лексика» сөзі қай тілден енген?

А) араб;      ә) грек;      б) орыс.

##### 5. Тарихи сөзді тап:

А) комсомол;      ә) мысы құру;      б) теледидар.

##### 6. А.Байтұрсынұлы кім?

а) тіл білімінің атасы;  
ә) саяхатшы;  
б) суретші.

##### 7. А.Байтұрсынұлының туған жері:

а) Ақтөбе облысы;  
ә) Қостанай облысы;  
б) Маңғыстау облысы.

##### 8. А.Байтұрсынұлы еңбектері:

а) «Әліппе», «Тіл құралы»;  
ә) «Педагогика», «Құтадғу білік»;

б) «Жетісу тарихының шежіресі», «Қазіргі қазақ тіліндегі диалектілер».

##### 9. А.Байтұрсынұлы атында қандай институт бар?

а) Тіл білімі институты;  
ә) Зерттеу институты;  
б) Ауыл шаруашылық институты.

##### 10. Лексика нені зерттейді?

а) тіл дыбыстарын;  
ә) сөз құрамын;  
б) сөз мағынасын.

#### II нұсқа.

##### 1. А.Байтұрсынұлы кім?

а) зерттеуші;      ә) этнограф;      б) ғалым.

##### 2. Архаизмді тап:

А) ғарышкер;      Ә) уәзір;      Б) зиялы.

##### 3. Жаңа сөзді тап:

А) елбасы;      Ә) нөкер;      Б) сым.

##### 4. Сөз мағынасын зерттейтін тіл білімінің саласы?

А) фонетика;      ә) лексика;      б) синтаксис.

##### 5. Қостанай педагогикалық институты кімнің есімімен аталады?

А) А.Байтұрсынұлы;  
Ә) М.Өтемісұлы;  
Б) С.Торайғыров.

##### 6. Тарихи сөзді тап:

а) бағдаршам;      ә) колхоз;      б) ғаламтор.

##### 7. А.Байтұрсынұлы шығарған газет:

а) «Жас алаш»;      ә) «Қазақ»;      б) «Қазақстан».

##### 8. Қазақ жазуының реформаторы:

а) В.Радлов;

**Айгүл МАХМЕТОВА,**  
**Нижебурлук орта мектебінің**  
**қазақ тілі мен әдебиеті**  
**пәнінің мұғалімі.**  
Солтүстік Қазақстан облысы,  
Айыртау ауданы.

- ә) Н.Сауранбаев;
- б) А.Байтұрсынұлы.

**9. Қолданыстан шығып қалған сөздер:**

- а) неологизмдер;
- ә) көнерген сөздер;
- б) фразеологизмдер.

**10. А.Байтұрсынұлы еңбек жолын неден бастады?**

- а) бала оқытудан;
- ә) сурет салудан;
- б) зерттеуден.

Тест тапсырмасын тексеру.Кілт беріледі, оқушылар өз-өздерін тексереді.

**«СИНКУИН» әдісі.**

Кім? Қандай? Не істеді? Синоним. Сөйлем.

**Қорытындылау.** Бүгінгі сабағымызда көрсеткен білімдеріне қарап, тәуелсіз еліміздің болашағы жастар қолында, білімді, жан-жақты оқушы ғана аңсаған армандарына, білім көгіне жете алатындығын айту қажет.

Тәуелсіздігіміздің ашық аспанында жетер биіктерің де, алар асуларың да аз еместігіне сенімім мол. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Жастары жалын жүректі, өршіл намысты, биік рухты болса – ол елдің еңсесі де биік болады» деген, яғни, жастарға сенім артқан.

**Үй тапсырмасы:** «А.Байтұрсынұлы – тіл білімінің атасы» мәтінін оқып, мазмұнын айту.

Көркем әдебиетті пайдалана отырып, ішінде көнерген сөздері бар 5 сөйлем жазып келу.

**Бағалау:** үй тапсырмасын жауап берген оқушылардың, сабаққа белсене қатысқан оқушылардың еңбектерін бағалау, түсінік беру, марапаттау.

## ДҮКЕНДЕ

(3-сынып)

### I нұсқа.

**1. Сөздердің аудармасын жаз:**

- Қалай? –
- Продавец –
- Тяжелый –
- Юла –
- Надул (а) –
- Радовался –
- Жасады –

**2. Мәтінді аудар.** Бота и бабушка ходили в магазин. Они купили хлеб, масло, сахар, чай, торт. Дедушка на базаре купил яблоки, груши, лук, огурцы, помидоры. Мама приготовила еду. Еда была вкусной.

**3. Сөйлемді дұрыс құра.** Дүкені, мынау, ыдыс. Әдемі, дүкен, үлкен.

**4. Артық сөзді тап:** Құмыра, кесе, етік, шәйнек, қасық, пышақ.

**5. Өлеңді аяқтап жазыңдар:**

- Нан қоқымын .....
- Жерде жатса .....

- 6. Қандай?** оқушы.  
**Қандай** мектеп.  
**Қалай?** келді.

## II нұсқа.

### 1. Сөздердің аудармасын жаз:

- Қандай? –  
Ваза –  
Лёгкий –  
День рождения –  
Играл (а) –  
Внук, внучка –  
Сыйлық –

**2. Мәтінді аудар.** Это магазин игрушек. Он на улице Абая. Сегодня день рождения Саяна. Он с мамой пришел в магазин. Мама купила ему машину. Саян обрадовался.

**3. Сөйлемді дұрыс құра.** Бар, ыдыстар, көп. Сатушы, анасы, Аянның.

**4. Найди лишнее слово.** Шар, зырылдауық, машина, кітап, аю, шахмат.

### 5. Өлеңді аяқтап жазыңдар:

- Теріп алып .....  
Торғайларға .....

- 6. Қандай?** бала.  
**Қандай?** үй.  
**Қалай?** барды.

## Жыл мезгілдері

### I нұсқа.

#### 1. Сөздердің аудармасын жаз:

- Қаңтар –  
Ноябрь –

- Июнь –  
Купаются –  
Время года –  
Демалады –  
Сильно –

#### 2. Мәтінді аудар.

### Весной

Пришла весна. Зацвели деревья. Теплых стран начали прилетать птицы. Алмас сделал скворцу скворечник. Он прикрепил скворечник на дерево. Прилетел один скворец. Алмас очень сильно обрадовался.

#### 3. Сұрақтарға жауап бер:

- Неше жыл мезгілі бар?  
Бір айда неше күн бар?  
Бір аптада неше күн бар?

Бір сағатта неше минут бар?

**4. Артық сөзді тап:** Арыстан, жолбарыс, қоян, жылқы, маймыл, түлкі.

#### 5. Қыс айларын жаз.

#### 6. Сөйлемге керекті сөздерді қойып, көшіріп жаз:

- Көктемде ..... жылынады. Жерге ..... шығады.  
..... ұшып келеді.

## Жыл мезгілдері

### II нұсқа.

#### 1. Сөздердің аудармасын жаз:

- Ақпан –  
Октябрь –  
Июль –  
Загорают –  
Құстың ұясы –  
Зацвели –

Радовался –

## 2. Мәтінді аудар.

### Лето

Лето – самое жаркое время года. Июнь, июль, август – летние месяцы. Дети летом отдыхают. Они едут в аул, большие города или в лагерь. Летом дети купаются и загорают. Дети очень любят лето.

### 3. Сұрақтарға жауап бер:

Бір жылда неше ай бар?

Бір айда неше апта бар?

Бір тәулікте неше сағат бар?

Бір минутта неше секунд бар?

4. **Артық сөзді тап:** Кемпірқосақ, жаңбыр, ағаш, жел, боран, қар.

### 5. Жаз айларын жаз.

### 6. Сөйлемге керекті сөздерді қойып, көшіріп жаз:

Қазір ..... айы. Шілде айында ..... жауады.

Түн ....., күн ..... болады.



Айгүл ТӨЛЕГЕНОВА,  
Солтүстік Қазақстан облысының  
Петропавл қаласындағы  
№1 лицейдің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ДЫБЫСТАР ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – оқушылардың алған білімдерін жинақтап қорыту, тексеру; дамытушылық –

тез ойлау, ауызекі сөйлеуге дағдыландыру. Оқушының ақыл-ойын, білімге ынтасын дамыту, сөздік қорын байыту; **тәрбиелік** – оқушылардың мемлекеттік тілге деген қызығушылығын арттыру, тілді құрметтей білуге баулу.

**Әдіс-тәсілі:** түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын.

**Көрнекілігі:** слайдтар, суреттер, кәртішкелер, тірек-сызба.

### Сабақтың барысы:

#### I. Ұйымдастыру кезеңі.

Амандасу, оқушыларды түгелдеп, сабаққа бейімдеу.

**Кіріспе сөз:** - Бүгінгі сабағымызды мына өлең жолдарымен бастағым келеді: 1-слайд.

Әліпбиді білiндер,

Онда жүйе, қалып бар!

Біздің қазақ тілінде

Қырық екі әріп бар.

- Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: Дыбыстар әлеміне саяхат.

- Бүгін біз сендермен бірлесіп, дыбыстар әлеміне саяхат жасаймыз. Саяхат сабағы болғандықтан алдымен байқаушыларды тағайындап алайық. Қазір сендер екі топқа бөлінесiндер. 2-слайд.

#### 1-ТОП – ӘРІПТЕР.

#### 2-ТОП – ДЫБЫСТАР.

Сабағымызды бастаймыз.

#### 3-слайд. 1-АЯЛДАМА – ДЫБЫСТАР ӘЛЕМІ.

Қазір экраннан ерекше дыбыстарды көресiндер, әр дыбысқа байланысты сөздер берiлген, сол сөздердi iштерiңнен оқып, есте сақтауларың керек. Сосын әр топтан бiр оқушы шығып сөздердi тақтаға жазады. Қай топ көбiрек сөз жазады, сол топ жеңiске жетедi. 4-слайд.

Ә, Ө, Ү, Ұ, Қ, Ғ, Ң, Һ, І

**ӘЖЕ, ӨМІР, ҮМІТ, ҰЯ, ҚАҒАЗ, ҒАЛЫМ, ЖАҢА, ҚАҺАРМАН; ІЛГІШ**

- Жарайсыңдар, жақсы. 5-слайд.

2-АЯЛДАМА – Кім көп біледі?

1-ТОП – ҰЛТТЫҚ КИІМДЕР.

2-ТОП – ҰЛТТЫҚ АСПАПТАР.

Бұл аялдамада әр топтан бір оқушы шығады, үстелде жатқан суреттерден өз тақырыбына байланысты суреттерді бөліп алып, әңгімелеу. 6-слайд.

3-АЯЛДАМА – ОЙЫН ОЙ ШАҚЫРАДЫ.

- Қазір біз ойын ойнаймыз. «Қай әріпті жоғалттым?»

Берілген сөздердегі жоғалған әріптерді тауып, оқу.

СА...АТ, ЖАП...РА...,

ША...Ғ..., Қ...С,

ЖИ...АЗ, Т...ЛК...

Д...Б...С, ...Р...П

...ОЯ... ТОР...АЙ

Қ...РЛЫ...АШ ҚАР...А

- Сендер қандай құстарды білесіңдер?

- Ендеше, қазір әр топ қарлығаш болып, сергіту сәтін жасайды. Қай топ әдемі жасайды, сол топ жеңеді.

**СЕРГІТУ СӘТІ**

ҚАНЕ, ҚАНАТ ЖАЗАЙЫҚ.

ҚАРЛЫҒАШ БОП ҰШАЙЫҚ.

ҰШЫП, ҰШЫП АЛАЙЫҚ.

ОРЫНЫМЫЗҒА ҚОНАЙЫҚ.

- Жақсы, келесі аялдамаға көшеміз. 7-слайд.

4-АЯЛДАМА –

**СӨЙЛЕМ СӨЗДЕН ҚҰРАЛАДЫ.**

- Берілген тірек-сызбаны толтырасыңдар. Толтырып болған соң тірек-сызбаны сөйлетесіңдер.

**1-ТОП – ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫ.**

**2-ТОП – ТАБИҒАТ.**

- Жарайсыңдар.

Келесі аялдамаға көшейік. 8-слайд.

**5-АЯЛДАМА – КІМ ЖЫЛДАМ?**

«Кім жылдам?» аялдмасының мақсаты берілген сөзден көбірек сөздер құрастыру.

- Жақсы, жарайсыңдар. Сөз кезегін байқаушыларға береміз.

**Сабақты қорыту.**

**Бағалау. Қоштасу.**



**Бақыт СЕГІЗБАЕВА,**  
Алматы қаласындағы  
І.Жансүгіров атындағы  
№130 гимназия мұғалімі.

## ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

**1. Қазақ тілі сабағында не үйрендіңіз?**

а) сурет салуды үйрендім;

ә) қазақша өлең үйрендім;

б) шаңғы тебуді үйрендім.

**2. Қазақ тілі қай тілдер тобына жатады?**

а) грек;

ә) түрік;

б) славян.

**3. Қазақ тіліне тән дыбыстар нешеу?**

- а) 7;
- ә) 9;
- б) 6.

**4. Қазақ әліпбиінде неше әріп бар?**

- а) 42;
- ә) 45;
- б) 41.

**5. Қазақ тілінде неше дауысты дыбыс бар?**

- а) 11;
- ә) 15;
- б) 13.

**6. Қазақ тілінде неше дауыссыз дыбыс бар?**

- а) 21;
- ә) 23;
- б) 25.

**7. Ы.Алтынсариннің қандай өлеңін білесің?**

- а) Мақта, досым!
- ә) Кел, балалар, оқылық!
- б) Ұқыпты оқушы.

**8. Ахмет Байтұрсынұлы кім?**

- а) суретші;
- ә) ғалым;
- б) жазушы.

**9. Қазақ тілі өз мәртебесін қашан алды?**

- а) 16 желтоқсан 1991 ж.;
- ә) 25 қазан 1996ж.;
- б) 21 қыркүйек 1989ж.

**10. Қайсысы жіңішке дауыстылар?**

- а) ә, ө, ү, і, е;
- ә) а, о, ұ, ы;

б) қ, ғ, г, и, й.

**11. Көптік жалғауы бар сөзді тап:**

- а) мекеме;
- ә) гүлзарлар;
- б) құрылысшы.

**12. Бірінші жақта тұрған сөзді тап:**

- а) үйрендім;
- ә) түседі;
- б) оқисың.

**13. «Кружок» сөзінің аудармасын тап:**

- а) үкімет;
- ә) үйірме;
- б) өшіргіш.

**14. -лар, -лер – қандай жалғау?**

- а) жіктік;
- ә) тәуелдік;
- б) көптік.

**15. Жіңішке дауысты сөзді тап:**

- а) құрылысшы;
- ә) өрнектер;
- б) тақталар.

**16. Төрт буынды сөзді тап:**

- а) о-ку-шы-лар;
- ә) құ-ры-лыс-шы-лар;
- б) ас-та-на.

**17. «Мұғалімдер» – неше буынды сөз?**

- а) 2;
- ә) 5;
- б) 4.

**18. «Кітап» сөзіне қай көптік жалғауы жалғанады?**

- а) -лер;

ә) -тар;

б) -тер.

**19. «Дом Правительства» сөзінің аудармасын тап:**

а) балалар үйі;

ә) Үкімет үйі;

б) қонақ үйі.

**20. Бақта не өседі?**

а) жеміс;

ә) көкөніс;

б) жидек.

**21. Бақшада не өседі?**

а) жидек;

ә) көкөніс;

б) жеміс.

**22. Ең әнші құсты тап:**

а) қарға;

ә) бұлбұл;

б) сауысқан.

**23. Жыл басы қайсы аң?**

а) тышқан;

ә) арыстан;

б) тауық.

**24. Оқу-білім туралы мақалды анықтаңдар:**

а) Жері байдың елі бай.

ә) Күш – білімде, білім – кітапта.

б) Күшіңе сенбе, ісіңе сен.

**25. Кітап туралы айтылған нақыл сөзді табыңдар.**

а) Ақыл азбайды, білім тозбайды.

ә) Көз – қорқақ, қол – батыр.

б) Кітап – адамның досы.

## КӨМЕКШІ ЕСІМДЕРДІҢ СЕМЕЙ ҚАЛАСЫ

(б-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** Семей қаласы туралы жан-жақты мағлұмат беру.

**Міндеттері:** **білімділік** – көмекші есімдерге байланысты білімдерін қалыптастыру; **дамытушылық** – жаңа сөздермен, көмекші есімдермен сөз тіркестерін, сөйлем құрастыруға дағдыландыру, өз ойларын еркін әрі жүйелі түрде жеткізуге машықтандыру; **тәрбиелік** – оқушыларды мемлекеттік тілге құрмет пен Отанымызға, қаламызға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**Түрі:** аралас сабақ. **Әдіс-тәсілдер:** топтық, сұрақ-жауап, іздендіру, ой шақыру, көрнекілік әдістері, талдау, салыстыру. **Технологиясы:** Блум жүйесі, модульдік оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологияларының элементтері, интерактивтік оқыту, СТО жобасы. **Техникалық құралдар:** компьютер, интерактивті тақта. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, тарих, әдебиет, музыка, математика.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Міндеті: оқушыларды сабаққа дайындау.

Мазмұны: Сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, назарларын сабаққа аудару.

- Балалар, біз өткен сабақта қандай тақырыппен таныстық? Біз өткен сабақта Астана қаласы туралы әңгімелеп, әдемі, үлкен ғимараттармен, көмекші есімдермен, жаңа сөздермен таныстық.

Ал бүгінгі сабағымызда «Семей қаласы» тақырыбымен танысып, көмекші есімдерді қайталаймыз. Енді бүгінгі күнді, сабақтың тақырыбын дәптерлеріңе жазыңдар.

-Балалар, бүгінгі сабақтың тақырыбы «Көмекші есімдердің Семей қаласы» болса, қалай ойлайсыңдар, сабақтың мақсаты қандай болады? Біз бүгін нені білеміз, нені үйренеміз?

II. Жаңа сабақ.

Сынып 3 топқа бөлінеді.

I топ – Тұлпар.

II топ – Сұңқар.


III топ – Қыран.

Топ басшылары сайланып, бағалау парағы беріледі, сабақ соңында топ басшылары топ мүшелерін бағалайды.

Сабақ Блум жүйесі негізінде жүреді.

I. Білім.

- Ой шақыру.



Оқушыларға Семей қаласы туралы мәлімет жинап келу берілген. Оқушылар слайдтар негізінде Семей қаласы туралы баяндайды (Слайдтар негізінде, №6-25).

Семей – Шығыс Қазақстан облысының ірі қалаларының бірі. 1718 жылы Семипалатная қамалы ретінде негізі қаланды. 1782 жылы қала мәртебесін иеленді. 1783 жылы Семипалатинск деп аталды. *1851 жылы қала гербі бекітілді: «Қалқанның көкшіл бетінде алтын тиелген түйе, оның үстінде күміс ай мен бесбұрышты жұлдыз. Қалқанның жоғары жағында қаланың алтын тәжі бейнеленген».*

XVI-XIX ғасырдың бірінші жартысында өткен сауда торабы. XIX ғасырда саяси жер аудару мекені болды.

*1997 жылы Шығыс Қазақстан облысының құрамына кіргізілді.*

*2007 жылғы Елбасы жарлығымен қала Семей атын иеленді.*

Семей 2781 мың га жерді алып жатыр, халқы 300 мың адам.

«Семей» деген сөздің өзі көне түркі тілінде «рухани орта» дегенді білдіреді.

Семей қаласы Ертіс өзені бойында орналасқан. Ертіс өзеніндегі жаңа аспалы көпір қала көркіне, мақтанышына, символына айналды. Жүздеген шақырымға созылған қарағайлы орман бар. Қалада орталық саябақ, балалар саябағы, балалар биологиялық орталығы, су бағы, жеңіс саябағы тұрғындар игілігіне қызмет етеді.

Қала аумағында бірнеше мұражай: тарихи-өлкетану мұражайы, Абайдың қорық мұражайы, Ф.М.Достоевскийдің мұражайы, Невзоровтар отбасы атындағы бейнелеу өнері мұражайлары жұмыс істейді.

Кинотеатрлар, кітапханалар, мәдениет үйлері, Жастар сарайы есігі көрермендерге айқара ашық. Қазақ және орыс театрлары халыққа рухани нәр береді.



Қалада 9 мешіт, 2 православ шіркеуі, тағы басқа діни орындар жұртты имандылыққа шақырады.

Еуразия құрлығының кіндігі болып табылатын Абайдың, Мұхтардың туған жері – Шыңғыстау. Онда Абайдың мұражай үйі, «Еңлік-Кебек» зираты, Еуразия кіндігі ескерткіші, Абай-Шәкәрім кесенелері бар.

Семей қаласында 20 жоғары оқу орны, 14 колледж, 5 кәсіптік-техникалық мектеп, 82 жалпы білім беретін мектеп жас ұрпаққа тәлім-тәрбие нұрын шашады. Қалада Шәкәрім, Қабанбай батыр, Абай, Мұхтар Әуезов ескерткіштері, Ауған соғысында қаза тапқан жауынгерлерге, ядролық сынақтардың құрбандарына арналған ескерткіштер патриотизмге баулиды.

Қазақ халқының көптеген ғалымдары мен өнер қайраткерлері Семей қаласында дүниеге келген. Ұлы ақын Абай Құнанбайұлы, ақын-философ Шәкәрім Құдайбердіұлы, академик-жазушы Мұхтар Әуезов. Өнер жұлдыздары: әнші Б.Төлегенова, Р.Рымбаева, ғалым Қ.Мұхамедханов, жазушы Р.Сейсенбаев, сазгер Б.Алибасов, айтыскер ақындарымыз С.Тоқтамысова, Р.Зайытовтардың Семейден шыққанын мақтан етеміз!

II. Түсіну (слайд №25).

- Бес жол өлең (инкуин): Семей.

1. Зат есім (1).
2. Сын есім (2).
3. Етістік (3).
4. Мақал-мәтел немесе сөйлем (1).
5. Синоним (1).

III. Қолдану (слайд №27).

«Кім жылдам?» (схемамен жұмыс).



I топ: театр.

II топ: мұражай.

III топ: автобус.

Схема негізінде осы сөздерді қатыстыра отырып бірнеше сөйлем құрайды.

- «Сөздер жарысы» ойыны (слайд №28).

Есім. Осы сөздің әр дыбысына көмекші есімді сөз тіркесін құрастыр:

Е -

С -

І -

М -


Сөз құрау, көмекші есімдерді қатыстырып сөз тіркесін құрау, сөз тіркесі негізінде сөйлемдер құрау.

IV. Талдау.

- Математикалық тәсілмен фонетикалық талдау: мұражай, ескерткіш, ғимарат.

V. Салыстыру: Венн диаграммасы (слайд №31)

Астана – Семей.



VI. Жинақтау.

Назгүл ЖАМПЕТОВА,  
Павлодар облысының  
Ақсу қаласындағы  
№4 жалпы орта білім  
беретін мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## МЕКТЕП АСХАНАСЫНДАҒЫ СӨЙЛЕСІМ

(8-сынып)

**Мақсаты:** тіл үйрену қабілеттерін арттыру, қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдай білу, ұғыну, түсіну, сөйлесе білу, айту дағдыларын меңгерту. **Міндеттері:** **білімділік** – өтіп жатқан тақырып бойынша оқушыларға жан-жақты мәлімет беру, түрлі тапсырмалар арқылы білімдерін бекіту, өзара сөйлесу негізінде оқушылардың шығармашылық қызметін ұйымдастыру; **дамытушылық** – оқушыларды қазақ тілінде жатық сөйлеуге дағдыландыру. Жеке тұлғаны дамыту, жалпы қабілеттілікті, еріктілікті дамыту; **тәрбиелік** – адамгершілік тәрбиесін беру, еңбекке баулу, этикеттік орамдарды арттырып, сыпайылыққа тәрбиелеу.

**Түрі:** жаңа сабақ. Сабақты өздігімен меңгеру. **Әдіс-тәсіл:** жеке, жұппен, топпен. **Оқыту формасы:** ауызша, практикалық. **Көрнекілігі:** мектеп асханасы, оқулық, ватман, түрлі фломастер.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі:** амандасу, оқушыларды түгелдеу.

**II. Үй жұмысын тексеру:** Мектеп асханасы жайында

- Ойтолғау.

Көмекші есімдерді қатыстыра отырып, «Болашақтағы менің қалам» атты тақырыпта шығарма жазу.

Кубизм стратегиясы: Семей, көмекші есімдер.

1. Суреттеңіз.
2. Салыстырыңыз.
3. Зерттеңіз.
4. Қолданыңыз.
5. Атаңыз.
6. Бағалаңыз.

**VII. Бағалау.** Топ басшылары бағалайды.

	I	II	III	IV	V	VI	VII	Баға
1								
2								
3								
4								
5								

**III. Үй тапсырмасын беру** (слайд №33).

Әдеби кітаптардан көмекші есімдері бар 5 сөйлем теріп жазып келу.

Үлгі:

Ол мені **үйдің артында** тосып тұр екен.

С.Бегалин.  
«Бала Шоқан»,  
54-бет.

**IV. Қоштасу.** «Менің қалам – Семейім» атты ән орындалады.

баяндау.

**III. Жан-жақты тексеру:** Сұрақтар арқылы тақырыпқа шығу. Әр оқушының сабаққа мақсат қоюы.

**IV. Жаңа сабаққа енгізу:** Сабақтың мақсатымен таныстыру.

Көрнекілігі: мектеп асханасы, оқулық, ватман, түрлі фломастер.

**V. Жаңа сабақ.**

**1-тапсырма.** Бекет арқылы жол бағыты.

1-бекет: Сынып бекеті. Оқушылар 2 топқа бөлінеді.

*Топқа бөліну:* 2 жұмысшылар бригадасы.

2-бекет: Асхана бекеті. Асханадағы жағдаят (мәзірді қолдану).

**2-тапсырма:** Даяшымен диалог құру, асқа тапсырыс беру. Даяшылар аспазшылардан ас алып, дастархан жаяды.

3-бекет: Сынып бекеті.

**3-тапсырма.** Шығармашылық топ жұмыс: Болашақ асхананың жобасын ватманға салып, тендер ұтып алу.

**4-тапсырма.** Жобаларын қорғау.

**VI. Сабақты қорытындылау:** Не білдік? Неге үйрендік? Мақсатқа жеттік пе?

**VII. Үй жұмысы:** I деңгей. Астың пайдасы туралы мақал-мәтел жаптау.

II деңгей. Анаңның дәмді жасайтын тағамы туралы шағын әңгіме жаз.

III деңгей. «Болашақ асхана» тақырыбына шағын шығарма жазу.

**VIII. Бағалау:** оқушылар мұғалімнің көмегімен әр оқушыға дәлелдей отыра, баға қояды.

Гүлсима АХМЕТОВА,  
Павлодар облысының  
Ақсу қаласындағы  
№4 жалпы орта білім  
беретін мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## МАҚАЛҒА БАЙ СЫЙЛЫҚТАР

(7-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** оқушылардың арасында жағымды қарым-қатынас орнату, бір-бірін сыйлауға, адал дос болуға және қоршаған ортамен дос болуға үйрету, коммуникативті өрісті дамыту.

**Міндеті:** 1) адам қарым-қатынасындағы достық, сыйластық ұғымы туралы түсінік беру; 2) оқушылардың арасында достық сезімдерін дамытуға ықпал ету; 3) оқушыларды сыйластыққа, әдептілікке, ұйымшылдыққа, адалдыққа тәрбиелеу.

**Типі:** біліктер мен дағдыларды қалыптастыру. **Әдісі:** практикалық әдіс, тренинг. **Оқыту құралдары:** сөйлеу тілі, жазу, белсенді тақта, сурет, сыйлықтар. **Оқыту түрі:** топпен.

Сабақтың барысы:

I. Сәлемдесу:

- Балалар, келіндер, біздің сүйікті шеңберімізде тұрып бір-бірімізбен амандасайық (Мұғалім шеңбер ортасында тұрып айтады, ал шеңбер құрған оқушылар қайталайды).

Оқушылар хормен:

Амансың ба, алтын Күн!

Амансың ба, көк Аспан!

Амансың ба, Жер-ана!  
Амансың ба, достарым!  
Сіздерді көрсем қуанам!

II. Шаттық шеңбері.

- Балалар, бәріміз бүгінгі сабағымыз тиімді өту үшін, жақсы көңіл-күй, тиімді де нәтижелі жұмыс істеу үшін сыйлық ретінде тілектерімізді бір-бірімізге білдіріп, сый тартайық.

Мұғалім: - Балалар, шеңберде тұрып, бүгін бір-бірімізге не сыйладық?

Оқушы: - Сыйлық.

Мұғалім: - Сонымен, біз сабақта қандай тақырыпты бекітіп, тренинг өткіземіз, тренингті бастамай тұрып, мына ережелермен танысып өтейік (белсенді тақтада жазылып тұрады).

1. Бір-біріне сыйлық беру;
2. Ұзақ уақыт сөйлемей;
3. Ұйымшыл болу.

Мұғалім топқа бөліп, тақтадағы слайдты көрсетеді.

**- Балалар, біз сыйлықтарды қандай мерекеде алғанды ұнатамыз?**

Оқушы: - Туған күнімізге.

Мұғалім: - Ал, енді туған күнің қай мезгілде болады, сондай топқа бөлінеміз:

**1-топ: Көктем-Жаз.**

**2-топ: Күз-Қыс.**

III. Кел, ойланайық, пікірлесейік. «Үндемес» ойынын өткізу.

1-топқа тапсырма: Берілген бір параққа әр оқушы «Сыйлықты сыйлау» эпизодын үндемей суреттейді. Салған жеке-жеке суреттерін бір эпизод қылып қорғау керек.

2-топқа тапсырма: Берілген бір параққа ең қымбат сыйды кімге арнайды, соны суреттеу. Салған суреттеріне топ болып сценарий жазып, көрініс көрсету.

**IV. Мәтінмен жұмыс. «Ойды жалғастыр», миға шабуыл.**

#### **Мұраттың сыйлығы**

Апасы Мұратты дүкенге жұмсады. Ол келе жатып, шөп үстінде мияулап жатқан мысықтың баласын көрді. Ол «өзі қандай сүйкімді» деп ойлады.

Мұрат мысықты үйге алып келді. Жылы жерде сүтке тойған мысық ұйқыға кетті.

Мұраттың досы Бақыттың туған күні еді. Мұрат досына аппақ мысығын сыйлауды ұйғарды. Өйткені досы үй құстары, үй жануарларын жақсы көретін. Бақыт Мұраттың сыйлығына өте қуанып қалды.

Тапсырма:

1-топ Мұраттың қылығын жақтайды, дәлелдейді.

2-топ Мұраттың қылығын теріске шығарады, дәлелдейді.

**V. «Сыйластық. Бірлік. Достық. «Құрмет» үйін салу.**

- Балалар, достар мен туыстардың арасында сыйластық, бірлік, достық, құрмет болу үшін үлкен үй салуымыз керек. Сол үлкен үйді бәріміз бірігіп салып көрейік.

1. Ел бірлігі – ел теңдігі. В единстве народа – его свобода.

2. Бірлік болмай тірлік болмас. Без единства жизни нет.

3. Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді. Единство и счастье едины.

4. Бірлігі жоқ ел тозады, Бірлігі күшті ел озады. Народ, не знающий единства, с нуждой дружит; Народ сильный единством со счастьем дружит.

Шәрбан САПАРҒАЛИҚЫЗЫ,  
Павлодар қаласындағы  
№27 орта мектептің  
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.  
Гүлмира САҒЫНТАЙҚЫЗЫ,  
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.

## МӘТІН АРҚЫЛЫ ГРАММАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРҒАН АСТАНА

(6-класс)

**Цели урока:** 1) образовательная: создать условия для расширения общего кругозора учащихся об Астане для обогащения словарного запаса. Повысить уровень грамматических и лексических знаний через работу с текстом; 2) развивающая: развитие познавательной деятельности, развитие речи на английском и казахском языках и умение работать в группе; 3) воспитательная: воспитание чувства патриотизма, любви к Родине.  
**Вид урока:** усвоение новых знаний. **Тип урока:** интегрированный с использованием интерактивной доски. **Формы работы:** индивидуальная, групповая, фронтальная. **Методы:** объяснительно-иллюстративный, наглядный, коммуникативный, игровой. **Наглядные пособия:** интерактивная доска, слайды, таблицы, оценочные листы, «Волшебный сундучок».

**Ход урока:**

**I. Организационно-мотивационный этап: 2 мин.**

- Сәлеметсіңдер ме, балалар!

5. Бірлікті ел бұзылмас. Единство народа все беды отводит.

6. Жұмыла көтерген жүк жеңіл. Легка ноша поднятая сообща.

7. Саусақ бірікпей, ине ілікпейді. Пока пальцы не сойдутся и иголку не ухватишь.

8. Ынтымақ болмай іс оңбас. Без единства ни в одном деле толку нет.

9. Сыйласаң, сыйлы боласың. Если будешь уважать, будешь уважаемым.

### VI. Тыныштық сәті.

- *Балалар, орындарымызға емін-еркін жайғаса отырыңыздар.* Енді көзімізді жұмып, әркім өзінің сыйлықты арнаған досын көз алдына елестетіп, оның жақсы қасиеттері туралы ойлаймыз.

- *Балалар, ойлап болсақ, көзімізді ашайық.* Параққа аты-жөнімізді жазып, ойлаған досымыздың есімін жазайық.

### VII. Дәйек сөз.

- *Енді, балалар, бүгінгі тақырыбымызға сай мына дәйек сөзді жаттап, дәптерімізге жазып алайық: «Сыйласаң, сыйлы боласың».*

### VIII. «Жүректен – жүрекке». Жылы лебіз білдіру.

- *Балалар, шаттық шеңберіне келе қойыңдар.* Енді қасымыздағы адамға жүрегіміздегі жақсы да жылы лебізімізді білдірейік. Мұғалімдерге жүрекке жылы сөздер жазып беру.

### IX. Қорытынды.

### X. Үйге тапсырма.

- Good morning, class! Glad to see you! How are you? Who is absent?

Проверка домашнего задания: **3 мин.**

Your homework was to write 5 sentences in English and Kazakh about your town.

## II. Оперативно-познавательный этап: 30 мин.

Выход на новую тему с помощью слайдов «Достопримечательности Астаны».

- Ал, енді, балалар, назарларыңызды тактаға аударындар! Сұрақ қою:

1) Бұл не? т.б. (слайд 1-9).

«АСТАНА.»

- Балалар, бүгін біздің сабағымыз 3 тілде өтеді, себебі біздің сабағымызға ағылшын балалары келіпті. Олардың келу мақсаты – Қазақстанмен танысып, біздің астанамыз туралы білімдерін кеңейткілері келеді, ал сендер ағылшын тілінде білімдерінді толықтырып, тілдерінді жаттықтырасындар.

Раздаются тексты на английском и казахском языках, группа «English» получает текст на казахском языке, группа «Қазақстандықтар» текст на английском языке. Каждое задание по тексту оценивается по пятибальной системе с помощью заполнения оценочного листа. Ол үшін «Астана» мәтінімен танысып, білімімізді толықтырамыз.

### Работа с текстом «Астана» (слайд 11).

1) Составить по 5 предложений с новыми словами. (слайд-10, индив. работа).

Цель: обогащение словарного запаса и умение соблюдать порядок слов в предложении.

2) Прочитать выразительно текст и перевести (групповая работа).

Игра «Волшебный сундучок». (Каждый ученик пишет один вопрос к тексту и кладет в «волшебный сундучок», учитель перемешивает вопросы, затем каждый достает любой вопрос на казахском или английском языке и отвечает на него), (фронт. работа).

Пересказ текста на двух языках (индив. работа).

**Релаксация:** Мир в тебе, мир во мне, мир везде. **2 мин.**

Счастье в тебе, счастье во мне, счастье везде. Любовь в тебе, любовь во мне, любовь везде.

Бейбітшілік менде, бейбітшілік сенде, бейбітшілік барлық жерде. Бақыт менде, бақыт сенде, бақыт барлық жерде.

Махаббат менде, махаббат сенде, махаббат барлық жерде.

Peace for me, peace for you, peace everywhere.

Happieness for me, happieness for you, happieness everywhere.

Love for me, love for you, love everywhere.

5) Грамматическое задание.

а) Мәтіндегі егістіктерді теріп жаз.

ә) Выписать исчисляемые и неисчисляемые существительные.

## III. Подведение итогов по оценочным листам. 2 мин.

## IV. Рефлексия: (работа по интерактивной доске, слайд 12), 3 мин.

А теперь посмотрим на доску и проверим как вы усвоили новую тему. Сөйлемнің дұрыс, бұрыстығын айыру.

Сөйлем	Дұрыс / True	Бұрыс / False
Астана Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан.		
Our capital is the young city.		

Астананың символы - Атамекен.		
We can see many interesting places there.		
Астана зәулім ғимараттарымен танымал емес.		
There is only one popular building in Astana.		
Астана күннен-күнге гүлденбейді.		

**Домашнее задание: (слайд 13).**

Выполнить разноуровневые задания: **2 мин.**

1-уровень: Написать сочинение на тему «Астана».

2-уровень: Составить кроссворд, ключевое слово «Capital».

3-уровень: Составить 5 предложений.

Үй жұмысы: Деңгейлік тапсырмаларды орындау. **2 мин.**

1-деңгей: «Астана – біздің болашағымыз» тақырыбына шығарма жазып келу. 2-деңгей: «Астана» тақырыбына екі сөйлем құрастыру.

3-деңгей: Жаңа сөздермен сөз тіркесін құрастыру.

**Астана.**

Астана – Қазақстанның бас қаласы. Ол Қазақстанның орталығында, Есіл өзенінде орналасқан. Астана – қазіргі кезде ең сұлу, жас қала. Астананың символы – Бәйтерек. Бәйтерек – әсем, биік ғимарат.

Астана зәулім ғимараттарымен танымал. Белгілі ғимараттар – Атамекен, Ақ Орда, Думан, Конгресс холл, Жастар сарайы, т.б. Астананың болашағы зор. Астана күннен-күнге гүлденуде.

Жаңа сөздер:

Орталық – центр – centre;

Ғимарат – здание – building;

Зәулім – высотный – high;

Танымал, белгілі – известный – famous;

Болашақ – будущее – future;

Зор – огромный – great;

Гүлдену – процветать – prosper.

Astana.

Astana is the capital of Kazakhstan. It's in the central part of Kazakhstan, on the river Esil. It has a population of over six thousand people. Astana is the most beautiful and young city. Astana is famous for its modern buildings. The popular of them are Baiterek, Atameken, Ak Orda, Duman, Congress Hall.

Astana also has a problem with traffic. There are many cars on the streets. That's why the city is noisy and crowded.

**Бағалау парағы**

№	Оқушылардың аты-жөні	1-тап. Сөйлем құрастыру: 5-6с.-5б. 3-4с.-3б. 1-2с.-1б.	2-тап. Мәтінді мәннерлеп оқып, аудару. Қате жоқ - 5б. 1кате-4б. 2кате-3б. 3кате -2б. 4кате-1б. 5-тен жоғары - 0б.	3-тап. Сұрақ құрастыру: 5с.-5б. 4с.-4б. 3с.-3б. 2с.-2б. 1с.-1б.	4-тап. Мазмұнд. Мұғалім бағалайды.	5-тап. Грам. жаттығу. Қате жоқ-5б. 1кате-4б. 2кате-3б. 3кате-2б. 4кате-1б. 5-тен жоғары-0	Барлығы
1	Вальчук А.						
2	Данилеску С.						
3	Есмуханов Е.						
4	Епифанова Д.						
5	Жарова Т.						

Алмаш ОТАРБАЕВА,  
Кенжегүл ҚАШҚЫНБАЕВА,  
Шығыс Қазақстан облысының  
Риддер қаласындағы  
№3 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімдері.

## «ҚИЫЛҒАН ҚЫЗҒАЛДАҚ» ТАҚЫРЫБЫН АШҚАН ТІЛ БАЙЛЫҒЫ

*(сахналық қойылым)*

*(Қойылымның сценарийі Асқар Алтысбаевтың «Қиылған қызғалдақ» әңгімесінің желісімен жазылған).*

**Мақсаты:** оқушыларға 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының болу себептерін және тәуелсіздіктің қадір-қасиетін түсіндіру; **Міндеті:** Отан-Ананы құрметтеу, тәуелсіздікті бағалай білуге, ұлтжанды, елжанды болуға, елінің тәуелсіздігі жолында күрескен ерлердің қаһармандығы мен күрескерлік ерліктерін әрдайым есте ұстауға, үлгі ете білуге үйрету, оқушының ойын жеткізе білуі мен тіл байлығын дамыту, өлеңді мәнерлеп оқу, сөз әуезділігін, дикциясы мен интонациясын дамыту, ой еркіндігіне, зерделілікке баулу, белсенділігін арттыру. **Көрнекілігі:** интерактивті тақтада желтоқсан қаһармандарының суреттері (Қайрат, Ләззат, Сәбира, Ербол), тақырып желісі бойынша слайдтар, ұран жазылған плакаттар.

Қысқаша мазмұны: 1986 жылы 16 желтоқсанда өткен пленум шешіміне көңілі толмаған халықтың жүрегінде

наразылық ұшқынын тудырады. Жастар алаңға шығады. Шеруді қуғындау басталады. Бұл қасіретті күн – Қайрат, Қайыргелді, Сәбира, Ләззат, Ербол сынды жүздеген, мыңдаған қыршындарды қиып түскен озбырлық күні, өктемдік күні. Аңғал сеніммен алаңға шыққан бейкүнә жастардың ішінде өзіміздің жерлесіміз, Тарбағатай ауданы, Ақмектеп ауылынан, Өскемен педагогикалық училищесінің 2-курс студенті Сәбира Мұхамеджанова да желтоқсан құрбаны болып кете барды.

Жоспар:

1. Алаңда.
2. Жиналыс (құйынға түскен ғұмыр).
3. Он алты-ақ жаста еді.
4. Ерлікке тағзым.

Сырттан бір топ бала жүгіріп кіреді.

Бір бала: - «Алаңға жүріндер, жиналыс болып жатыр!» - деп айқайлайды.

Топырлап, алаңға бара жатқан жастар, арасында не болып жатқанынан хабарсыздары да бар, ештеңеге түсінбеген қалпы «Не болып қалды?» - десе, екінші біреулері: - «Қонаевты орынынан алып тастапты», «Колбинді қойыпты», «Мәскеуден», - деп жүгіре түсіндіріп бара жатыр.

Сахнаға шыққан соң бір оқушы:

- Әр халықты өз ұлт өкілі басқаруы керек!

2-оқушы: - Қазақстаннан адам табылмады ма?!

3-оқушы: - Қонаевты шақырындар, шықсын ортаға, түсіндірсін барлық жағдайды!

4-оқушы: - Талап-тілегімізді айтамыз!

5-оқушы: - Қазақстанға басқа жерден басшы әкелгені несі?!

Осы дауыстарды қолдарында «Әр халықтың өз көсемі болу керек!», «Қазақ ежелден еркіндік аңсаған!» деген



транспоранттары бар жастар «Иә!», «Дұрыс!», «Шықсын ортаға!», «Шақырыңдар!», «Қонаев, Қонаев!» деген сөздерімен қолдап тұрады. Осы кезде жастар теңселіп тұрып ерекше бір шабытпен «Менің Қазақстаным» әнін тамаша орындайды.

**Әскери адам:** - Первая рота! Слушайте мою команду! Производится операция «Құйын», Немедленно разогнать экстремистов и хулиганов! Первая рота за мной!

(Сырттан қаруланған әскери адамдар баса-көктеп кіріп, алаңдағы жастарды ұрып-соға бастайды). Шеруді қуғындау кезінде қаралы музыка – «Елім-ай» баяу ойналып, интерактивті тақтадан еліміздің Сталиндік репрессияға ұшыраған А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаевтан бастап 1986 жылғы 16 желтоқсан оқиғасына дейінгі көріністер көрсетіліп тұрады.

**Жүргізуші:** - 1986 жылғы Алматы оқиғасы ауыл үйдің әңгімесі емес, дүмпуі алты құрлықты аралап кеткен, жеңіп алған демократиясымен салыстырғанда құрбандығы он есе, бәлкім, жүз есе қымбатқа түскен, қымбаттығы себепті бүтін бір ұлыстың жанына салған жарақаты ауық-ауық алдынан шығып, ақырғы бір ышқынысқа келгенде Тайбурылдың қырық үш кемдігіндей кетіліп кеткенін сездіре беретін ғаламат оқиғаның бірі болды. Сол бір ызғары ерте түскен қыс күндерінде, тоқырау тажалының табанында аяусыз тапталған ар-намыстың ышқынған дауысы құлағымызда әлі де шыңылдап тұрғандай. Сол дауыстардың арасынан он екіде бір гүлі ашылмай кеткен қызғалдағымыз, Сәбира, сенің де нәзік үнің талып естіледі. 16-желтоқсан. Бұл – ерлік пен өрлік, қайғы мен қасірет мидай араласқан әрі жарқын, әрі қасіретті күн еді. Бұл – қасіретті күн Қайрат, Қайыргелді, Түгелбай, Сәбира, Ербол, Ләззат сынды жүздеген, мыңдаған қыршындардың қанатын қиып түскен озбырлық күні, өктемдік күні еді.

Жатақхана бөлмесі. Бөлмеде Сәбираның шешесі ауылдан келіп отыр. Сырттан Сәбира кіреді:

- Апа, амансыз ба?! Денсаулығыңыз қалай? Халіңіз қалай? (құшақтап, бетінен сүйеді).

**Шешесі:**- Аманмын, қарағым! Өзің қалайсың? (қызын құшақтап жылайды). Оқуыңнан бір қағаз алдым, шақырып жатыр деген соң келіп қалдым.

Сырттан бір бала кіріп:-Сіздерді жиналысқа шақырып жатыр, - дейді.

Сол кезде Сәбира шешесіне жалт қарап: - Мені 10-сыныпқа қабылдай ма?

**Шешесі:** - Иә, қызым, қабылдайды. Жүр жиналысқа барайық.

Жиналыс өтіп жатқан бөлме, мұғалімдер, ата-аналар отыр.

**Мұғалім:** - Сәбира, барлық қыздар үшін өзім жауап беремін деп едің ғой. Соны мына кісілерге қайталап айтшы.

**Сәбира:** - Алаңға мен бастап апарған жоқпын. Әркім өз еркімен барған.

**Мұғалім:** - Ә, солай ма, басқаша сайрап қалдың ба? Бастаған сенсің, се – е – енсің!

**Сәбира:** - Ме – е – ен, мен бе?! Мұны қалай айтып тұрсыз?! Мүмкін емес! (жылап жібереді).

**Шешесі:** - Не деп тұрсыз, менің сүт кенжем өзімнен де ауыр сөз естіп көрген жоқ.

**Мұғалім:** - Иә, солай ма?! Енді бұлардың мәселесін директор шешеді. (сыртқа шығып кетеді, артынан Сәбираның жүгіріп шығып кеткенін ешкім байқамай қалады).

Жатақхана бөлмесі. Бөлмеде Сәбираның құрбысы отыр. Жылаған қалпы Сәбира жүгіріп келеді.

**Құрбысы:** - Не болды, Сәбира?

**Сәбира:** - Ештеңе де болған жоқ.

**Құрбысы:** - Апаң қайда? Не болды, айтсаңшы?

**Сәбира:** - Өзім де соны қарағалы тұрмын.

Ол терезеге секіріп шығады. Ащы шыңғырған дауыс шығады.

**Құрбысы:** - Қыздар, қыздар, Сәбира секіріп кетті, - деп сыртқа жүгіріп шығады.

Жиналыс болып жатқан бөлме. Бөлмеге хабарлаушы бала жүгіріп кіріп:

- Апай, апай, Сәбира бесінші қабаттан секіріп құлап, өліп қалды,- дейді.

**Шешесі:** - Қызым-ау, сүт кенжем-ау, бұл не істегенің? Не жазығың бар еді?!... Өлтірді ғой ... өлтірді!

Біраздан соң орынынан тұрып, Сәбираға арнаған жоқтауын айтады.

Айналайын Сәбирам,  
Адал жанға ары – иман.  
Не айтсам екен халқыңа,  
Даласындай далиған.  
Төгілді ме қан бекер,  
Қиылды ма жан бекер?!  
Қазаққа да еркіндік  
Тиетін күн бар ма екен?!  
Өтеміз бе, қарағым,  
Еркіндікке жарымай,  
Өжет едің, өткір ең,  
Жалтақтығың жоқ, білем,  
Өзің салған ақ жолда  
Жайқалар ма көк түмен?!  
Өжет едің, өткір ең,  
Жалтақтығың жоқ, білем,  
Қыршын кеткен сен үшін  
Кек алар ма көк түмен?!

Классный час

Шолпан ТАБЫНБАЕВА,  
учитель гимназии № 79.  
г.Алматы.

## КУЛЬТУРА И БЫТ КАЗАХСКОГО НАРОДА

*(Продолжение. Начало в №10, 2012 г.)*

Новоселам говорят: *«Қоныс құтты болсын!»* («С новосельем!»).

У путника не спрашивают: *«Қайда барасыз?»* («Куда направляетесь?»), следует говорить: *«Жол болсын!»* («Счастливого пути!»), *«Жолдасың Қыдыр болсын!»* («Пусть сопровождает Кыдыр-добрый дух из преданий!»), *«Сапар сәтті болсын!»* («Счастливого пути!»). На что отвечают: *«Солай болсын!»* («Пусть будет так!»). При желании путник может рассказать о своем пути.

Приобретая какую-либо вещь следует говорить: *«Игілігіңе тұтын»* («Пользуйся на благо»).

При покупке одежды говорят: *«Киімің тозық, жаның берік болсын»* («Пусть одежда изнашивается, а сам будь крепким»).

При забое скота на зиму (*соғым*) говорят: *«Бұйыртып жегізісін»* («Пусть идет в пользу»).

На новолуние дают благословение: *«Ай көрдім, аман көрдім, ескі ай есірке, жаңа ай жарылқа»* («Луну в здравии видел, - старолуние посочувствуй, в новолуние благодетельствуй»).

В первый гром желают: «*Жер көк болсын*», «*Ақ көп болсын*» («Пусть земля зеленеет», «Пусть молочное будет в изобилии»).

Во время окота произносят: «*Төл көбейсін*» («Большого приплода»).

Перегоняющим скот желают: «*Айдар көбейсін*» («Да приумножится перегон»).

Участникам скачки (бэйге): «*Шабар көбейсін*» («Да приумножатся скакуны»).

Земледельцам желают: «*Бір дәнің мың дән болсын*» («Пусть одно зернышко станет тысячей»).

Соблюдающим пост говорят: «*Оразаң қабыл болсын*» («Удачного вам поста»).

Если при человеке, держащем пост, кто-то сквернословит, то следует напомнить: «*Менің ауызым берік еді*» - «Я пощусь».

При чихании человека говорят: «*Жәрәкімалла*» (арабск. «Будь здоров»).

При захлебывании: «*Майқан*» (здесь: пусть тебя угостят вкусным).

Заболевшему, справляясь о его здоровье, желают: «*Тез сауығыңыз!*» («Быстро вам выздоровления!», «*Дертіңе ишпа берсін*» - «Желаю тебе исцеления»). В вечернее время не справляются о здоровье больного.

При утрате имущества, скота сочувствие выражают словами: «*Қайырлы шығын болсын*» («Да восполнится утрата»).

Семье, в которой появился новорожденный, желают: «*Бауы берік, өмірі ұзақ болсын!*» («Пусть будет долгим его жизненный путь!»).

Родителям усопшего ребенка соболезнуют: «*Қияметке шапағатшы болсын*» («Пусть будет заступником на том

свете»).

При усопшем взрослом человеке, проводя ладонями по своему лицу, говорят: «*Иманды болсын*» («Да будет вера с тобой»).

Говоря плохие слова про усопшего, изрекают: «*Жер хабар бермесін*» («Пусть земля не передает сказанное»).

Человека в гневе успокаивают: «*Бір ашуыңызды маған беріңіз*» («Уступи мне свой гнев»).

Дерущихся людей разнимают словами: «*Араша, араша!*» (Да будет вам!). Дающим ритуальный обед (*құдайы*) говорят: «*Құдайы қабыл болсын*» (Пусть бог одобрит жертвоприношение).

Помогающим в каком-либо деле с благодарностью желают: «*Бақытты бол!*» («Будь счастливым!»), «*Өмірің ұзақ болсын!*» («Долгих лет жизни!»). Благодарность выражают словом *рахмет* (спасибо).

Во избежание сглаза следует говорить: *тіл ауызым тасқа* (типун тебе на язык), *тіпә-тіпә* (тьфу-тьфу).

Если младенец кашляет, проклинают кашель словами: «*О, тасқа тигір!*» («Стукнуться тебе о камень!»).

При достижении успехов и при исполнении желаний следует говорить: «*Е, Алла, бергеніңе шүкір, тәубе*» («О Аллах, благодарю тебя и довольствуюсь»).

### **Жизненные правила**

Браки между родственниками до седьмого колена не разрешаются, что способствует сохранению родственных отношений и обеспечивает здоровое поколение.

Раньше единственного сына не призывали на воинскую службу (на войну) в целях сохранения рода.

Только воспитанная, всеми уважаемая женщина имела честь перерезать пуповину новорожденного младенца.

Ребенок дочери (*жиен*) обязан уступить родственнику

матери (*нагашы*).

При пожарах, стихийных бедствиях и др. людям, лишившимся имущества, аулчане, родные и близкие обязаны оказать помощь. Сплоченность людей испытывается именно в таких ситуациях.

Место костра не перешагивают, а обходят.

Хозяином очага считается младший сын. Он и обязан содержать родителей. Женатых сыновей родители отделяют от родного очага, выделив им часть имущества. Люди не отказываются от участия в оказании коллективной помощи (*асар*). Радость и горе родственники разделяют вместе, оказывают помощь и поддержку друг другу.

Жить в мире и согласии с соседями - лучшее человеческое качество казахов. Национальная традиция обязывает каждого тесно общаться с близкими и родственниками.

Приглашать к себе в гости родственников, не отказываться от приглашения, не опаздывать - незыблемое правило для каждого казаха.

Здороваться с аксакалами, справляться о здоровье - человеческий долг каждого.

У казахов есть очень интересный обычай: на то место, где сидел батыр, акын, знаменитый певец или многоуважаемый человек, казахи сажали своих маленьких детей, чтобы малыши стали такими же. Казахи воду в долг не берут.

Девушка, вышедшая замуж, уезжая с женихом, не оборачивается.

Не употребляют в пищу голову и ноги птицы.

Уступают свое место жигит - девушке, молодой *палуан* (борец) - *палуану* в возрасте, молодой акын - старшему по возрасту акыну.

При подсчете людей и скота нельзя указывать на них пальцем, нужно брать в руки трость или палочку.

Указывать на человека пальцем неприлично.

Животных не бьют по голове, рогам, ногам.

### **Наставления**

Родителей не оскорбляют, не обижают, им не перечат. Просьбы родителей выполняют беспрекословно.

Замужней женщине, приехавшей к своим родственникам, все родственники, искренне радуясь, оказывают почести, это их обязанность.

### **Религиозные правила**

Свою религию не передают; предавших религию приговаривали к смертной казни. Про Аллаха и религию не сквернословят.

Проходя мимо кладбища, мусульмане проводят ладонями по лицу и читают молитву.

Мусульмане не держат Коран у ног.

Мусульманам запрещается употреблять в пищу свинину.

Четверг и пятница у казахов - священные дни. В эти дни нельзя сквернословить, нужно быть чистыми. Это знак уважения к религии. В эти дни читается Коран усопшим. Милостыню человеку другой религии подают левой рукой. Совершеннолетние обязаны читать намаз и держать пост (ораз).

Человек, читающий намаз, ни при каких обстоятельствах не должен прекращать чтение до его окончания.

При чтении Корана женщины не просто покрывают голову платком, а полностью прячут под него волосы.

Во время *айта* (религиозный праздник), *оразы* (пост), *Наурыза* (Новый год по восточному календарю) все обязаны вести себя достойно.

В мечети, в траурных процессиях не ведут разговоры про богатство.

Семья усопшего каждую неделю читает молитву.

В пятницу не стирают, чтобы не обидеть усопших.

Во время *айта* (религиозный праздник) по традиции поздравляют друг друга и опрятно одеваются.

По исламскому обычаю при ритуальном обряде запрещается смеяться, громко разговаривать.

*Айт* - праздник, священный день. В этот день все поздравляют друг друга.

На *курбан айт* запрещается приносить в жертву больное, хромое, слепое животное и лошадь.

Каждый мусульманин обязан иметь в доме Коран. Это уважение к вере. В сторону кладбища не указывают пальцем. При благопожелании говорят «аумин».

Посвящать молитву усопшим родителям, родственникам и посещать могилу - долг каждого из нас.

Некоторые люди (особенно крохоборы) перед кончиной мучаются. В таких случаях разбивают или ломают твердый предмет (посуду, нож и т. п.).

Самый тяжелый грех для мусульманина - употребление алкогольных напитков.

Ветхие, старые книги Корана, *хадисы*, непригодные для пользования, сжигают и пепел закапывают в укромное место.

Оставшийся после постройки могилы строительный материал не уносят домой - это плохая примета. С позволения хозяев его можно использовать для строительства другой могилы.

Во вторник не начинают строительство, какое-либо дело, не празднуют и не выезжают, так как в этот день недели Кабыл убил Абыла, поэтому вторник считается

кровавым днем.

К другой религии необходимо относиться с уважением.

При захоронении усопшего лопату не передают из рук в руки, а поднимают с земли.

Мусульмане не вмешиваются в дела, которые их не касаются.

Во время религиозных праздников не употребляют алкогольные напитки.

### **Сохранение традиций и обрядов**

Помнить предков до семи колен - святая обязанность мусульман. Не следует забывать традиции своих предков, их должен придерживаться каждый. Если за дастарханом находятся люди из другого рода, жуза, племени, то лучшие куски мяса, символизирующие почтение, преподносят им. Девушки всегда садятся выше снох.

Девушки имеют право занимать место выше, чем их старшие братья.

Почетное право укладывать ребенка первый раз в колыбель (бесик) достается свахе или уважаемой бабушке, матери. Колыбель очищают огнем.

Благопожелание дастархану выражает старший по возрасту гость или аксакал.

У прибывшего гостя не спрашивают: «Кто ты?», его усаживают на почетное место и угощают.

Прибывшие навестить своих родных или возвратившиеся в аул в первую очередь идут поздороваться со старейшинами аула.

Стоя не говорят о деле, его излагают сидя. Добычу уступают другу или делятся с ним.

Победители в соревнованиях и в словесных состязаниях свои призы преподносят старейшинам.

По традиции любое желание друга или близких

людей обязательно выполняют. Совершивших тяжкое преступление строго наказывают или изгоняют, вслед им бросают горсть песка.

Народ наказывал тех, кто нарушал традиции и обряды, таких людей обходили стороной.

В день, когда забивают скот на зиму, приглашают гостей. Подавать девушке голенной сустав - неприлично. Зятю подают грудинку.

В среду начинают большие дела, устраивают праздники. Старший брат отца тоже считается отцом. Коня не хлещут уздечкой. Помогающим в делах положен подарок.

За смотрины младенца, невесты, прибывшей в аул жениха, а также верблюжонка положен подарок (верблюжонок подвержен сглазу) и др.

Того, кто не знает традиций, обрядов и обычаев своего народа, не уважают.

### Здоровье

Если в доме кто-нибудь получил ожоги, то не смоят голову, ноги скота и не занимаются шитьем (по примете - могут ожоги не зажить). Также не стирают, чтобы не появились волдыри.

Человека, отравившегося пищей или угарным газом, перед закатом солнца преклоняют к земле и просят об его исцелении.

В вечернее время не справляются о здоровье больного.

Не остригают ногти (разве что сильно отросшие) у больного человека и не моют его до полного выздоровления.

При обострении болезни человека похлопывают легкими черной овцы.

Обычно не наступают на золу, на место старой стоянки, на могилу, в противном случае будут болеть ноги.

В присутствии больного не произносят слова «смерть», «могила», «гибель» и т.д. Роженица и беременная женщина ночью за водой не ходят.

При падении на землю, вставая, говорят: *ұшық-ұшық* (заклинание, запугивание болезни, чтобы не было последствий травмы).

Постель новобрачных пропитывают дымом арчи (чтобы у молодоженов здоровье было крепким).

Икающего упрекают: «Наверное, ел тайком».

При переломе пострадавшего угощают сваренными лытками скотины (барана, коровы) из сорока домов.

Кто гасит лампу, задувая огонь, становится забывчивым.

### Родственные узы

**Ағайын жұрт** - своя родня. Так называют самых близких родных до седьмого колена. Туыс - родные из одного рода и их потомки. *Ағайын* обязаны были жить бок о бок, в единстве, заботиться и поддерживать друг друга в трудные минуты.

Относящиеся к *ағайын жұрт* не имели права жениться друг на друге. Лишь представителям рода после седьмого колена разрешалось с благословения аксакалов и религиозных деятелей жениться и выходить замуж за членов своего рода. Эта традиция сохраняется и поныне.

Казахский народ считает своим долгом поддерживать родственные отношения с казахами, живущими и далеко от родных мест.

**Дед** (отец отца) - *ата*. Его уважительно называют *ақсақал*, сажают на почетное место, не переходят дорогу. *Ақсақал* - советчик, защитник всего аула. Молодежь обязана получить *бата* - благословение аксакала. Его слово - закон, он пример подрастающему поколению.

*Дед - главный критик сына.*

*От деда к сыну дело перейдет.*

*Народ со старцем - народ с благословением.*

**Прадед** - баба, ұлы ата. Если прадед дожил до ста лет, его весь род почитает как священного старца, стараясь во всем угодить. Ему уделяют столько же внимания, как и младенцам. *Тұп ата* - пращур, *тек ата* - прапращур.

♦ *Старец в ауле - как письмо потомкам.*

**Бабушка** (мать отца) - *әже*, считается матерью всего аула, беспокоится за всех. Она - хранительница народных традиций и обычаев, воспитательница подрастающего поколения, к ней обращаются за советом молодые девушки и снохи. Сын и сноха обязаны выполнить любую просьбу.

**Прабабушка** - *ұлы әже*.

*Морщины украшают бабушку.*

*Не говори, что бабушка стара.*

*Слова её - от недуга лекарство.*

**Мать** - *ана*. Казахский народ отводит матери особое место: она священна. Каждый сын и каждая дочь перед ней в неоплатном долгу. Дети обязаны уважать ее, ей нельзя перечить, ее нельзя обижать, нельзя не отвечать на ее просьбы.

*За еду берись, осмотрев посуду,*

*На девушке женись, узнав её мать.*

*Все внимание матери на дитя.*

*От отца переймешь героизм,*

*От матери переймешь теплоту.*

**Новорожденный ребенок (младенец)** - *нәресте (шарана)*. *Шақалақ* - недоношенный ребенок.

**Шестимесячный ребенок** - бөбек.

**Дети от 1 года до 5 лет** - сәби (букв, маленький ребенок, малыш). «Ребенок - цветок души, свет для глаз». Запах малыша вливает в душу человека нежность, блаженство,

наполняет сердце ярким светом. Слова его - мед, поступки - радость. Целуешь его - шәрбат.

**Қолқанат** (букв, помощник) - так старшие поощрительно называют малыша трех-четырёх лет, когда он исполняет просьбы «принеси», «отнеси» и т. д.

**5-6-летние дети** - *бүлдіршін*. Казахи называют детей этого возраста *ойын баласы* (букв, дитя игры), а их проказы - сладкими; ласково зовут своих детей *қозым* (козленочек мой), *құлыным* (жеребеночек мой), *ботам* (верблюжонок мой).

**Мальчик, девочка 7-10 лет** *балдырған* - помощники родителям, радость души и надежда.

**Молодежь** (молодое поколение, подрастающее поколение) - *жеткіншек, жасөспірім*.

**Подросток 12-13 лет** - *ұлан*.

В наше время курсантов часто называют уланами. Улан - символ молодости и крепкого духа.

**Юноша 14-16 лет** - *бозбала*. Именно в этом возрасте юноши взрослеют, заглядываются на девушек, прихорашиваются. В старину в этом возрасте юноши защищали свою землю. Этот возраст также называют *ержеткен*.

**Девушка 14-16 лет** - *бойжеткен* (букв, девушка на выданье). К ней все аулчане и родные относятся с особым вниманием и уважением.

**Родные и двоюродные братья и сестры** - *ағайындылар*.

**Внук, внучка** - *немере*. Часто у казахов первого внука воспитывают дедушка с бабушкой и считают его своим ребенком.

**Правнук, правнучка** - *шөбере*. Правнуки занимают особое место в жизни старейшин. По поверью, выпить глоток воды из ладошки правнука - значит, попасть в рай

на том свете.

### **Семь колен предков**

Казахи, воспитывая своих детей, обязательно рассказывают о предках до семи колен (*жеті ата*).

Родственники, как правило, жили в одном ауле. И в наше время есть *ру* (роды), которые живут на том же месте, где обитали когда-то их предки. У них свои земли, вода, пастбища. Они поддерживают друг друга в трудные моменты, вместе делят радость и горе, с детства учатся уважать родственников, жить в мире и согласии. Между ними не бывает распрей, споров, ссор, случаев барымта (угона скота). Каждый считает себя заступником и заботливо относится ко всем и ко всему. Отцы и матери воспитывают в своих детях дружелюбие, смелость, доброту и отзывчивость.

Казахский народ всегда глубоко осознавал важность и силу единства *жеті ата*.

Кого же относить к жеті ата?

Счет *жеті ата* начинают с себя и т.д.:

1. Я сам.

Отец.

Ата - дед.

Арғы ата - прадед.

Баба - прапрадед.

Түп ата - прапрапрадед.

Тек ата - пращур.

### **Скотоводство**

Основой хозяйства казахов-кочевников испокон веков являлось скотоводство. Скот был для казаха всем: транспортом, едой, одеждой, богатством. Для казаха самое ценное, священное животное - лошадь.

На коне казах кочевал, ездил на охоту, на войну. Батыр

считал своего коня верным другом. Во время празднеств устраивались скачки, на кон ставили целое состояние. Самых лучших лошадей называли *жорға* - иноходец, *сужорға* - безупречный иноходец.

Насколько казахи дорожили своими животными, можно судить по именам, которые они давали своим детям: *Ботакөз* (верблюжий глаз), *Жылқыайдар* (погонщик лошадей), *Түйебай* (*түйе* - верблюд, *бай* - богатый), *Қошқар* (племенной баран), *Қозы* (ягненок), *Серке* (козел - вожак отары), *Қойшыбай* (богатый чабан). К детям ласково обращались: *ботам* - мой верблюжонок, *құлыным* - жеребенок мой, *қошақаным* - мой ягненок. Животные, наряду с батырами и красавицами, описывались в эпосах, сказках.

Скот для казахов являлся основным источником всевозможных благ.

Из молока готовили разнообразные продукты. Из верблюжьего делали шубат, из кобыльего молока - кумыс, напитки очень полезные для здоровья. Из коровьего и овечьего молока делали айран, масло, творог, сушеный творог, курт, ежигей и т.д.

### **Три жуза**

У казахов есть три родоплеменных объединения (жуза).

**Старший жуз:** Ақарыс, родовой знак (тамға) - Ω (*подкова*), боевой клич - «*Бақтияр*».

**Средний жуз:** Жанарыс, родовой знак (тамға) - П (*порог*), боевой клич - «*Ақжол*».

**Младший жуз:** Бекарыс, родовой знак (тамға) - (стрела), боевой клич - «*Алдияр*».

Клич всех трех жузов - «Алаш».

**Что священно для казахов?**

**Атамекен, туған жер** - земля отцов, родная земля,



отчизна.

Родную землю называют также «золотая колыбель». У казахов существует обряд, по которому младенца или возвратившегося после долгой разлуки человека катают по земле для того, чтобы ребенок полюбил свою родину, а взрослый исцелился от недугов и тоски по ней.

**Священными считались те места, где жили предсказатели, батыры, знаменитые люди, бии и где были их могилы, мечети.** Люди специально ездили в такие места, веря в исцеление от болезней и в исполнение желаний.

#### **Значение цвета, символика**

Каждый цвет имеет свое значение и определенную символику.

**Жасыл түс** - зеленый цвет: символ обновления, расцвета.

**Көк түс** - синий цвет: символ процветания, хорошего настроения.

При благопожелании говорят: *көгер, көкте, көсегең көгерсін* - расти, расцветай.

Цвет флага Республики Казахстан связан с такой символикой.

**Ақ түс** - белый цвет: символ невинности, чистоты, честности.

**Қызыл түс** - красный цвет: символ горячей молодости, красоты, нежности и вежливости.

**Сары түс** - желтый цвет: символизирует переживание, печаль по родной земле или по кому-либо.

**Қара түс** - черный цвет: знак траура.

#### **Использованные литературы:**

1. Сейт Кенжеахметұлы. Быт и культура Казахского народа. А., «Алматыкітап», 2006, 384-с.

## Сыныптан тыс тәрбие

**Айгүл ХАСЕНОВА,**  
Павлодар облысының  
Ақсу қаласындағы  
№7 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## **«ӘЙ, ЖАРАЙСЫҢ!» САЙЫСЫ**

**Мақсаты:** тілдер мерекесінің мәні, ерекшелігі туралы түсінік беру, оқушылардың логикалық ой-өрісін, сөйлеу қабілеттерін дамыту, дүниетанымын кеңейту, оқушыларды халқын, өз туған жерін, елін, тілін құрметтеуге тәрбиелеу.

#### **Жүргізуші:**

- Ана тілім – қасиетті өз тілім,  
Тілім үшін шаттанамын мен бүгін.  
Өз тіліммен паш етемін өмірге  
Қазағымның ата салтын, дәстүрін.

Құрметті қонақтар, ұстаздар! Бүгін мектебімізде ұлттық салт-дәстүрімізге, мемлекеттік тілімізге байланысты «Әй, жарайсың!» атты сайыс өткелі тұр. Сайыс 5 кезеңнен тұрады:

1. Таныстыру;
2. Салт-дәстүр көрсету;

3. Ы.Алтынсарин әңгімелерінен көрініс;

4. Ұлттық ойын көрсету;

5. Жиренше шешен туралы аңыз әңгімелер.

Шалқытып мерекеде ән салайық,

Өнерпаз өрендерге тамсанайық.

Әділдік пен шындықты арқа тұтқан

Әділқазы алқасын таныстырайық. (Әділқазы алқасымен таныстыру).

Өнер-білім – тапқырлықтың тарланы,

Оқудағы сыныптастар мақтаны,

Өнерінді ортаға сал, сайыста

Өнер көрсет, құрбылармен жарыс та.

Енді топтарды ортаға шақырамыз. 1-топ - «Тапқырлар», 2-топ - «Ойшылдар».

**1-сайыс** – Таныстыру. Ортаға бірінші топты шақырамыз.

1-оқушы:

- Гүлденіп жалын атқан бүгін дала,

Даңқымен талай жылдар мен де келем.

Бүгінгі достық туын тіккен дара

«Ойшылдарға» «Тапқырлардан» мың бір сәлем!

2-оқушы:

- Білімді, оқу озаты сыныптағы

Талай қиын істерді құрықтады.

Сәбина, бұл алдыңда талай іс тұр,

Алдыңнан атсын дәйім үміт таңы.

3-оқушы:

- Ақсу қаласында туып-өскен,

Жасынан ана тілін сүйіп өскен.

Арман деген есімі қандай құтты,

Сүйсініп сұлулар көз тастағандай.

4-оқушы:

- Атыңнан айналайын Вика деген,

Сенің жақсы ісіңе баға берген.

Сыныбыңа бол қашан да ардақты,

Ақ жолыңнан талма, болғын салмақты.

5-оқушы:

- Әрқашанда таусылмайтын тағаты

Мәди жігіт - оқуының озаты.

Қиындықтан алып шығар жолдасын,

Биікте тұр кірленбеген таза аты.

2-топты сахна төріне шақырамыз.

1-оқушы:

- Достармыз бірге жүрген біз талайдан,

Бұл сайыста кездестік бір орайдан.

Сәлемінді, «Тапқырлар», қабыл алдық,

Біз де жауап береміз «Ойшылдардан».

2-оқушы:

- Бәрімізге қымбатты,

Жанарынан бал тамар.

Келбетті де сымбатты,

Әзиза, міне, ортада.

3-оқушы:

- Әзілді өзі қайнатқан,

Ақ көңілді Алмасжан.

Тамылжытып ән салған,

Өнерін гүлдей жайнатқан.

4-оқушы:

- Ақылы асқан Софья бар арамызда  
Көрік берген игі ісі санамызға.  
Мөлдіреген көздері оттай жанып,  
Айналды ол біз үшін дана қызға.

5-оқушы:

- Сүйсінген елі есті ерге  
Көмектесер қартына да.  
Қатысқан талай кештерге  
Саша тұр сахнада.

(1-сайыс қорытындысын әділ қазылар шешеді.)

**2-сайыс** – Салт-дәстүр көрсету.

Салт-дәстүрмен жараса,  
Қайта құрып жаңаша.  
Жарыста өнер көрсетіп,  
Шашайықшы ортаға.

1-топ «Тұсаукесу» салтын, 2-топ «Бесікке салу»  
салтын көрсетеді.

(Әділ қазылар 2-сайыстың қорытындысын  
шығарады.)

**3-сайыс** – Ыбырай Алтынсарин әңгімелерінен  
көрініс.

1-топ - «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», 2-топ -  
«Асыл шөп» әңгімесі.

(Әділ қазылар 3-сайыстың қорытындысын  
шығарады.)

Жүргізуші:

- Бағамыздың мұңысың сен, домбыра,  
Анамыздың сырысың сен, домбыра.

Қазағымның жүрегінен жаралған,  
Даламыздың үнісің сен, домбыра.

Күй. «Ерке сылқым».

**4-сайыс** – Ұлттық ойын көрсету.

Кел, балалар, ойлайық,

Ойлайық та, ойнайық, - демекші, 1-топ «Қыз қуу»,  
2-топ «Ханталапай» ойынын көрсетеді.

(Әділ қазылар 4-сайыстың қорытындысын  
шығарады.)

**5-сайыс** – Жиренше шешен туралы аңыз-әңгімелер.

1-топ – «Не тәтті?», 2-топ - «Азамат».

(Әділ қазылар 5-сайыстың қорытындысын  
шығарады.)

Жүргізуші:

- Ән салса, өзің таңқаларсың,  
Ән сөзін тоқсан тоғыз қайталарсың.

Осындай ән туғызған қазағымды  
Қалайша тар пейіл деп айта аларсың!  
Ән. «Домбыра».

Жүргізуші:

- Қазылар орнықтырар әділдікті,  
Кімдердің жауаптары кәміл шықты.  
Білім мен тапқырлықтың жарысында  
Жеңіске жетер дейміз нағыз мықты.

Жарыстың қорытындысын айтуға әділ қазыларға  
сөз береміз.

Жүргізуші:

- Құрметті қонақтар, ұстаздар, оқушылар! Осымен  
бүгінгі «Әй, жарайсың!» сайысы аяқталды. Қош сау  
болыңыздар!

Жібек САНСЫЗБАЕВА,  
№21 жалпы орта  
білім беретін мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Орал қаласы.

## XXI ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ

(7-сынып)

**Мақсаты:** оқушыларды туған Отанын, елін, жерін сүйуге, құрметтеуге тәрбиелеу. Қазақ тілінде сауатты сөйлеу мәдениетін дамыту, сөздік қорын байыту, отансүйгіштік сезімін ояту.

### 1-жүргізуші:

- Сәлем достар, аман ба?

Мына бейбіт заманда

Қуантамын бәріңді,

Білімдіден қалам ба?

Құрметті ұстаздар, оқушылар! Сіздер «Озық ойлы оқушы» атты сайысқа келіп отырсыздар!

Білім сайысын ашық деп жариялаймыз!

Ақыл – тон андағанға тозбайтұғын,

Білім – кен қанша болса азбайтұғын.

Қатарың озып шауып бара жатса,

Арқаның ауруы не қозбайтұғын,- деп Тұрмағанбет Ізтілеуов айтқандай, білім сайысына құлшынып тұрған білімді оқушыларымызды шақырамыз!

(Ортаға қатысушылар келеді):

1. «Сұңқар тобы».

2. «Талапкер».

3. «Жас талап».

4. «Жұлдыздар».

### 2-жүргізуші:

- Өнер менен білімде

Әркімнің өз жолы бар.

Сайысарлық бүгінде

Өзіндік менің үнім бар, - дегендей, білімпаз жастар өздерін таныстырып өтсін!

(Жеке-жеке топтар таныстырады).

1-жүргізуші:

- Әділ қазыға, ақ қазыға бер сәлем,

Әділдікке бас иеді күллі әлем!

Жүйрік озар сайыстарда неше бір,

Сарапқа сал, әділдікпен шеше біл, -дей отырып, әділқазылар алқасымен таныстырайық!

### 2- жүргізуші:

- Сайыстың өтілу барысын түсіндіру.

Сайыс 4 бөлімнен тұрады:

1-Бәйге.

2-Тіл-өнер.

3-Жеті жұмбақ.

(Бірінші бөлімнің шартын түсіндіру)

4-Тест сұрақтары бойынша жарыс,6 сұрақ беріледі.3 жауап бар,бір жауап – дұрыс.

- «Бәйге десе бұлқынбас жас болар ма?!» деп бірінші бөлім «Бәйгені» бастайық!

Ал, іске сәт!  
Сайыскерлеріміз тапсырманы орындағанша кезекті  
Байменова Нұргүлге берейік! (Ән).

### Тест

1. Ең бірінші бақытым-Халқым менің,  
... Ал екінші бақытым- Тілім менің.  
... Бақытым бар үшінші – Отан деген! Кімнің өлеңі?  
а) Мұқағали Мақатаев;  
ә) Бауыржан Момышұлы;  
б) Мұхтар Шаханов.
2. Ұлы Отан соғысына қатысып, Отанымызды  
жаудан қорғаған халық батыры кім?  
а) Сәбит Мұқанов;  
ә) Бауыржан Момышұлы;  
б) Бердібек Соқпақбаев.
3. Абай мен Ыбырайдың ізін жалғастырған ұлы  
ғалым, ақын, аудармашы кім?  
а) Мағжан Жұмабаев;  
ә) Сәбит Мұқанов;  
б) Ахмет Байтұрсынұлы.
4. Аяғы бар, басы бар,  
Арқалаған тасы бар.  
а) тасбақа;  
ә) бақа;  
б) көлбақа.
5. Өлеңмен жазылған шығарма?  
а) Әңгіме;  
ә) Поэма;  
б) Повесть.

### 1-жүргізуші:

- Кім жұмбаққа жүйрік екен?

«Тіл – өнерді» жалғастырайық!

Бұл бөлімнің шарты – жұмбақтың шешуін 3 тілде айту.

### 1-жүргізуші:

- Бүгін киген тоным бар,

Ертең болар қара тон.

Қара тоным аздан соң

Болып кетер ала тон.

(Жер, Земля, a arth)

### 2-жүргізуші:

- Үй үстінде ұсақ тас,

Ұстайын десем ұстатпас.

(Жұлдыз, звезда, a star)

### 1-жүргізуші:

- Құрғақ жерде сақтайсың,

Менсіз тамақ татпайсың.

(тұз, соль, a salt)

### 2-жүргізуші:

- Қабат-қабат қаптама,

Ақылың болса аттама.

(Кітап, книга, a book)

### 1-жүргізуші:

- Көрермендер көрімдігі ретінде «Мақал – сөздің мәйегі» деп көрермендерді жарыстырсақ. Осы жұмбақтың шешулерінен мақал- мәтел шығару қажет!

### 2-жүргізуші:

**III бөлім:** «Жеті жұмбақ» бөлімінің шарты: пәндер бойынша сұрақтарға жауап беру.

### Қазақ тілі:

1. Етістіктің райлары?
2. Синоним дегеніміз не?
3. Антоним дегеніміз не?
4. Сөз таптары нешеу?
5. Қазақ тілінде неше септік бар?  
(7)
6. Қазақ әліпбиінде неше әріп бар?  
(42)
7. Қазақ тілінде неше септік бар?  
(7)

### **1-жүргізуші:**

#### Биология:

1. Тірі организмдерге не жатады?  
(Өсімдіктер, жануарлар, т.б.)
2. Қызыл кітапқа тіркелген жануарлар?  
(Елік, суыр, арқар, т.б.)
3. Өсімдік қалай қоректенеді?  
(Оттегімен)
4. Жануар мен өсімдіктердің айырмашылығы?  
(жануарлар жүреді, өсімдіктер бір жерде өседі).
5. Қандай құстарды білесіңдер?
6. Тамырда қандай бөлімдер болады?  
(тамыр оймақшасы, өткізгіш, сору, т.б.)
7. Гүлдің құрылысын ата?  
(аналық, аталық, тос, т.б.)

### **2-жүргізуші:**

### Физика:

1. Пішіні мен формасын сақтайтын аққыш зат?  
(СУ).
2. Жылдамдық пен уақыт көбейтіндісі?  
(жол)  $S=V \cdot T$ .
3. Күнге ең жақын орналасқан планета?  
(Меркурий).
4. Ауа ылғалдылығын өлшейтін құрал?  
(психрометр).
5. Вольтметр тізбекке қалай жалғанады?  
(параллель).
6. Жарық жылдамдығының шамасы неге тең?  
(300000 км/сек.).
7. Координата жүйесін енгізген ғалым?  
(Дерорт).

### **1-жүргізуші:**

#### География:

1. Елордамыз қай өзеннің бойында орналасқан?  
(Есіл).
2. Перудің астанасы?  
(Лима).
3. Ақмола облысындағы қорық  
(Қорғалжын қорығы).
4. Дүние жүзіндегі ең үлкен бұғаз?  
(Мозамбик).
5. Ең биік сарқырама?  
(Анхель).
6. Су бетіндегі жүзіп жүретін мұз тау?  
(Айсберг).

## 2-жүргізуші:

Ақырғы «Жорға» бөлімін жалғастырайық.

1. Ең ащы көл –  
(Қарасор).
2. Көлікті күтетін жер –  
(Аялдама).
3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі –  
(Қазақ тілі).
4. Бөле деген кім?  
(Бір үйдің қыздарының балалары).
5. 3 биді ата?  
(Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би)
6. Құлагер кімнің аты?  
(Ақан сері).
7. Күрішті аймақ?  
(Қызылорда).
8. Республика күні?  
(25-қазан).
9. Қасиетті сан?  
(7).
10. Қазақстанның астанасы?  
(Астана).
11. Сөздің ең түпкі мағына беретін бөлшегі?  
(Түбір).
12. Жартылай тұщы, тұйық көл –  
(Балқаш).
13. Нағашы кімнің туысы?  
(Ананың ағасы).
14. Көмірлі аймақты астана?  
(Қарағанды).

15. Ең үлкен жануар?

(піл).

16. Аспанда қанша жұлдыз бар?

(саналмайды).

17. Тышқанның жауы?

(Мысық).

18. Ойды қалай, немен жеткіземіз?

(Сөйлеммен).

19. Наурыз көжеге неше тағам саламыз?

(7).

20. Карта жинағы?

(Атлас).

21. Құстың негізгі мекені?

(Ұя).

22. Зат есімнің сұрақтары?

(Кім? Не? Кімдер? Нелер?).

23. Елімнің қамқоры болған адамды не дейміз?

(Азамат).

24. Тілдің негізі не?

(Сөз).

## 1-жүргізуші:

- Шын жүйріктер сыналады жарыста,  
Жарыстың ба, орта жолда қалыспа.  
Әділ қазы бағалайды Сіздерді,  
Жеңіс-мәре жақын ба әлде алыс па?! - демекші,  
ендігі сөз кезегін әділқазыларға берейік!

Төрбек ЕРҒАБЫЛ,  
Ақтөбе облысының  
Махамбет ауданындағы  
«Таңдай» орта мектебінің  
оқушысы.

Нұрқанат ОЛЖАС,  
Қызылорда облысының  
№173 Ә.Молдағұлова атындағы  
орта мектептің  
9 “Б” сынып оқушысы.

## ТҰЛПАР МІНІП, ТУ ҰСТАП...

Қазақ қаны қылаң беріп қалама,  
Кейде өзгеріс енеді екен санаңа.  
Тұлпар мініп, көк ту алып қолыма,  
Құйғытып бір кеткім келер далаға.

О, қазағым, ақ жол бергін балана,  
Бақыт үшін әкелді оны әр ана.  
Мен де кірпіш боп қалармын бір жерге,  
Әзірше тек дәрменсіз деп санама.

Туған жерге борышымды өтермін,  
Арманыма талабыммен жетермін.  
Өз еліме қызмет қылам аянбай,  
Мәңгі атымды, мүмкін, жазып кетермін.

Тұлпар мініп, туымды алып қолыма,  
Достар жинап оңым менен сольыма,  
Туған жер деп, туған ел деп өтейін,  
О, тәңірім, бақыт тіле жолыма!

## АҚЫН РУХЫН МОЙЫНДАУ

Шәкәрім шындық жазған шыншыл ақын,  
Өлеңдері жан дүниеме болған жақын.  
Жазушы, аудармашы, тарихшы, ойшыл,  
Жазғанында жақсылық, толған нақыл.  
Абайдан алған екен мол тағылым,  
Жүрмеген жастайынан құр мақрұм.  
Үлгілі, өнегелі, ер мінезді,  
Үлкен ақын, ұғынсаң – өз жақының.

Шығармасы шырайлы Шығыс жақтың,  
Әсерімен жазыпты “Ләйлі-Мәжнүн”.  
Қажылыққа барған бір сапарында  
Оқыпты Стамбулдың кітаптарын.  
Фирдоуси, Низамиді, Физулиді,  
Бағалаған классик деп Науаиді.  
“Еңлік пен Кебекті” жазып сәтті,  
Абайдың тапсырысы болды игі.

Рух берген шығармасы болмас таса,  
Береді ақылыңа ақыл қоса.  
Өлеңдері мәңгілікке орын алар  
Абайдың өлеңімен қатарласа.



**Бас редакторы - Зернебек ШЛДЕБАЙҰЛЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –  
Казахский язык и литература в русской школе” –**  
ай сайын шығатын республикалық  
ғылыми-педагогикалық журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:**

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.**

**Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.**

**Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларын-  
дағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат  
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат  
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек  
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке  
қою туралы №1402-Ж Куәлігі берілген.

Басуға 01.11.2013 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 1090. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

**Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,**

**Гайдар көшесі, 123-үй.**

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru

Басылатын жері – ИП Асубаев С.Ш.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -  
Казахский язык и литература в русской школе»,  
№11, 2013 ж., 144 бет, Алматы.